Әскери білім – бұл әскери мамандарды даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау процесі. Әскери білім берудің негізгі мақсаты – әскерлерді (күштерді) білікті әскери



кадрлармен жасақтауды қамтамасыз ету. Әскери білім Бастауыш, орта, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білімді қамтиды. Бастапқы әскери білім. Біліктіліктің тиісті деңгейін талап ететін мамандықтар (кәсіптер) бойынша сарбаздардың, матростардың, сержанттардың, старшиналардың, прапорщиктердің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті білім мен дағдыларды игеру мақсаты бар. Орта әскери білім прапорщиктер мен офицерлер лауазымдарына орналасуға арналған орта буын әскери мамандарын даярлауды көздейді. Жоғары әскери білім бастапқы офицерлік лауазымдарға орналасу үшін офицерлерді (жоғары әскери – арнайы білімі бар) және ірі әскери ұжымдарды басқару саласындағы офицер мамандарды (жоғары әскери білімі бар) даярлауды қамтиды. Жоғары оқу орнынан кейінгі әскери білім жоғары білікті ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлауға бағытталған. Қосымша әскери білім беру әскери қызметшілердің біліктілігін үздіксіз арттыру және оларды қайта даярлау, жаңа кәсіптік функцияларды, қару-жарақ пен әскери техника үлгілерін игеру мақсатында жүргізіледі. Әскери білім, әдетте, білім беру мекемелерінде алынады, ол тиісті құжатпен (куәлік, диплом) куәландырылады.

Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында ол: "біз – егеменді мемлекетпіз және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері ішкі және сыртқы саясатты қалыптастырудың жалпы құрылымының іргетасы болуға тиіс. Сондықтан бізге ең заманауи қарумен жабдықталған, жоғары ұтқырлыққа ие, оқытылған, егемендігімізді қорғау мүддесі үшін кез-келген жағдайда әрекет етуге дайындалған заманауи армия қажет. Мұндай армияны тарихи тәжірибеге және әскери құрылыстың қазіргі заманғы көзқарастарына негізделген іргелі ғылыми негізге ие бола отырып құруға болады".

Қазақстанның Қарулы Күштерін реформалау бағдарламасын іске асырудағы әскери ғылымның рөл іосылай айқындалды. Әскери білім беру жүйесіне ескі көзқараспен сәттілікке сену қиын екені түсінікті, сондықтан қазіргі уақытта оның терминдеріне егжей-тегжейлі ғылыми талдау жүргізілуде, әскери білім беруді реформалау тұжырымдамасының жобасы әзірленуде. Мақсат – оны әскери кадрлардың кәсібилігі мен жалпы мәдениетін түбегейлі арттыруды қамтамасыз ететін сапалы жаңа деңгейге көтеру. Әскери білімнің жетістігі көбінесе оны жүзеге асыратындардың біліктілігімен, кәсібилігімен анықталады. Бұл ең алдымен профессорлық-оқытушылық құрамға қатысты.

Әскери білім беру жүйесінің басты мақсаты-оған икемділік беру, әскерлердің ағымдағы және перспективалық қажеттіліктеріне жедел ден қою қабілеті, әскери ғылым мен техниканы дамыту. Қазақстан Республикасы Жоғары әскери институтының негізгі мазмұны-әскери оқу орындарында, біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарында, әскери құралымдардағы кәсіптік даярлау жүйесінде және дербес оқуда офицерлік кадрларды үздіксіз даярлаудың үйлесімді өзара байланысты жүйесін құру. Әскери білім берудің жаңа жүйесінің негізгі қағидаттарының бірі-тиісті қабілеттері мен таланттары бар барлық адамдар үшін қол жетімділікпен үйлескен элитизм; әскери білімнің басымдығы ретінде жеке тұлғаның дамуын, оның маңызды күштерін, алған білімі мен дағдыларының практикалық бағытын күшейтуді, бүкіл білім беру процесін ізгілендіруді; тиімді ынталандыру негізінде офицерлерді кәсіби даярлау жүйесінің үздіксіздігі; жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін офицерлерді даярлауды дараландыру; әскери білім беру жүйесін елдегі жоғары білікті мамандарды даярлау жүйесімен, әскери ғылыммен, қызметтік-жауынгерлік және жедел практикамен интеграциялау; жоғары әскери білім берудің көп деңгейлі жүйесі; жоғары оқу орындарының қаржылық және шаруашылық дербестігін кеңейту; кадрлар даярлаудың негізгі көрсеткіштері және оларға қажеттілікті болжамды бағалау бойынша әскери оқу орындарын индикативтік жоспарлау.

Жоғары әскери білімі бар офицерлердің елдің қорғанысы мен қауіпсіздігі саласында білікті шешімдер қабылдау үшін қажетті саясат, экономика және халықаралық қатынастар, әскери доктрина негіздері, әскери өнер және әскери құрылыс, құқық, экология саласындағы білім кешенін білуі тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Қарулы Күштерді реформалау – уақыт талабы // Қазақстан сарбазы — Қазақстанның жауынгері. – 1998. 20 қаңтар.
2. Алтынбаев М.К. әскери құрылыстың қазіргі кезеңінің негізгі міндеттері // Бағдар. - 1999. - № 1. - Б. 6.
3. Тасболатов А.Б. Қазақстан Республикасында кәсіби әскери оқытуды дамыту. - Алматы: Білім, 2000.
4. Әскери білім және Ұлттық қауіпсіздік. Кабанович Г. А., Спицын Ю. Г. — СПб., 1998;
5. Әскер, мемлекет және қоғам: әлеуметтік-саяси тарихтағы әскери білім беру жүйесі

\*\*\*\*\*

### **ДОСЖАНОВ Б.А.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты дене шынықтыру дайындығы және спорт кафедрасы, педагогика бойынша магистр,  
запастағы полковник.

### **ШЫНЫҒУДЫҢ НЕГІЗГІ УАҒЫЗДАРЫ**

Ұлттық ұланның келісімшарт бойынша қызметшілерінің және әсіресе офицерлік құрамының қызметтік іс-әрекеті олардың моральді-психологиялық қалыптарына, дене шынықтыру дайындығына, техникалық және мәдени деңгейлеріне байланысты екені анық. Оған қоса, өздерінің қызметтік міндеттерін сапалы орындау үшін оларға жоғары деңгейде дене шынықтыру дайындығы мен жақсы денсаулық қажет.

Көп жағдайларда, қызмет атқаратын жеке құрамға өздерінің қызметтік міндеттерін жұмыстың тәуліктік стереотипін, ұйқыны, демалыс және тамақтануды бұзу, ортаның жоғары және төменгі температураларында атқаруға тура келеді. Басқарма және оқу орындық буын офицерлеріне атқаратын жұмыстарына гиподинамия мен жоғары жауапкершілік таныту сай келеді. Осы шарттардың теріс қылықтарына тек қана мықты және шыныққан ағза төтеп береді.

Мықты денсаулық пен физикалық шынығуды ұстау үлкен жастағы офицерлерге баса назар аударылады. Олар, көбінесе, басқа әскери қызметшілерден қарағанда, қысқы режиммен, гигиеналық факторлар мен табиғаттың сауықтыру күшін тиімді пайдалануға үйлесетін жиі физикалық жаттығуларға мұқтаж болады.

Сондықтан да, сабақ жетекшілері болып тағайындалған офицерлер дене шынықтыру дайындығы және спорт бойынша басшылықтың талаптары мен мазмұның, сонымен қатар, физикалық жаттығуларды өткізу кезінде педагогиканың, психология негіздерінің, физиологияның, гигиена мен дәрігерлік-педагогикалық бақылаудың дидактикалық принциптерін пайланып, физикалық ауыртпалықтың барынша тығыздығын оратылықтандыратын басқа да басшылық құжаттар мен әдістемелік нұсқауларды жақсы білу керек.

Сөйте тұра, офицерлер тек қана жан-жақты физикалық дайындықта ғана емес, сонымен қатар олар жаттығуды дұрыс көрсету, олардың құрылымымен мазмұнын қысқаша анық түсіндіруі, ескерту мен қателерді түзеу, көмек көрсету мен сақтау, жаттығуды дағдыландырудың әртүрлі тәсілдерін, физикалық жаттығулар кезінде ауыртпалықты тиімді әрі дұрыс жіктеу сияқты әдістемелік машықтарды мығым меңгерулері керек.

Ғылыми-техникалық даму барлық бөлімдер мен басқармаларды заманауи электронды-есептеуіш техника құралдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ал кәсіби әрекеттің жедел штабтық, оқу орындық оқыту жүйесіндегі педагогикалық және жеке құрамды тәрбиелеу сияқты қарбаластық шарттары барлық санат офицерлеріне ұзақ гиподинамиялық еңбектенуді, материалдарды алу, жинау, өңдеу, оларды зерделеу, оалрдан тез арада ой қорыту, тиімді шешім шығарып, уақытында баяндама жасауды қажет етеді. Осылардың барлығы әскери

қызметшілер, әсіресе үлкен жастағы құрамындағы бір қатарыны ағзаларының жоғары жүйке-эмоционалдық қарбаласуына әкеп соғады.

Сондықтан аталмыш санат офицерлерінің дене шынықтыру дайындығынын тапсырмалары белгілі жетілдіруді қажет етеді. Әсіресе офицерлердің сауықтыру бағытындағы физикалық жаттығулар рөлін арттыру керек. Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді пайдалану арқылы жаттығушы ағзасының физикалық қалпын жүйелі түрде бақылап, олардың жеке физикалық жаттығулар сабақтарымен айналысуын күшейту қажет.

Сауықтыру бағытындағы жиі дене шынықтыру сабақтары үлкен жастағы топ офицерлеріне өздерінің кәсіби міндеттерін сапалы орындауға мүмкіндік береді.

Шынығудың қажеттілігін орыс ғылымының, медицинасының, ағартудың көрнекті қайраткерлері – Н.И. Пирогов, В.М. Бехтерев, К.Д. Ушинский, Е.А. Покровский, П.Ф. Лесгафт, В.В. Гориневский, И.П. Павлов әр қашан көрсеткен. олардың зерттеулері және ғылыми еңбектері ағзаға шынықтыру процедураларының физикалық әсерлері жөніндегі заманауи көріністер негізінде жатады. Гигиеналық шараларды және өмірдің тиімді режимін сақтаған кезде физикалық жаттығуларды үйлестіруде шынығу физикалық тәрбиенің бірегей жүйесін құрайды.

Сонымен, жүйелік шынығу – сыналған және берік құрал. Алайда егер шынығу процедуралары кезінде тәжірибелік машықпен жасалған және медикобиологиялық зерттеулермен бекітілген қағидаларды ескермеген кезде үлкен пайда болмайды. Олардың ішіндегі ең маңыздылары – жүйелілік, жеке ерекшеліктерді есептеу, жалпы және жергілікті процедураларды үйлестіру, белсенді режим, құралдар мен формалардың әр түрлілігі, өзіндік бақылау.

Жүйелілік қағидасы шынығу процедураларының күнде жасауды талап етеді. Жоғары дәрежеге жету үшін сол немесе басқа метеорологиялық фактор әсерін үнемі қайталау

Сонымен, бірінші шарт: процедуралар бір жағдайдан екіншіге емес, жүйелі түрде күнде жүргізіледі. Сол немесе басқа метеорологиялық фактор әсерінің қайталануы толық міндетті. Әйтпесе қажет шынығу әсеріне жету мүмкін емес.

Дұрыс шынығудың басқа міндетті шарты – процедураны дозалауды біртіндеп және кезекпен жоғарылату. Тек бұны да ұмытпаған жөн - сол немесе басқа қоздырғышты біртіндеп күшейту (ол су процедураларында қолданылатын су температурасының төмендеуі, немесе басқа шынығу процедурасы болсын), сонымен қатар аз әсер ету дозасынан үлкенге кезекті көшу қажет әсерді қамтамасыз етеді.

Шынығу процедураларын өткізудің мөлшері мен түрін тандаған кезде адамның жеке ерекшеліктері - жасы, денсаулығының жағдайы, басқа жағдайлар ескеріледі. Бұл әр түрлі адамдарда шынығу процедураларына деген ағзаның реакциясы бірдей болмайтындығымен түсіндіріледі. Мысалы, балалар, ересек адамдарға қарағанда сыртқы факторлар әсеріне аса сезімтал болып келеді. Физикалық әлсіз дамыған және жақын арада қандайда бір ауруға шалдыққан адамдар да дені сау адамдарға қарағанда метеорологиялық факторлардың әсерін едәуір көп сезінеді. Жаспен де санаспауға болмайды. Әдетте 40-50 жастағы адамда келесі жылдарда қан жолдары және ағзаның басқа жүйелерінде жастық өзгерістер пайда болады. Осы себепті егде және қарт адамдарға күшті әсер етуші шынығу құралдарды қолдану және ұзақ процедуралармен құмарту қауіпті.

Сыртқы жағымсыз факторларға ағзаның төзімділігі жалпы және аймақтық процедуралардың үйлесуі арқасында едәуір мөлшерде жоғарылайды.

Жалпы процедуралар кезінде дененің бүкіл беті әсерге душар болады, аймақтық кезінде - тек оның жеке бөліктері. Әрине, аймақтық процедуралар жалпыға қарағанда ағзаға аз әсер етеді. Алайда аймақтық шынығуда да, егер салқындалуға едәуір сезімтал дене бөліктері - мойын, тамақ, аяқ-басын температуралық факторлардың әсеріне ештеп тартса ғана жақсы нәтижеге қол жетуге болады .

Егер шынығуды белсенді режимде, яғни процедура кезінде физикалық жаттығуды не болмаса қандай да бір бұлшық ет жұмысы орындалса оның нәтижелілігі жоғарылайды.

Осылайша, суықпен шынығу кезіндегі физикалық жаттығулар өте күшті жылу өнімі есебінен салқынданудан туатын күшті жылуды жаба алатындығын дәлелдеген.

Процедура құралдары мен түрлерінің әртүрлілігі жан-жақты шынығуды қамтамасыз етеді. Бұл ағзаның бірнеше рет әсерге шалдыққан қоздырғышқа ғана төзімділігі жоғарылайтындығымен шақырылады. Суықтың қайтадан әсер етуі суыққа жоғары төзімділікті тудырады, ал жылудың қайтадан әсері, керісінше, тек жылуға ғана әсер етеді.

Шынығудың пайдасы немесе зияны жайлы белгісі бойынша жорамалдауға болады. Осылайша, өте жақсы тәбет, жақсы көңіл-күй, жоғары еңбекке қабілеттілік - міне осылар шынығуды дұрыс жүргізудің және оның тиімді әсерінің негізгі көрсеткіштері. Ал тәбеттің төмендеуі, еңбек өнімділігінің төмендеуі, тітіркендіргіштік, ұйқысыздық, керісінше, шынығу жүйесіндегі қателіктерді көрсетеді. Бұл жағдайда процедураның түрі мен мөлшерін міндетті түрде өзгертуі қажет және дәрігер кеңесіне жүгінуі керек.

Сауықтандыру әсерін жоғарылату, қажу белгілерін байқау - демек шынығудың рационалды емес жағымсыз салдарларын уақытылы ескертуге өзіндік бақылау көмектеседі. Бұл өзіндік барометрдің негізгі қосылғыштары - тамыр соғысы, тыныс алу, дене массасы, тәбет, ұйқы, сонымен қатар субъективті көрсеткіштердің қатары (көңіл-күй, шаршағыштық және т.б.). Денсаулық жағдайы мен көңіл-күйді жүйелік бақылау негізінде шынығу жүктемесін ептеп реттеуге, жоспарланған процедураларға қажетті түзетулерді енгізуге болады.

Бақылауды күнде - бір сағатта, ең жақсысы таңертең жүргізген дұрыс. Денсаулық жағдайы жайлы мәліметтерді енгізетін өзіндік бақылау күнделігін бастаған пайдалы.

Тамыр соғысы - бұл, ғылыми тілмен айтқанда, көзбен көрінетін және сипап білуге болатын жүректің соғысының азаюымен болатын қан жолдары буындарының синхронды кезеңдік кеңеюі. Артерияны сипап қарау (пальпация), қарапайым тілмен айтқанда жүрек «телеграфы» жүрек соғысының қысқару жиілігін, артериялық тамыр соғысының күші және басқа да қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Тыныштық жағдайында дені сау адамның тамыр соғысының жиілігі минутына тең интервалда 60-75 соғысты құрайды. Алайда бұл ара қатынастар жүрек артмиясы кезінде жеке соғыстар арасында аралықтар бірдей болмағанда бұзылуы мүмкін.

Тамыр соғысын бақылай отыра минутына соғыс санын, олардың ырғағын белгілейді. Алдыңғы мәліметтермен салыстырғандағы тамыр соғысынң кенеттен ақырындауы немесе жиілеуі - денсаулықтың бұзылғандығы белгілерінің бірі болып табылады. Тамыр соғысын әдетте таңертең жатқан күйде, сонымен қатар шынығу процедуралар немесе физикалық жаттығуларға дейін және аяқталған соң тексереді.

Тыныс алу жиілігі тынысалу мүшелерінің және жүрек-қан тамыры жүйесінің жұмысымен сипатталады. Жиіліктен басқа, тыныс алу ырғағын, демікпенің, жөтелдің және т.б. болуын белгілейді. Тынысты өлшеу (спирометрия) - өкпенің өмірлік сыйымдалағын анықтау - тыныс алу мүшелерінің функционалдық жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. Дұрыс шынығу кезінде бұл көрсеткіш әдетте жоғарылайды.

Бірінші шынығу процедураларынан кейін дене массасы аздап азаюы мүмкін. Әрі қарай ол тұрақталады. Балалар мен жасөспірімдерде ағзаның табиғи дамуы нәтижесінде дене массасы ақырындап көбейеді.

Жүйелік шынығу кезінде бұл көрсеткіш мөлшері азғантай шамада ауытқиды. Физикалық жаттығулармен айналысқаннан кейін ол азаюы мүмкін, бірақ кейін тамақтанған соң тез қалпына келеді.

Дене массасы әдетте таңертең аш қарынға жаттығулар мен процедураларға дейін және кейін анықталады.

Тәбет - асқорыту мүшелері мен барлық ағзаның қалыпты жұмысының көрсеткіші. Оның бұзылуы қажу немесе қандай да бір сырқаттың барын көрсетеді.

Ұйқы - күштің қалпына келуінің табиғи және қажет құралы болып есептеледі.

Заманауи көріністер тұрғысында ұйқы ағзаның маңызды белсенді қызметі ретінде қарастырылады, тек күндізгі өмірден басқаша ұйымдасқан. Ұйқы кезінде адам едәуір толық

демалады, еңбек қабілеттілігін қалпына келтіреді, сергектену уақытында кеткен энергияны жинайды. Бір күнде алынған ақпараттың өңделуі және өзіндік сараптамасы жүреді. Қажет емес, мүмкін зиянды мәліметтер естен кетеді. Бұл мазасыз ойлар, қажет емес толқулар, даулар жөніндегі еске алулар, қорқыныш және т.с.с. «Ауыр мазасыздықтан немесе ақыл-ес түсініспеушіліктерінен құтылудың ең жақсы тәсілі - оларды ұйықтап шығу», - деп кибернетика негізін салушы Н. Винер кеңес береді. Шынымен, ұйқыдан кейін ой әрқашан жарқын болады.

Өзіндік бақылау мәліметтері бойынша денсаулық жағдайының бағасы барлық көрсеткіштерді есепке ала отыра жүргізілуі қажет, себебі олар бірін бірі толықтырады. Белгілі стайер, олимпиада чемпионы П. Болотниковтың мойындауы сіздер үшін игі тілек болсын: «Табиғат маған ерекше ештеңе берген жоқ. Жас кезімде мен мықты денсаулықпен ерекшеленгем жоқ. Спортпен әуестенген кезде, әрине, олимпиада медалінің жарқылы туралы аз ойлайтынмын. Мен тек қана бұрынғы қалпыма қарағанда мықтырақ болғым келді. Егер мен спорттық белестерге жетсем, онымен мен көпжылдық жаттығуларға, үлкен еңбекке деген мақсатқа, тамақтану, ұйқы, жүктеме, демалыс режимін қатаң сақтауға борыштармын».

Сонымен қоса өзіндік бақылау мәліметтері дәрігердің текесерін алмастырмай тек қана оларды толықтырады. Сондықтан шешім шығаруға - әдеттегі өмір режимін және сауықтандыру жаттығуларын өз бетіңмен алмастыруға асықпау керек. Өзіндік бақылау көрсеткіштерінің аздаған жағымсыз өзгерістері кезінде дәрігер кеңесіне жүтінген дұрыс.

Жақсы дене шынықтыру дайындығы әскери қызметшілердің қажетті шарты болып табылады. Жоғары жауынгерлік әзірлігін, кепілі шешу кезінде әр түрлі оқу және қызметтік-жауынгерлік міндеттерін қамтамасыз ету. Оны белсенді түрде мақсатқа сай пайдалану барлық нысандарын дене шынықтыру дайындығының, оның ішінде және бағытталған физикалық жаттығулар, тиімділігі байланысты дайындау оқытушылар мен командирлердің, шығармашылық бастамасын және педагогикалық шеберлік сабақтарын өткізу.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының дене шынықтыру және спорт бойынша Нұсқаулары (НФПИС – 2016ж).
2. Н.М. Амосов Денсаулық туралы ой-қиял. Л.: Медицина, 1980.
3. В.У. Агеев Ғылыми-техникалық үдеу және дене тәрбиесі. Л., 1989, 12. б.
4. Г.Л. Апанасенко Жеке адамдардың дене саулығы. Бюл. N22 ОАМН СССР, 1988.
5. Дж. Баркрофт Физиологиялық функцияның негізгі сипаты. М.: Биомедгиз, 1937. 5 б, 83-151.
6. И.Н. Бухаловский Ішкі аурулардың алдын алу және халықты диспансериялау. Л.: Знание, 1985, б.
7. З.А. Васильева., С.М. Люблинская. Денсаулықтың қоры: Л., Медицина, 1981, 319 б.Ю. БМЭ, 1959, -б.738-739.
8. А.А. Виру., Т.А. Юримья., Т.А. Смирнова. Аэробты жаттығулар., М. ФИС, 1988. 142 б.
9. Джоанн Келлер. Сумен емдеу. б.-Пб., 1992.72 б.

\*\*\*\*\*

## **ЕМЕЛЬЯНОВ О.А.**

Пермский военный институт войск национальной гвардии  
Российской Федерации, кандидат педагогических наук, доцент, полковник.

### **ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ПРАКТИЧЕСКОЙ СТРЕЛЬБЕ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ РОСГВАРДИИ**

Большинство ошибок начинающего стрелка имеют общий характер, они повторяются при стрельбе из разных положений и из разных видов оружия. К ним относится, прежде всего, ошибки в затаивании дыхания, прицеливания, спуске курка. Очень часто считают, что затаивать дыхание при стрельбе надо на выдохе. Для этого иногда даже рекомендуют использовать дыхательную паузу. Ошибочность подобного взгляда уже в том, что так называемая дыхательная пауза длится всего лишь доли секунды, а стрелку приходится затаивать дыхание при выполнении выстрела на несколько секунд. Следовательно, не может быть и речи о каком-то использовании дыхательной паузы. Кроме того, при затаивании дыхания на выдохе голосовая щель иногда остаётся открытой и выдох продолжается, хотя стрелок этого и не замечает. Нельзя затаивать дыхание на полном вдохе, так как создаётся напряженное состояние. Какие же ошибки допускает стрелок при затаивании дыхания? Стрелок не затаивает дыхание. Об этом можно судить по ритмичному движению дульной части ствола оружия вверх и вниз при прицеливании. Эта ошибка приводит преимущественно к разбросу по вертикали. С самого начала обучения следует рекомендовать спортсмену затаивать дыхание на небольшом вдохе, в том числе и при тренировках «без патрона». Иногда затаивают дыхание до уточнения изготовления и предварительной наводки оружия в цель, вследствие чего увеличивается время задержки дыхания. Это побуждает стрелка ускорять нажим на спусковой крючок без достаточной обработки выстрела. Уточняя свою изготовку и прицеливание, спортсмен должен свободно дышать, затаивая дыхание лишь на короткие моменты для проверки правильности положения и прицеливания.

Длительная задержка дыхания может вызвать в организме и кислородное голодание. Всё это создаёт напряжённое положение при стрельбе, и стрелок быстрее устаёт. Для правильного, спокойного выстрела достаточно затаивать дыхание на 6 – 10 секунд. Если стрелок на это затрачивает больше времени, необходимо выяснить, что заставляет его так делать. Если это касается прицеливания, то надо проверить его правильность и однообразие на прицельном станке или в ортоскоп и попытаться исправить обнаруженные ошибки. При затруднениях в спуске курка, из-за плохой координации движений, когда стрелок при нажиме на спусковой крючок не может сохранить правильное положение мушки, следует порекомендовать ему, кроме стрельбы, заниматься такими видами спорта, которые хорошо развивают координацию движений, а также способность устойчиво сохранять равновесие. А когда задержка в стрельбе происходит из-за очень неустойчивого положения оружия ввиду малой тренированности спортсмена, надо усилить тренировку «без патрона». Неустойчивое положение оружия может зависеть и от психического состояния стрелка. Тогда спортсмену надо дать небольшую физическую нагрузку, и после короткого отдыха он может приступить к стрельбе. Использовать при этом успокаивающие средства не рекомендуется. Если стрелок, затаив дыхание, в течении 10 – 15 секунд не сделал выстрела, то ему следует прекратить нажим на спусковой крючок, отдохнуть и снова начать упражнение. Во всех указанных случаях целесообразно временно прекратить стрельбу и усилить тренировку без патрона по специальной тренировочной мишени. На тренировках «без патрона» и стрельбах нужно проследить, чтобы спортсмен не нажимал на спусковой крючок прежде, чем затаит дыхание. Что бы легче заметить начало нажима пальца на спусковой крючок, можно на палец надеть бумажный колпачок («козья ножка»). Перед затаиванием дыхания рекомендуется спокойно, без напряжения и не более 2 – 3 раз сделать несколько вдохов и выдохов. Резкое увеличение газообмена при интенсивном проветривании легких выводит из равновесия обычный

дыхательный цикл (может вызвать даже головокружение) и затрудняет координацию движений.

Часто затаивая дыхание, стрелок напрягает большую группу мышц грудной клетки, живота, плечевого пояса, шеи, лица и др. Такое напряжённое состояние сковывает спортсмена и затрудняет координацию движений при прицеливании и спуске курка. Кроме того, стрелок значительно быстрее устаёт. Об этом состоянии можно судить по напряжённому выражению лица спортсмена, по короткому выдоху и резкому, глубокому вдоху, которые обычно делают сейчас же после выстрела. В этом случае следует рекомендовать стрелку ежедневно проделывать специальные упражнения на расслабление мышц. Для наводки оружия в ходе начальной подготовки используется как открытые, так и диоптрические прицелы, мушки прямоугольного профиля и кольцевые. Соотношение (наиболее выгодное) между видимым диаметром чёрного «яблока» и шириной мушки зависит от остроты зрения спортсмена, освещённости мишени, а также от характера выполняемого упражнения. Поэтому каждому стрелку надо подобрать наиболее выгодную ширину прямоугольной мушки и величину отверстия диоптра. Учитывая, что острота зрения резко ухудшается при уменьшении величины отверстия диоптра, в начальной подготовке не следует применять диоптры с отверстиями менее 1-3 мм. Целиться рекомендуется с двумя открытыми глазами, так как при закрытии одного глаза снижается острота зрения другого. Однако здесь необходимо учесть следующие: если спортсмен при стрельбе из винтовки целиться правым глазом, а направляющий глаз у него левый, то такому стрелку нельзя целиться двумя открытыми глазами, так как левый глаз, будучи направляющим, станет сбивать прицеливание. Это не относится к стрельбе из пистолета, так как его можно подвести при прицеливании под любой глаз. Прежде чем решить, как лучше целиться, стрелку (винтовочку) нужно узнать, какой глаз у него направляющий. Это можно сделать следующим способом: спортсмен смотрит двумя глазами на какой-нибудь отдалённый предмет, поднимает палец руки так, чтобы он встал против рассматриваемого предмета. Если теперь стрелок закроет чем-нибудь левый глаз и палец останется против рассматриваемого предмета, то у спортсмена направляющий правый глаз. Если же при закрытии левого глаза палец не будет в створе с рассматриваемым предметом, то направляющий левый. При наводке оружия в цель рекомендуется оставлять между вершиной мушки и нижним обрезом чёрного «яблока» небольшой просвет. Он воспринимается стрелками по-разному, поэтому нельзя настаивать, чтобы спортсмен брал просвет какой-то определённой величины. Важно, чтобы этот просвет у него при стрельбе оставался постоянным. В процессе длительной стрельбы восприимчивость глаза изменяется, особенно влияет на зрение длительное прицеливание при каждом выстреле. Следовательно, необходимо соблюдать определённый темп стрельбы (различный для разных стрелков), а каждый из выстрелов выполнять по возможности быстрее, удлиняя паузы между ними, чтобы глаз успевал отдохнуть. Не следует злоупотреблять также зрительной трубой при корректировке, так как длительное наблюдение в оптическую трубку утомляет зрение. Прицеливаться надо в определенной последовательности. Прежде всего нужно проверить изготовку, вначале без затаивания дыхания, потом – задерживая дыхание на короткие периоды. Затем стрелок устанавливает «ровную» мушку и подводит ее в точку прицеливания (под чёрное «яблоко» или фигуру мишени), потом затаивает дыхание [2.]

При прицеливании начинающий чаще всего допускает такие ошибки. Вершина мушки расположена выше краёв прорези прицела – попадания будут выше. Даже незначительное отклонение мушки в прорези прицела даёт значительное перемещение средней точки попадания. Например, при стрельбе из малокалиберной винтовки ТОЗ-8 на 50 метров отклонение на 1 миллиметр даёт перемещение средней точки попадания на 8 сантиметров. А если вершина мушки расположена ниже краёв прорези прицела, средняя точка попадания переместится вниз. Если вершина мушки, находясь на уровне с краями прорези прицела, расположена ближе к её правому или левому краю, средняя точка попадания переместится соответственно вправо или влево. Чаще встречаются комбинированные ошибки, когда стрелок берёт «крупную» или «мелкую» мушку и одновременно придерживает её вправо или влево.

Средняя точка попадания переместится соответственно вправо-вверх, влево-вверх, вправо-вниз и влево-вниз. При неоднобразном прицеливании, то есть когда стрелок ставит мушку относительно прорези прицела по-разному, средняя точка попадания может не перемещаться, но значительно ухудшается кучность стрельбы. Все эти ошибки можно обнаружить с помощью прицельного станка и указки. При работе с прицельным станком необходимо следить за тем, чтобы стрелок при прицеливании располагал свою голову на одном и том же расстоянии от прицела [1].

Ошибки можно обнаружить и при помощи ортоскопа. При сливании оружие поворачивается вокруг оси, проходящей по линии прицеливания, или (при стрельбе по мишени с чёрным кругом) по оси, проходящей от глаза стрелка через центр мишени. При сливании оружия пули отклоняются в ту сторону, куда оно свалено, и вниз. При небольших углах сваливания (5-10 градусов) пули практически отклоняются только в горизонтальном направлении. Например, при сваливании на 10 градусов в стрельбе из малокалиберной винтовки на 50 метров средняя точка попадания переместится в горизонтальном направлении примерно на 20 м, а вниз – только на 2 мм. Поэтому неправильно объяснять резкие отрывы попаданий в сторону и вниз как результат сваливания оружия. Однообразное сваливание практически не влияет на результаты стрельбы. Но так как более точно можно наводить оружие в цель, когда оно не свалено, начинающие стрелки не должны допускать этого ни при тренировках «без патрона», ни на стрельбах. Глаз не может ясно видеть одновременно далёкие и близкие предметы. Поэтому когда стрелок сосредотачивает своё внимание на мишени, он хуже видит прицельное приспособление и не может точно фиксировать правильное положение мушки в прорези прицела, а не на положение относительно точки прицеливания. Целесообразно периодически прекращать стрельбу по мишени и переходить к тренировке «без патрона» и стрельбе по чистому листу бумаги. Если стрелок не следит за величиной просвета между вершиной мушки и нижним обрезом чёрного «яблока» мишени и берёт его по-разному при каждом выстреле или вместо внесения поправок в прицеле изменяет его величину при стрельбе, следует напомнить ему, что величина просвета при каждом выстреле должна быть одинаковой. Кроме того, полезно перед тренировкой «без патрона» и перед стрельбой делать по 5-10 прикидок с упора, прицеливаясь по мишени а действительное расстояние, что бы глаз привыкал точнее фиксировать просвет определённой величины. Бывает, что стрелок вначале подводит мушку под чёрное «яблоко» мишени, а потом уже выравнивает ее в прорези прицела. Это затрудняет прицеливание, потому что, когда спортсмен начинает выравнивать мушку, она уходит от «яблока», когда же он возвращает её под «яблоко», она одновременно смещается в прорези прицела. Винтовочник при этой ошибке, наводя оружие, обычно начинает перемещать и голову, чтобы уравнивать мушку в прорези прицела, а пистолетчик двигает кисть руки. Стрелку надо больше тренироваться без патрона по чистому листу бумаги, а также следить за тем, чтобы вначале устанавливалась «ровная» мушка на светлом фоне мишени, а потом уже подводилась под чёрное «яблоко». А что, если стрелок, переключив внимание на спуск курка или почувствовав срыв боевого взвода шептала, прекращает прицеливание фактически до того, как произойдёт выстрел? Такая ошибка приводит к неожиданным и сильным отрывам. В зрительной памяти стрелка фиксируется положение мушки, которое было до выстрела, когда он фактически уже прекратил прицеливание, положение же её в момент выстрела остаётся вне контроля. Наиболее верные признаки это ошибки – нефиксированные стрелком отрывы при кучной стрельбе. Наблюдая за дульной частью ствола, можно заметить, что обычные колебания оружия при прицеливании перед самым выстрелом сменяются плавным передвижением ствола в какую-либо сторону. Нужно следить за тем, чтобы стрелок правильно делал отметку выстрела, для чего он после каждого выстрела должен несколько (не более 1 секунды) задержался – не переводить дыхание и продолжать целиться. Необходимо следить за тем, чтобы стрелок на тренировках «без патрона» и на стрельбах правильно держал голову при прицеливании и не менял её положения при каждом выстреле. При стрельбе из пистолета надо наводить оружие только рукой, голова при этом должна быть неподвижной. А при стрельбе из винтовки нужно положить голову на приклад в



такое место, чтобы глаз фиксировал «ровную» мушку. При наводке оружия в цель стрелок не должен голову отрывать от приклада и смещать. Иногда стрелок, закрывая один глаз, одновременно щурит и другой: когда же пытается хорошо открыть первый, то открывается и второй. Это значительно усложняет прицеливание.

Центрирование в отверстии диоптра не только вершины мушки, но и намушника рассеивает внимание, усложняет прицеливание и быстро утомляет зрение. Нужно объяснить стрелкам, что намушник служит лишь для защиты мушки от повреждений и для её затенения и что вершина мушки не всегда совпадает с центром окружности намушника. При слишком длительном прицеливании глаз быстрее устаёт и хуже различает положение мушки; при этом от долгого задержания дыхания положение стрелка становится напряжённым, а стрельба – неуверенной. Для исправления такой ошибки необходимо выяснить причины, побуждающие стрелка затягивать прицеливание, и устранять их. Если не удаётся выяснить этих причин, то спортсмена следует направить к врачу для проверки зрения. Стрелок с ослабленным зрением может продолжать заниматься стрелковым спортом, но он должен стрелять в очках. Очки подбираются такие, в которых можно ясно видеть мушку, хотя при этом и ухудшается видимость мишени. Для облегчения прицеливания целесообразно закоптить мушку и прицел, а при стрельбе с диоптрическим прицелом, кроме того, применять тарель диоптра с меньшим отверстием при ярком освещении и с большим отверстием при слабом. Независимо от устройства спускового механизма основной техники спуска курка является плавный нажим на спусковой крючок. Усилие нажима должно нарастать постепенно (без рывков), но не слишком медленно. Нажатие на спусковой крючок должно занимать не более 5-6 секунд. Прицеливание и спуск курка взаимосвязаны и должны представлять собой единый процесс, где всё внимание стрелка сосредоточено на прицеливании, а обработка спуска происходит автоматически, подсознательно [3].

В начальной подготовке применяется оружие с простым спусковым механизмом, а в дальнейшем спортсмен переходит на оружие с ускорителем спуска (шнеллером), но принцип плавного нажима на спусковой крючок остаётся неизменным. «Ловля яблока» - наиболее часто встречающаяся ошибка – наблюдается не только у начинающих, но и у опытных стрелков. Стремясь нажать на спуск в тот момент, когда «ровная» мушка совместится с точкой прицеливания, спортсмен резко усиливает нажим на спусковой крючок, что приводит к рывку. Он как бы поддавливает чёрное «яблоко» мишени. Угловое отклонение ствола при резком спуске (дергании) значительно усиливает разброс попаданий. Ошибку эту легко обнаружить, наблюдая за дульной частью ствола оружия, которая непосредственно перед выстрелом резко отходит в сторону. Для большей наглядности, а также для того, чтобы стрелок убедился в своей ошибке, тренер заряжает оружие и незаметно подкладывает холостой (учебный) патрон. Резкое отклонение ствола оружия при спуске курка (без выстрела) при этом будет служить хорошей иллюстрацией неправильных действий спортсмена. Для предупреждения и исправления ошибки необходимо прежде всего, чтобы стрелок понял сущность плавного нажатия на спуск и уяснил, что даже значительное отклонение «ровной» мушки от точки прицеливания при плавном спуске не даст сильного отрыва, тогда как малейший рывок спускового крючка из-за углового смещения ствола приводит к резкому отрыву попадания. Для того чтобы стрелок приучился к плавному нажатию на спуск независимо от колебания оружия, первые тренировки «без патрона» и стрельбы проводятся по чистому листу бумаги (без точки прицеливания). На каждом занятии проводится тренировка «без патрона» по специальной тренировочной мишени. На этих тренировках следует добиваться, чтобы стрелок приучился к плавному нажатию на спуск независимо от колебания оружия, удерживая лишь «ровную» мушку в районе прицеливания, без стремления выполнить выстрел в какой-то определённый момент. Нередко, наведя оружие в цель, стрелок переключает своё внимание полностью на спуск курка, разделяя тем самым единый процесс прицеливания и спуска, упуская контроль за положением мушки. Это также ошибка. Сильная спешка приводит к преждевременному спуску без достаточной обработки выстрела или к дерганью за спусковой крючок. Причинами этого могут быть: слишком раннее затаивание

дыхания; неумение затаивать дыхание на нужное время; «ловля яблока»; ожидание выстрела; быстрое утомление зрения, что в свою очередь, зависит от многих причин; плохая координация движений, а также слабое развитие у стрелка тормозных реакций и др. Мало хорошего в том, когда стрелок затягивает спуск курка, вынуждая себя задерживать дыхание на более продолжительное время, а также напрягать зрение при прицеливании, из-за чего он делает выстрел в менее благоприятных условиях – положение спортсмена к моменту выстрела становится напряжённым, глаз устаёт и хуже различает положение мушки. Сокращаются перерывы для отдыха между сериями и отдельными выстрелами. Ведь оптимальное время, затраченное от начала прицеливания (при затаенном уже дыхании) до выстрела, не должно быть более 10 – 12 секунд. На тренировках необходимо следить за тем, чтобы стрелок не задерживался слишком долго на спуске курка. Следует больше проводить тренировок, приучающих спортсмена к решительным действиям при нажатии на спуск. Можно рекомендовать стрелку выполнять спуск курка в несколько приёмов. Для этого он, не успев обработать как следует выстрел и почувствовав напряжение или поняв, что плохо стал различать положение мушки, прекращает нажим на спусковой крючок, не ослабляя его, и отдохнув, снова затаивает дыхание и продолжает нажим. Причинами замедленного спуска могут быть: ошибки при прицеливании; замедленные реакции стрелка; отсутствие зазора между пальцем и шейкой приклада (рукояткой пистолета); тугой спуск у оружия; одновременная работа других мышц кроме мышц пальца; слишком осторожный спуск; отсутствие достаточной тренировки и др.

Среди других ошибок у новичков чаще всего встречаются следующие: а) при нажатии на спусковой крючок стрелок кроме мышц пальца одновременно сокращает и другие группы мышц: остальных пальцев, руки и плечевого пояса; у винтовочников при этом может податься вперёд плечо и подтолкнуть приклад. О такой ошибке можно судить по значительному и постоянному отклонению средней точки попадания вниз; б) слишком быстро отводит палец после выстрела. Необходимо следить на тренировках за тем, чтобы спортсмен после выстрела (спуска курка) на некоторое время задерживал палец в заднем положении и обязательно делал отметку каждого выстрела. Однако надо следить и за тем, чтобы стрелок не перешёл к другой крайности – долгой задержки пальца в заднем положении после выстрела. Это, правда, не влияет на результаты при медленных стрельбах, но значительно усложняет освоение техники скорострельных упражнений. На тренировках нужно следить за тем, чтобы спортсмен после выстрела (спуска курка) отводил палец в переднее положение не позже чем через 1 секунду. При дальнейшем совершенствовании стрелок может допустить и ряд других ошибок, связанных с выполнением более сложных упражнений, но, получив хорошую начальную подготовку, он будет делать этих ошибок меньше, и ему легче будет их исправить.

### **Библиографический список**

1. Сборник статей и очерков по пулевой, стендовой стрельбе и стрельбе из лука /Москва// Изд. Физкультура и спорт, 1983,- 128 с.
2. Емельянов О.А. Как контролировать изготовку стрелка из пистолета. Материалы Всероссийской научно-практической конференции /«Актуальные вопросы совершенствования системы технического обеспечения», Пермь// 2016.
3. Лымарев В. Н. Эффективность формирования профессиональной мотивации субъекта образовательного процесса / В.Н. Лымарев // Журн. Глобальная наука и инновация 2020: центральная Азия. 2020. Т. 4. № 6 (11).

\*\*\*\*\*

## **ЖАКИН А.Е.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты Техникалық және тылдық қамтамасыз ету кафедрасының оқытушысы, әскери-әкімшілік басқару магистрі, подполковник, Петропавл қ.

### **ШЕКАРАЛЫҚ ІЗДЕУ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Шекаралық іздеу Ұлттық ұлан қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетінің аса ауыр түрі болып табылады, ол шекара бұзушыларды, біздің тылымызға өтуге, кордон сыртына кетуге немесе шекара маңы ауданында жасырынуға талпынушыларды ұстау мақсатында жүргізіледі. Ол жоғарыда көрсетілген адамдарды орналасқан орны мен пиғылдары туралы деректер алынғаннан кейін шұғыл ұйымдастырылады және шекара бөлімдері мен бөлімшелерінің күштері мен құралдары Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдарымен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық ұланның және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасай, ерікті жасақтар мен жергілікті халықты белсенді тарта отырып жүргізеді.

Шекаралық іздеудің мазмұнын сипаттайтын негізгі ерекшеліктері:

кенеттен туындау және жүргізу;

жағдайдың айқынсыздығы мен оның өзгеру жылдамдығы;

шекаралық іздеудің әдетте шектелген мерзімде ұйымдастырылуы;

құрамы мен арналымы бойынша әртүрлі бөлімшелердің қатысуы және олардың айтарлықтай кеңістікте іс-қимыл жасауы;

Мемлекеттік шекарадағы, автомобиль техникасындағы күзеттің инженерлік-техникалық құралдарын және басқа да құралдарды кеңінен қолдану болып табылады.

Іздеудің сәтті өткізілуі көбіне осы ауыр міндетті орындайтын бөлімшелер мен оны күшейтетін басқа да күштер мен құралдарды азық-түлікпен қамтамасыз етуді дұрыс және нақты ұйымдастыруға тәуелді болады. Әскери бөлімнен тағайындалған шекаралық іздеу тобын азық-түлікпен қамтамасыз ету шекаралық іздеуді ұйымдастыру мен жүргізу жұмысының ажырамас және маңызды бөлімі болып табылады. Шекаралық іздеудің сипатты ерекшеліктері мен оны жүргізу шарттарының Ұлттық ұланды азық-түлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастыруға әсер етуін қарастырайық.

Шекаралық іздеудің кенеттен туындауы мен жүргізілуін ескере отырып, шекаралық іздеу тобы жасақталатын әскери бөлімнің азық-түлік қызметі: жеке құрамды, материалдық құрал қорларын, техниканы және апару көлігін алдын ала даярлау іс-шараларын өткізу керек. Қысқа мерзімде шекаралық іздеуге тағайындалған бөлімшелерді материалдық құралдармен (оның ішінде азық-түлікпен, құрғақ азықпен, сумен, техникамен) қосымша жабдықтау жұмыстары жүргізілген болу керек.

Шекаралық іздеу тобы тағайындалған әскери бөлімнің командирі шекаралық іздеу жүргізуге шешім қабылдағаннан және ол тылдық қамтамасыз етуге нұсқау бергеннен кейін әскери бөлім командирінің тыл жөніндегі орынбасары азық-түлік қызметінің бастығына уақтылы және нақты міндеттер қою керек. Бұл ретте бағыныстыларға іздеу бөлімшелерін азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша қойылған міндеттерді шешуге дайындалу үшін барынша көп уақыт еру керек. Іздеу барысында бөлімшелердің жоғары ептілігі олардың тұрған орнын ұдайы білу және оларды жан-жақты қамтамасыз ету бойынша уақтылы шаралар қабылдау қажеттігін тудырады. Шекаралық іздеуге қатысатын және үлкен кеңістікте әрекет ететін шағын бөлімшелер олардың қамтамасыз етілуін мұқият есепке алуды, тыл күштері мен құралдарының кең ептілігін, шекаралық іздеуде жылжитын күйде (барлау-іздеу топтары, іздеу топтары, қудалау топтары және т.б.) болатын бөлімшелерді қамтамасыз етуге, әсіресе ыстық тамақ пен су беруді ұйымдастыру кезінде назар аударуды қажет етеді [1].

Іздеуге түрлі ведомстволар (ҚР ҰҚК, ҚР ҰҰ, ҚР ҚМ, ПМ) күштері мен құралдарының айтарлықтай санының қатысуы азық-түлікпен қамтамасыз ету және бір-біріне азық-түлік

қатынасында көмек көрсету бойынша өзара іс-қимыл ұйымдастыру мәселелерін мұқият келісуді қажет етеді. Іздеу ауданы, тыл бөлімшелері орналасқан орындар айтарлықтай қашық болған кезде олардың күштері мен құралдарының бір бөлігін қамтамасыз етілетін бөлімшелерге жақындату және жұмысты, әдетте далалық жағдайда ұйымдастыру, ҚР ҰҰ өңірлік қолбасшылықтары, әскери бөлімдері мен түрлі ведомстволар сақтау базаларының материалдық құрал қорларын, сондай-ақ жергілікті мүмкіндіктерді епті пайдалану қажеттігі туындайды. Шекаралық іздеу жүргізудің түрлі физико-географиялық жағдайлары азық-түлікпен қамтамасыз етуге және оны ұйымдастыруға әсер ететін факторларды, атап айтқанда климаттық және табиғи жағдайларды, жердің рельефтерін, жолдың жай-күйін, жыл мезгілі мен тәулік уақытын мұқият есепке алуды талап етеді. Бөлімшелердің жоғары ұрысқа қабілеттігін ұстау үшін жағдайдың барлық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке құрамның демалуы мен жылынуы, басқару органы жұмыс істеу үшін тиісті материалдық-тұрмыстық жағдай жасау керек.

Қызметтік иттерге айтарлықтай жүктемелер қызметтік жануарлардың тамақтандырылуы мен суарылуын бақылауды күшейту қажеттігін туғызады. Осыған байланысты шекаралық іздеуді дайындау кезеңінде әскери бөлімдердің азық-түлік қызметіне [2]:

шекараны күнделікті күзету жағдайында алдын ала шекаралық іздеу жағдайына арналған күштер мен құралдардың бір бөлігін бөлу және олардың іс-қимылға тұрақты әзірлігін ұстау, ал қызметтік жануарларға – азық-түлік пен азық бөлу;

қызметтің техникалық құралдарын жұмысқа дайындау, техникалық қызмет көрсетудің өткізілуін, ал қажет жағдайда эвакуациялауды және қысқа мерзімде қалпына келтіруді ұйымдастыру керек.

Тәжірибе көрсеткендей шекаралық іздеудің сәтті болуы тек жеке құрамның жақсы үйренуіне, бөлімшелердің алдын ала дайындалуына, шекаралық іздеудің епті ұйымдастырылуына ғана емес, сонымен қатар әскердің іс-қимылдарын жан-жақты қамтамасыз етуге тәуелді болады, оның ішінде азық-түлікпен қамтамасыз етуге де маңызды ролі беріледі.

Сондықтан да Ұлттық ұлан әскерлеріне шекаралық іздеуде іс-қимыл жасау тактикасын ғана емес, сонымен қатар қамтамасыз етудің барлық түрлерін, оның ішінде азық-түлікпен қамтамасыз етуді жетілдіру керек. Бұл үшін: әскери бөлімдерді қамтамасыз етуде бүгінгі күні неге қол жеткізілгенін, оны жуыр маңда қай бағытта жетілдірген жөн екенін білу керек.

Әскери күштер мен құралдардың шекаралық іздеуде іс-қимыл жасауының негізгі тәсілдері: қудалау, тосқауылдау, бөгеу, іздеу, қоршау және ұстау болып табылады. Сигнал алысымен бөлімшелерде іздеуге қатысуға және оларды іс-қимылдар жасауға, оның ішінде азық-түлікке қатысты әзірлікке келтіруге арналған күштер мен құралдарды жылдам жинауға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізіледі. Сонымен, бірінші кезекте барлау-іздеу тобының (БІТ) азық-түлік қызметінің материалдық құралдарымен қамтамасыз етілуі тексеріледі, сондай-ақ қызмет бастығы тылдық және техникалық қамтамасыз ету тобының (ТТҚТ) құрамына кіретін бөлімшелердің қажетті күштері мен құралдарын бөледі, жылжымалы материалдық құрал қорларының оның көлігіне тиелуін ұйымдастырады, техниканы іздеу ауданындағы жұмысқа дайындайды. Тылдық және техникалық қамтамасыз ету тобының құрамына азық-түлік пункті кіреді. Азық-түлік пунктіне мынадай далалық техникалық құралдар бөлінуі мүмкін: КП-130, КП-125, тасымалдар плиталар және әрине аспаз [1]. Жиналу ауданында бөлімше командирлері жауынгерлік және саптық есеп өткізеді, жабдық-тұрманды және материалдық құралдармен қамтамасыз етілуін тексереді, техникаға, қызметтік жануарларға және олардың азық-түлікпен, жем-шөппен қамтамасыз етілуіне бақылау тексеріс жүргізеді. Бөлімшелер міндет және жасақ бастығының тылдық қамтамасыз ету жөніндегі нұсқауларын алғасын жеке құрам барлық қажеттімен белгіленген нормаға дейін қосымша қамтамасыз етіледі, ТТҚТ көлігінде ұстау үшін тиесілі қордың номенклатурасы мен мөлшері нақтыланады. Азық-түлік қызметі үшін тікелей дайындалу уақыты бөлімшелердің іздеу мен оны жүргізу ауданына жылжуға арналған уақытымен айқындалады. Іздеу ауданына жылжу

алдында бөлімшелердің жеке құрамына қолдарына төмендемейтін қор болып табылатын бір тәуліктік құрғақ азық, қызметтік иттердің жетекшілеріне иттер үшін 1-2 тәуліктік азық берілген болу керек. Барлау-іздеу топтары жеке құрам мен қызметтік жануарлар үшін кемінде екі тәуліктік азық-түлікпен және жем-шөппен қамтамасыз етіледі.

Шекаралық іздеу ауданындағы азық-түлік пунктінде құрылатын жеке құрамға арналған азық-түлік, қызметтік жануарларға арналған азық пен өнім қорының мөлшері шекаралық іздеудің ықтимал ұзақтығына, тартылатын күштер мен құралдарға, сондай-ақ қашықтыққа, апару жағдайларына қарай айқындалады, бірақ іздеуге тартылатын барлық жеке құрамға (барлық қызметтік жануарларға) кемінде негізгі (қазандық) үлес бойынша 2 т/ү және құрғақ азықтың 0,3 т/ү болады. Егер жағдай мен мүмкіндік болса, онда іздеу ауданына жылжығанға дейін жеке құрамға ыстық тағам беріледі. Шекаралық іздеуге қатысатын күштер мен құралдардың санына, іздеу ауданының жасақ басқармасының орналасқан орнынан қашықтығына және басқа да жағдайларға қарай тылдық және техникалық қамтамасыз ету тобы орналасқан орнында қала немесе бөлімшелер легінде іздеу ауданына жылжи алады. Бөлімшелер шекаралық іздеу ауданына марш жасаған кезде ТТҚТ әдетте жорықтық лек құрамында жүреді. Жекелеген жағдайларда азық-түлік пунктінің құрамындағы ыстық тамақ салынған тіркемелі ас үйлері бар машиналар іздеу ауданына өздігінен жеке құрамға ыстық тамақ беру уақытына бара алады. Ддала жағдайында ол баспана, табиғи бүркемелеу, су мен отын көзі бар орындардағы жол бойына орналасады [2].

Іздеу ауданында жеке құрамды ыстық тамақпен тамақтандыру азық-түлік пункті арқылы әдетте тәулігіне үш рет ұйымдастырылады. Үш рет тамақтандыруды ұйымдастыру мүмкін болмаған кезде жеке құрамға ыстық тамақ тәулігіне бір-екі рет жеткізіледі. Бұл жағдайда басқа тамақты ішу үшін жеке құрам негізгі норма бойынша (ет, балық, нан, қант пен шай)қазандық үлес бөлігінің есебінен құрғақ түрдегі азықпен қамтамасыз етіледі.

Ыстық тамақ ішу уақытын шекаралық іздеу басшысы белгілейді. Жеке құрамды тамақтандыруды ұйымдастыру тәжірибесі бойынша шекаралық іздеу жүргізу кезінде ыстық тамақ әдетте: іздеу топтарына бастапқы ауданда іздеу басталғанға дейін күн соңында – жинау ауданныда, ал күндіз теңестіру шептерінің бірінде; тосқауылдау топтарына – қызмет атқару орындарында; резерв бөлімшелеріне – олардың орналасу орындарында берілген. Офицерлер әдетте далалық жағдайда азық-түлік пункті өрістететін асханада немесе жақын бөлімшелердің бірінің асханасында тамақтанады, тамақ үшін белгіленген тәртіппен есеп айырысады. Барлау-іздеу тобының тамақтануын ұйымдастыруға ерекше назар аудару керек, бұл үшін оларды тезпісетін және консервіленген азық-түліктің арнайы жинағымен қамтамасыз ету керек. Қызметтік жануарларды тамақтандыру және суару бөлімше командирлері белгілеген тәртіпке сәйкес ұйымдастырылады. Іздеу ауданына материалдық құралдарды апару әдетте тәулік сайын әскери бөлімдердің қоймаларынан жүзеге асырылады.

Бір тәуліктен астам шекаралық іздеу жүргізу кезінде бөлімшелердің іс-қимыл жасау (қызмет атқару) ауданында жеке құрамның демалысын, ал салқын уақытта (жауын-шашында ауа райында) – жылынуын ұйымдастыру көзделеді. Жеке құрамды демалу мен жылынуға орналастыру үшін жақын маңдағы әскери бөлімдердің үй-жайлары, сондай-ақ жергілікті органдармен келісім бойынша клуб, мектеп ғимараттары, елді мекендердегі шаруашылық және басқа да үй-жайлар пайдаланылады. Егер мұндай мүмкіндік болмаса, жеке құрамның іздеу ауданында демалуы әдетте шатырларда ұйымдастырылады.

Іздеуді сәтті өткізу көбіне шекаралық іздеу жүргізу кезінде қызметтің жұмысын және әскери бөлімдердің азық-түлік қызметі барлық лауазымды адамдарының жұмысындұрыс ұйымдастыруға тәуелді болады.

Нақты уақыт пен ішкі және шекарамаңылық жанжалдар қатерлерінің, бұзушылардың мемлекет аумағына заңсыз өтуінің жол кесу бойынша қалыптасқан жағдайына байланысты шекаралық іздеу жүргізу кезінде қызметтік-жауынгерлік міндеттер орындағанда Ұлттық ұланның бөлімшелерін жан-жақты қамтамасыз ету бойынша тәжірибені зерделеу мен енгізудің өзекті қажеттігі бар.

Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – *жан жарың* сөзі. Бұл сөз *бейне хор жүзі, бейне бал сөзі* тіркестерімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – *нәзіктік, іңкәрлік*. Ал салыстыру көрсеткіші *бейне* сөзі.

Көріп отырғанымыздай, мысалдарда салыстыру көрсеткіш «*бейне*» көмекші сөзі арқылы жасалынған.

Сонымен компаративтік мағына беретін жұрнақтар тобы *-дай, -дей, -тай, -тей* және *бейне* сөзінің көмегімен жасалған М.Жұмабаев шығармаларында қолданылған теңеу қызметін атқаратын фразеологиялық компаративтер шығармаға ерекше әсер берді. Ойды бейнелі де көркем, әсерлі де тартымды етіп жеткізуге өз ықпалын тигізеді.

Ақын М.Жұмабаев фразеологиялық компаративтерді салыстыру мақсатында қолданған. Жалпыхалықтық қолданыстағы компаративтер шығарма шырайын арттырған.

#### **Пайдаланылған әдебиет**

1. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1968. –265 б.
2. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы, 1978. – 192 б.
3. Сәмекбаева Э. М.Мағауин шығармаларындағы фразеологиялық компаративтер. – Алматы, 2000. – 109 б.
4. Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. –Алматы, 2002. – 256 б.

\*\*\*\*\*

#### **АБИЛГАЛАМОВА К.К.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты  
тілдік дайындық кафедрасының оқытушысы, подполковник, Петропавл қ.

#### **ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ОРНЫ**

Тілімізде айтар ойымызды әсірелеп бейнелі түрде берудің жолдары көп-ақ. Соның бірі – фразеологиялық тіркестер. Фразеологизмдердің ең маңызды қасиеті оның бейнелілігінде, сонымен қатар мәнді мазмұндылығында. Фразеология – тілімізде кеңінен қолданылатын құбылыс. Көркем әдебиетте ауқымды орны бар, тіліміздің мейлінше нәрлілігін танытатын бірден-бір тілдік бірлік.

Фразеологизм (тұрақты сөз тіркестері) – семантикалық жағынан тұрақты байланыста болатын сөз тіркестері мен сөйлемдердің (сөйлемшелердің) жалпы атауы. Тұрақты сөз

тіркестері сөз тіркестері негізінде туған категория екені зерттеулерден танылады. Олар формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олар сияқты сөйлеу үстінде өзгертіп айтылмайды. Семантикалық құрылымы мен лексика-грамматикалық құрамының ара қатынасындағы тұрақтылықты сақтап, қайталанып отыратын қасиеті бар екенін тілші ғалымдар дәлелдеген.

Фразеологизмдер – (кең мағынасында – фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер) көркемсөз өнерінің ең құнарлы саласына тән ойлау нәтижесі мен халық даналығының туындысы. Тіліміздің бұл байлығы ғасырлар бойы қорланып қалыптасқан, толассыз дамып толығып отырған, әрқашанда қолданысқа дайын тұратын көркемсөз құралы болып саналады. Яғни, көркемсөз шеберлерінің өз шығармаларында түрлендіріп, сан құбылтып, пайдалануына болатын әсем де әсерлі, көркем де бейнелі сөз өрнегі. Әдетте фразеологизмдерге тән ерекшеліктердің бірі ретінде олардың тұлғалық, құрамдық және ішкі орын тәртібінің тұрақтылығы көрсетіледі. Әрине, бұл тұрақты тіркестерге тән жалпы заңдылық, бірақ қатып қалған, ешбір өзгеріске түспейтін құбылыс емес, белгілі шарттылыққа бағынатын заңдылық.

Жеке автордың стильдік ерекшелігі деп, ат қойып, айдар тағу үшін оның барша шығармасының түгел қарастырып, талдап шығу керек. Қазақ тіл біліміндегі лингвостилистика саласының маманы профессор Б.Шалабай көркем шығарманың тілін зерттеуге әр ғылым саласы өз ұғым-түсініктері тұрғысынан келеді, соған сай оны зерттеудің мынадай үш қырын ұсынады:

1. Таза тілдік қыр. Қай шығарма болмасын ол – өз тұсының тілдік бет-бейнесінің көрінісі. Сол сияқты көркем шығармада тілдің әр деңгейдегі құрал, амал тәсілдерінің жүйесі таңбаланады.

2. Стилистикалық қыр. Бұл жағдайда көркем сөздің, әдеби тілдің функционалды стилі ретінде өзіндік сипат-ерекшеліктері ашылады. Бұл – көркемсөз стилистикасының зерттеу объектісі. Көркем сөздің өзіндік ерекшеліктерін ашатын болғандықтан, ол да тілдің поэтикалық қызметінің мәнін анықтайды.

3. Көркем-эстетикалық қыр. Көркем шығарманың тілі сол шығарманың көркем бейнелі мазмұнын құрушы эстетикалық категория ретінде анықталады [1, 6].

Осы тұжырымды көркем шығармадағы фразеологияның қолданысына да қатысты пайдалануға болатынын осы мәселені зерттеуге арналған теориялық-әдістемелік еңбектерден табамыз.

Фразеологизмдер тілде екі түрлі қызмет атқарады. Біріншісі, номинативті қызмет, яғни белгілі бір заттың, құбылыстың атауы болуы, екіншісі, эмоционалды-экспрессивтілік мағына тудыруы. Фразеологизмдердің эмоционалдығы оның мағыналық коннотациялығымен, яғни экспрессивтілік сапа белгілерімен астасып қолданылады. Фразеологизмдердің метафоралық және стилистикалық экспрессияға байланысты мағыналарымен қатар, коннотация-фразеологиялық мағыналары да зерттеуді қажет ететін сала деуге болады.

Экспрессивтілік ең алдымен семантикалық категория. Себебі, экспрессивтілік фразеологизмдердің мағыналық жағынан жаңа сипат алып, оның мағыналық құрылымындағы қосымша реңктің кеңеюіне негіз болады. Экспрессивтілік лингво-стилистикалық категория ретінде жалпыхалықтық тілде қалыптасып, жеке қаламгерлердің шығармашылықтары негізінде көркем әдебиет те дамиды.

Академик М.Серғалиевтің «Көркем әдебиет тіліне тән ерекшелік – оның көп стильдігі. Мұның мәнісі – көркем әдебиет шығармаларында басқа функционалдық стильдердің элементтері кездесіп отырады деген сөз. Қандай да көркем туындының /әсіресе, прозаның/ көп кейіпкерлерден, оқиғалардан тұратынын ескерсек, тілдік құралдардың да көп түрлі пайдаланылатыны белгілі» - деген ғылыми пайымдауына сүйене отырып көркем проза фразеологизмдерінің әр түрлі стильдік реңкте қолданылатынын айта кету орынды деп санаймыз [2, 175].

Көркем туынды тілінің қызметі басқа стильдерге қарағанда күрделі деуге болады. Себебі, көркем әдебиетте адамдар арасындағы қарым-қатынас, кейіпкердің әр түрлі мінезі, қуану, ренжу сәттері, бір сөзбен айтқанда, психологиялық сезім-күйлері, әлеуметтік ортасы сияқты жағдайлар жазушыны әр сөздің эстетикалық мәніне көңіл бөлуге міндеттейді.

Қазақ тіл білімінде әдеби тіл стилі функционалды стильдер қатарынан танылуы керек. Яғни, көркем әдебиет тіліндегі басқа стильдердің элементтерінің болуы оның тек қана стильдік ерекшелігі ретінде қарастырылады. Көркем шығарма тілінде метафоралық оралымдар, тілдің бейнелілік тудыратын көптеген элементтері, синонимдердің бейне жасау мүмкіндіктері толық пайдаланылады. Тілдің барлық лингвистикалық күш-қуаты жазушының поэтикалық ойлау шеберлігіне сай жүйелі түрде қолданылады. Көркем әдебиет тілі тек бейнелілігімен ғана емес, эстетикалық бағыттағы экспрессивтілігімен де ерекшеленеді.

Фразеологизмдер стильдік мақсатта өзгеріске түспей, халық тіліндегі қалпында да, трансформацияланған түрде де, яғни мағынасы мен құрылымында жаңа эмоционалды-экспрессивті мән беріліп те қолданылады. Фразеологиялық тіркестер аз сөзді, бірақ мағынасы терең болғандықтан, айтушының ойын әріден толғап, тыңдаушыға анағұрлым әсерлі әрі сенімді жеткізері сөзсіз. Профессор М.Балақаев фразеологиялық тіркесті, құрамындағы сөздердің мағыналарының айтылар ойға қатынасына қарай фразалық («қара қылды қақ жарды») және идиомалық («көз қырын салу») деп екіге бөледі [3, 109]. Қайсысы болсын, сөзіне экспрессивтік реңк беретін болғандықтан, сөйлеуші үшін аса ыңғайлы. Профессор Б.Шалабаев айтқан «әр түрлі эмоционалды сипаттағы өң-реңктер» беретін форманың бірі де осы [1, 95]. Бейнелі, астарлы мағынада өте қисынды жұмсалатын осы тілдік құрылымдар көркем дүниені поэтикалық деңгейінің биік болуына ықпал етеді. «Фразеологиялық тіркестер – семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Демек, белгілі бір қаламгерлердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып тану ерекше орын алады» [1, 95]. «Тұрақты сөз тіркестері қай жазушы болса да өз шығармасында қажетіне қарай қолданады», - деп ғалым М. Серғалиев айтқандай көркем прозадағы фразеологизмдерді қаламгерлер өз туындыларында халық тілінің бай қазынасынан көркем сөздің алуан түрлі өрнектерін мақсатты ойларына лайықтап алып отырғандығын байқаймыз [2,264]. Қаламгерлердің шығармаларында қолданылған фразеологизмдердің стильдік қызметін былайша топтастыруға болады: кейіпкердің ішкі сезімдерін айқындау (шалдыққан көңілге медеу тұттық); кейіпкерге портрет жасап, мінездеме беруде (ашық шырайлы, қой көз, тіл қатқан жоқ); бейнелілікті күшейту мақсатында (төбесі көкке жету, көкірегім қарс айырылып). Шығармаларда жұмсалған тұрақты сөз тіркестерінің айшықты бояуы күшті, экспрессивті мәні басым, кейіпкер қасиетін дөп басып, дәл бейнелейді. Бұл секілді суреттемелер оқырманға эмоциялық әсер туғызбай қоймайды және тіл байлығын ұштауда, мәнерлі де бейнелі тіркестермен сөйлеуде фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілге өткірлік сипат береді.

Фразеологиялық оралымдардың жазушы тілінде стильдік және құрылымдық жағынан өзгеріске түсіп, жаңа эмоционалды-экспрессивті мағынада келуі, олардың өздерінде бар көркемдік қасиеттерінің үстіне жаңа эстетикалық сипат дарытады. Жаңа сападағы тұрақты оралымдар автор және кейіпкер тілінде көркем-стилистикалық бояуды қалыңдатып, жазушының сөз ойнату шеберлігін танытады.

Көркем шығарма тілі басқа әдеби тіл түрлерінен экспрессивті-эстетикалық сипатымен ерекшеленеді де ұлттық тіл мәдениетінің дамуына өз ықпалын тигізеді. Көркем әдебиет тілі әдеби тіл стильдерінің жүйесінде оның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қаралуы тиіс. Ұлттық әдеби тіл дамуының барлық кезеңдерінде көркем әдебиет тілінің орны басым болады. Бұл оның (көркем әдебиет тілі) ерекше қасиеттерімен және көркем шығарманың таралу аймағымен сипатталады.

Қоғам өмірінің барлық қырларын жан-жақты көрсететін көркем әдебиет тілінде тілдің барлық құралдары (диалект, жаргон, кәсіби лексика, қарапайым сөйлеу тілі т.б.) авторлық баяндаудан гөрі кейіпкер тілінде оның көркем бейнесін ашуда қолданылады. Міне, осындай көркем, көп құрамдылығы арқылы көркем әдебиет тілі басқа стильдерден ерекшеленеді.

Көркем проза көркем әдебиет стилінің жан-жақты ашылатын, барлық қырынан көрінетін ерекше жанрлық түрі болғандықтан, көркем әдебиет тіліндегі барлық формаларды көркем прозадан кезіктіруге болады. Кейіпкер тілі, авторлық баяндау, диалог, монолог, пейзаждық суреттеулер т.б. көркем проза элементтері тіл шеберлігі арқылы ашылады.

Қазақ тіл білімінде академик Р. Сыздық жеке жазушы тілін тіл тарихымен байланыстыра зерттеу және қаламгердің әдеби тілдің дамуына қосқан үлесін айқындау мәселесін қойды Ғалым өзінің зерттеуінде фразеологизмдерді қолдануда тек көріктеу мақсатының ғана көзделмейтіні, сонымен қатар әдеби жанрдың стильдік тұтастығын, дәстүр жалғастығын сақтау сияқты суреткерлік талаптардың да тұратынына баса назар аудартады [4, 12]. Жалпы халықтық тіл тұрақты тіркестерінің стильдік, мағыналық, сандық, сапалық жағынан толығына көркем сөз шеберлерінің қосқан үлесі мол деуге болады.

Лингвист ғалымдар пікірлерін саралай отырып проза тілі фразеологизмдерін төмендегідей стильдік қабаттарға бөлуге болады деп ойлаймыз:

- 1) жалпыхалықтық тіл фразеологиясы;
- 2) әдеби (нормаланған) тіл фразеологиясы.

Осы екі үлкен топқа бөлінген фразеологизмдердің арасына қатаң шекара қоюға да болмайды. Себебі, көркем әдебиет тілінде кейіпкер бейнесін ашуда екі топтағы фразеологизмдер де тең қолданылады.

Проза тілі фразеологизмдері туралы айтқанда, оның поэзия, публицистика тілінде қолданылатын тұрақты оралымдардан айырмашылығы болатынын баса айтқан дұрыс. Себебі, поэтикалық лексиканың өзі прозалық шығармаларда жазушы дарыны мен дүниетанымына байланысты қолданылады. Жазушылардың фразеологизмдерді жаңа мән-мағынада қолдануы жалпыхалықтық айналымда жүрген фразеологизмдерге жаңаша жан бітіріп, оның экспрессивтілік қызметін жаңа бояумен әрлендіреді.

Фразеологизмдердің көркем прозадағы стильдік ерекшеліктері қаламгердің халық тіліндегі, авторлық тұрақты оралымдарды көркем шығарма бойында қолдану шабытына байланысты болатыны айқындалды.

Тіл біліміндегі фразеологияға қатысты кең мағынадағы түсінікке сай сан түрлі тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер халықтың даналығын сипаттайтын, тілімізге нәр беретін, бейнелі суреттеуге қажетті көркемсөз құралы ретіндегі тіл байлығымыздың бір саласы болып саналатыны белгілі. Оның жан-жақты теориялық негізі қазақ тіл білімінде І.Кеңесбаев, Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев, Н.Уәлиев, Г.Смағұлова және т.б еңбектерінде тұжырымдалды. Сонымен бірге тұрақты тіркестердің тілдік табиғатын тануда оның тілдік жүйедегі дағдылы қолданысынан тыс функционалдық-стилистикалық қырларын да зерттеудің мәні зор. Тұрақты тіркестердің бұл қырының жарқын көріністерін хас сөз шеберлерінің тезінен өтіп, шығармашылық көрігінде шындалған көркем туындыларынан табамыз.

Көркем шығармадағы тіл ерекшелігінің қазақ тіл біліміндегі шешімін табу жайында қатысты қазақ тіліндегі көркем проза тілін зерттеуші-ғалым профессор Б.Шалабай көркем әдебиет тілі сияқты біртұтас дүниені жете түсіну және толық түсіндіру үшін «қазақ филологиясында көркем әдебиет тілін зерттеудің қазіргі жағдайы көркем әдебиет стилистикасының жүйелі ғылыми-теориялық тұжырымдамасын жасауды қажет етеді» деген тұжырым жасайды [1, 12].

Зерттеушілер фразеологизмдердің көркем әдебиеттегі жұмсалуды қарастырғанда осы орайда, ең алдымен экспрессиялы-образды реңктері бар, поэтикалық сипаттағы түрлеріне назар аударады. Себебі, фразеологиялық тіркестер барлық стильдерде де қолданылғанымен, бейнелілік пен экспрессивтілік, негізінен, көркем әдебиетке тән және көркемдік құрал автордың жан дүниесі, шығармашылық идеясымен астасып, көркемдік құралы ретінде қызмет етеді.

Осымен байланысты ұлттық дүниетаным мен ана тіліміздің сөз құдіретінен нәр алып, ұлттық қасиеттерді бойына сақтап, сіңірген, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып қалыптасқан асыл қазына – көркем сөз үлгілерін заман озған сайын құлпырта қолданып, қырлап, жаңғыртып, жаңартып отыратын ақын-жазушылардың шығармашылығындағы тұрақты сөздердің қолданысын зерттеу – осы саладағы өзекті мәселенің бірі.

Соған қатысты тілші-ғалымдардың аса назар аударуға тиіс жағы – тұрақты тіркестердің құрылымдық-функционалдық қыры және олардың тілдік және сөйлемдік қолданысы. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің тарихи қалыптасқан дағдылы түрлерін авторлық қолданыс

тәсілдермен байланыстыра қарастыру, біздің ойымызша, олардың тілдік табиғатының мәнін ашып қана қоймай, сонымен бірге тілдік жағдаяттарға байланысты құрылымдық-семантикалық өзгерістер мен мағыналық ерекшеліктерін, стилистикалық мақсаттар мен авторлық қолданыс тәсілдерін, олардың іске асыратын тілдік құралдары мен тілдік тетіктерін көрсетеді.

#### **Пайдаланылған әдебиет**

1. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы: Респуб. баспа кабинеті, 1999. – 197 б.
2. Серғалиев М Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Рауан, 2002. – 160 б.
3. Балақаев М., Жанпейісов, Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2002. – 111 б.
4. Сыздық Р.Сөз құдіреті. –Алматы, 2007. – 241 б.

\*\*\*\*\*

#### **АҚПАНОВА Ғ.К., КАМЫРОВА А.Б.**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті (КеАҚ) «Филология» мамандығының 1 курс магистранты, Петропавл қ.

#### **ҚАЗАҚ ЖОҚТАУЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ МӘШҮР-ЖҮСІП**

Фольклор жанрлары көркем фольклор (художественный фольклор), ғұрып фольклоры (обрядовый фольклор) деп екі салаға бөлінетіні белгілі. Ғұрыптық фольклорды арнайы қарастырған Б.Абылқасымов: «Қалыптасқан фольклортанушылық ғылыми жүйе бойынша ғұрып фольклоры мынадай үш саладан тұрады:

- 1) Отбасының ғұрып фольклоры (семейно-обрядовый фольклор);
- 2) Маусымдық ғұрып фольклоры (Календарно-обрядовый фольклор)
- 3) Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры (Заклинательный фольклор)», - дейді [1, 11 б.].

Ғұрып фольклорда ата-бабаларымыздың елдік салты, мәдени, рухани ғұрпы, тағдыры ерекше жырланған. Ғұрып фольклорды қазақ мәдениеті мен дүниетанымының энциклопедиясы деуге болады.

Қазақ фольклорының жанрлық құрамының сан тарау, көп тоғысты алып арна екендігі белгілі. Сол ұлы арнаның бір саласы – отбасылық ғұрып фольклоры. Отбасылық ғұрып жырларын фольклордың басқа жанларынан ерекшелейтін ең басты сипат – отбасылық тіршілікпен тікелей байланысты болып келуінде, яғни адамның дүниеге келуінен бастап, ер жетіп, қоғамның белді мүшесіне айналу, ақыр соңы өмірмен қоштасар сәттегі соңғы сапарына дейінгі аралықты өлеңмен өрнектеп, әнмен әрлеп, өмір мен өнерді астастырып тірлік сәніне айналдыруында.

Отбасылық ғұрып фольклорының жүйелі зерттеле бастауы өткен ғасыр деңгейіне сай келеді. ХҮІІІ ғасырдан бастап, ХІХ ғасырдың соңына дейінгі аралықта хатқа түскен П.И.Рычков, П.С.Паллас, И.Г.Георги, И.Г.Андреев, А.И.Левшин еңбектеріндегі материалдар, негізінен, этнографиялық сипатта болды. Ал фольклорлық мәтіннің хатқа түсіп жарық көре бастаған уақыты ХІХ ғасырдың 2-ші жартысынан басталады. Олардың басында Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, М.Ж.Көпеев, А.Е.Алекторов, А.П.Харузин, Н.И.Гродеков, Я.Я.Лютш т.б. зерттеушілер тұрады. Жинақтарда ғұрыптық фольклор үлгілеріне ат қойып, айдар тағып қарастырылмағанымен, жекелеген жанрлық түрлері жайында құнды пікірлер жетерлік. Ал ХХ ғасырдың басында ғылым көгіне келген А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедұлы бастаған алаш арыстары қазақ фольклортануын жаңа сатыға көтерді.

Қазақ фольклорын зерттеу әртүрлі мақсатта жүргізілгендігі белгілі. Ол жөнінде фольклортанушы ғалым Н.К. Жүсіпов фольклорды зерттеу үш түрлі мақсатта болғандығын

айқындап береді. Олар: «Отарлау мақсатындағы зерттеулер», «Оқу-ағарту мақсаттағы еңбектер», «Ғылыми және ғылыми-көпшілік зерттеулер» [2]. Ресей билеушілері Қазан төңкерісіне дейін отарлау саясаты күшпен жүргізіліп келсе, кейіннен айлалы түрге көшкендігі тарихымызда сайрап жатыр. Қазақтың тілін, фольклорын, тарихын, мәдениетін білу арқылы отарлау жүргізуге болатынына көз жеткізіп, сол мақсатта зерттеу ісін жан-жақты жүргізе бастады. Отарлау саясатын жүргізу үшін Ресей билеушілері қазақ даласында әр түрлі мектептер ашты, газет пен журнал шығарды, тілі мен фольклорға қатысты жинақтар, оқулықтар, сөздіктер т.б. шығарды. Соның нәтижесінде ұлттық фольклортану мәселесі қолға алынды, отарлау мақсатында жиналған материалдар мен зерттеулер фольклортану ғылымының дамуына жол салды. Н.Қ.Жүсіпов: «Отарлау мақсатындағы зерттеулер бірнеше бағытта, негізінен тарихи-этнографиялық бағытта жүрді. Мұндай отарлау мақсатындағы фольклорлық зерттеулер сонау ХІХ ғасырдан келе жатыр» [2], - деп атап көрсетті. Сонымен қатар ғылыми еңбегінде: «ХІХ ғасырдағы кейбір жинақтар мен зерттеулер ашық түрде таза отарлық-миссионерлік мақсат көздегені мәлім. Сол үрдіс ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде де байқалды. Айталық, А.Алекторов, Н.Катанов, Н.Пантусов пен А.В.Васильев жарияланымдары ғылымдан гөрі миссионерлік мақсат көздегені аңғарылады» [2], - осы мақсаттағы зерттеулерді атап береді.

Ғұрып фольклор үлгілері – қазақ халқының рухани және әлеуметтік өмірінде үлкен роль атқарады. Олар жанры жағынан да, түрі жағынан да аса бай мұра, қазақи салтқа қатысты ұшан-теңіз өлең-жырларының бір түрі, отбасының айнымас серігі. Ғұрып фольклор үлгілерінің алуан түрлі қасиеті оның көркемдік-эстетикалық бітімінде ғана емес, халықтың тұрмыс-тіршілігімен, түсінігімен белгілі бір әдет-ғұрыпты атқару әрекетімен де етене жақын болуында. Оларды орындаудағы негізгі мақсат түрлі әдет-ғұрып, салт-кәдені атқару барысында осы оқиғаға қатысушылардың көзқарасын білдіру.

Кеңес өкіметі дәуірінде М.Ғабдуллин, М.Әуезов, Б.Уахатов, С.Сейфуллин, М.Сильченко еңбектерінде бірсыдырғы зерттелді. Сонымен қоса Ә.Марғұланның, Ә.Қоңыратбаевтың, Е.Тұрсыновтың, Б.Абылқасымовтың, Ш.Ыбыраев сияқты фольклортанушылардың еңбегінде, Н.Матыжанов, Н.Төрекұлов, Н.Жүсіпов, Г.Болатова сияқты ғалымдардың диссертацияларында фольклор теориясына, отбасылық ғұрып фольклорына қатысты қадау-қадау ойлар баршылық. Аталған ғалымдар фольклор жанрының жалпытипологиялық заңдылықтарын ескере отырып, ғұрыптық фольклор шығармаларын әр тұрғыда топтастырған. Тілдік тұрғыда қазақ фольклорлық мәтіндердің жалпы лексикасына этнолингвистикалық, тарихи-этимологиялық, лексика-семантикалық аспектілеріне академик Ә.Т.Қайдаровтың, Е.Жұбанов пен А.Ибатовтың, Б.Қарағұлова, А.Мұқатаеваның еңбектері арналды.

«Ұлттық ерекшелік», «халықтық рух», «этнос болмысы» ұғымдары ежелгі антикалық дәуірдегі еңбектерде-ақ бой көтеріп, еуропа және шығыс ғалымдарының еңбектерінде сөз етіле бастады.

Қазақ фольклорын ғылыми тұрғыда академиялық сипатта зерттеп еңбек жазылғаны да белгілі. Бұл бағытта зерттеу жүргізген ғалымдар фольклорды мейілінше дұрыс жазып алып, жүйелеп, сұрыптап, баспаға ұсынып, ғылыми сипаттама беріп, тұжырымдап ғылыми тұрғыдан саралап зерттеуге мән берді. Бұл кезеңдерде қазақ фольклоры жолжазба мен очерктер түрінде жазылған зерттеулер болды. ХІХ ғасырдағы қазақ фольклорын зерттеуші ғалымдардың фольклор жайлы тұжырымдары жалпылама сипатта болды және ол тек қазақ фольклорын өзге елдерге таныстыру мақсатын ғана көздеді. Бұл жөнінде зерттеуші Н.Жүсіпов: «Сөз жоқ, қазіргі қазақ фольклортану ғылымы тұрғысынан қарағанда, фольклордың әрі жиналу, әрі жариялану, әрі зерттелу тарихына қатысты толып жатқан мәселелері толық шешімін тауып, қамтылмағанын атап өтеміз. Бұлай зерттеу ол заманда мүмкін де емес еді. Оның үш себебі бар: бірі. – қазақ фольклортану ғылымының енді ғана қалыптаса бастауы; екіншісі – сол кездегі фольклорды зерттеген ғалымдардың арнайы фольклортанушылық білімінің аздығы; үшіншісі. – Кеңес үкіметі тұсында белең алған «кеңестік идеология» құралдарының, яғни «тап тартысы», «әдебиеттің партиялылығы», «маркстік-лениндік», не «лениндік-сталиндік» ұстанымдар бүкіл

ғылым, мәдениет т.б. атаулыға тұсау болып, өзіндік дамуына кедергі жасады» [2, 16 б.], - деп тұжырымдайды.

Қазақ фольклорын ХХ ғасырдың бірінші жартысында, яғни Қазан төңкерісінен кейін теориялық тұрғыдан зерттеу кеңінен жолға қойылып, фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын, сондай-ақ қазақ фольклорының жекелеген жанрларын зерттеу мәселесі өзектілігі жағынан жоғары болды. Кеңестік фольклористикада фольклор мен әдебиеттің өзара байланысы зерттеу нысаны болды. Осы кезеңде қазақ фольклорының әр түрлі жанрлары ертегілер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары т.б. зерттеле басталды. ХХ ғасырдың алғашқы жартысында фольклорды зерттеу ең алдымен оқу-ағарту проблемасына байланысты зерттелді. Осы жылдары А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан т.б. зерттеушілердің мақалалары, оқулықтары мен хрестоматиялары жарияланды. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» оқулығында жалпы қазақ әдебиеті жайлы зерттеулерімен қоса қазақ фольклортану ғылымына т.б. байланысты мол материалдар берілген және еңбекте ғалым «Жазу-сызу, өнер-ғылым жоқ анайы халықтарда жазба шығарма болмайды. Ондай халықтардың асыл сөздері анайы тілмен айтылған ауыз шығармалар болады. Сондықтан ондай асыл сөздер ауыз әдебиет, яки анайы әдебиет деп аталады», - деп фольклорға анықтама береді. Ғалымның еңбегі жайлы : «Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты кітабы әдебиет қисынына арналғанымен, онда қазақ фольклоры алғаш рет оқулық көлемінде зерттеліп, сипатталды. Оқулықта қазақ фольклорының эпос, ертегі, тұрмыс-салт жырлары т.б. тәрізді жанрлары алғаш рет іштей жіктеліп, олардың өзіндік ерекшеліктері, анықтамалары бірге берілді. Фольклортанушы А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабының «Ауыз әдебиеті» атты тарауында тұңғыш рет қазақ фольклортану ғылымы тарихында: фольклордың ішкі жанрлық жағдайы, сюжеті, бейнелер жүйесі, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, әрі фольклорлық жанрлардың іштей жіктелу шарттары, фольклордың атқаратын түрлі қызметтері хақында, фольклорға халықтың көзқарасы, фольклордағы тарих пен шындықтың арақатынасы т.б. – бәрі ғылыми жүйеге түсіп, теориялық тұрғыдан, тарихи-типологиялық зерттеу әдісі негізінде сараланған» [2], - дейді Н.Қ. Жүсіпов. Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» зерттеуі – қазақ фольклортану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан еңбек болып табылады. «Біз бүгін Ахаңның «Әдебиет танытқышын» Аристотель «Поэтикасымен» салыстырар едік. Мұның мәнісі – екеуі де: бірі грек әдебиетінің, екіншісі қазақ әдебиетінің алғашқы әліп-билері». Асылы, үздік қасиеттер бір- бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне солғұрлым ұқсас болады», - дейді З.Қабдолов [3].

Ғалым А. Байтұрсынов тұрмыс-салт жыры орнына «сарындама» ұғымы қолданылады да, оны іштей «салт сөзі», «ғұрып сөзі» «қалып сөзі» де бөледі. Ал жоқтау жанрына келер болсақ, аталмыш еңбекте А. Байтұрсынов «ғұрып сөзі» деп тараушасында жоқтауға мынандай анықтама берген: «Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға байланысты айтылады», - дей келе, жоқтауды көбінесе ақындар шығарып беретіндігін айтады [4]. Ахмет Байтұрсынұлының «Жоқтау» деп аталатын кітабы 1993 жылы жарық көрді. Кітапта өзінің көзі тірісінде жарық көрген, сондай-ақ ауыз әдебиеті мұраларын ұдайы жинап, өңдеген тынымсыз ізденісінің бір бөлігі ретінде танылған «23 жоқтау» енгізілген. Бұл жоқтаулар қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтыған, кітапты баспаға дайындаған Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қордың президенті ақынның немересі Самырат Кәкішев.

Ә. Бөкейханұлының әдебиеттану ғылымына қосқан еңбектерінің қатарына ұлттық қазақ фольклортану ғылымы жайлы жазған туындыларын айтамыз. Д. Қамзабекұлы Ә. Бөкейханұлының әдебиеттану ғылымына қосқан еңбектерін арнайы зерттеген [5].

Онда Ә. Бөкейханұлының қазақ фольклорына қосқан үлесі жайлы Н.Қ. Жүсіпов: «Ә. Бөкейханов қарастырған негізгі аспектілер: эпостың тарихилығы, қазақ фольклорының түрлері, шығу мезгілі, жыршы мен оның шеберлігі, қоғамдық ой-сананың жырда көрініс табуы, бейнелер, олардың атқарған идеялық қызметі, үлгінің көркемдік ерекшеліктері т.с.с. - әлі де қазақ фольклортану ғылымында өз маңызын жойған жоқ, және сол дәуірдің жетістігі болып саналатыны сөзсіз» [2], - дейді.

М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ө. Тұрманжанов, М. Қаратаев, Қ. Бекхожин, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан т.б. жазған, құрастырған оқулықтар мен хрестоматияларда қазақ ауыз әдебиеті оқулық көлемінде зерттеліп, сипаттама берілген. Бастауыш пен орта мектептерге арналған бірнеше оқулық, хрестоматияларда да қазақ фольклоры қамылған. Ал 1941 жылы қазақ ауыз әдебиеті туралы орта мектепке арналған оқу құралын ғалымдар Қ. Жұмалиев пен Ә. Марғұлан баспаға ұсынған. Оқу құралында фольклордың барлық жанры, тұрмыс-салт жырлары (жар-жар, сыңсу, беташар, қоштасу, естірту, жоқтау), айтыс түрлері (бәдік, жұмбақ т.б.), ертегілер, легендалар, батырлар жыры, лиро-эпос жырлары, тарихи жырларының ерекшеліктері, маңызы, тақырыбы, мазмұны, образдары, композициясы, стилі, тілі туралы жалпы түсінік беріледі. Фольклортану ғылымында жоқтау өлеңдері арнайы зерттеудің нысаны болмағанмен, жалпы фольклор және қазақ өлеңдеріне қатысты зерттеулердің арнасында әр қырынан шолу түрінде болса да қарастырылып келді. М.Әуезов фольклор туралы зерттеулерінде: «Фольклор деп халық әдебиетінің ішіндегі ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ, тақпақ және неше алуан салтқа байланысты жар-жар, беташар, жоқтау, естірту, қоштасу сияқты жырларды айтады», - деп тұжырымдап анықтама береді [6]. Сонымен қатар фольклорды халық әдебиеті деп танып және халық әдебиетінің ішкі жанрларын бөліп көрсетеді. Ғалым қолданған фольклор жанрларының аталымы бүгінгі таңда да қолданыста. М. Әуезов «Әдебиет тарихы» атты монографиясында фольклорды төртке бөледі. Олар: сыршылдық салт өлеңдері; әңгімелі өлеңдер; айтыс-тақпақ; ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ [6].

Қоғам қайраткері Х. Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» атты (1928) очеркі – фольклортану саласындағы маңыздылығы жоғары тұрған еңбектер қатарында. Зерттеуші халық ауыз әдебиетінің 47 түрін жікте көрсетеді. Х. Досмұхамедұлы алғаш рет қазақ фольклорының баспадан шыққан библиографиялық көрсеткішін жасайды, онда фольклор үлгісінің қай баспадан, қай жылы, қай жерде және кімнің атынан басылым көрген туралы мәліметтерді жинап, жүйелеп береді. Х. Досмұхамедұлының халықтық ырым-тыйым, түс жору, дем салу, бал ашу, үшкіру тәрізді емшілік әдебиетке қатысты жақтарын т.б. яғни ұзақ уақыт фольклорды зерттеушілердің, фольклор үлгілерін жинаушылардың тарапынан қарастырылмай келген мәселелер туралы айтуы маңызды. Ол жөнінде ғалым Н.Қ. Жүсіпов: «Халел Досмұхамедұлы «Қазақ халық әдебиеті» атты очеркісінде алғаш рет қазақ фольклортану ғылымының бай тарихын жүйелі зерттейтін жоба-үлгісін жасады. Ғалым өз еңбегінде өзіне дейінгі еңбектерді міндетті түрде қарастырған. Сол арқылы ғылыми еңбек жазудың алғышартын орындаған. Х. Досмұхамедұлы халық әдебиетін сөз өнері деп қана қоймай, сондай-ақ халықты танудың әрі этнографиялық, әрі тарихи дерек көзі ретінде дұрыс бағалаған. Ол қазақ фольклортанушы ғалымдары арасында алғашқылардың бірі болып қазақ фольклорының библиографиялық көрсеткішін даярлады. Фольклорды зерттеумен қатар Х. Досмұхамедұлы олардың орындаушыларына да алғаш назар аударды, жүйеледі. Ғалым саралаған ырым, дем салу, үшкіру, бал ашу, түс көру, қарғыс сияқты фольклор түрлері ұзақ уақыт фольклортанушылардың, фольклор үлгілерін жинаушылардың тарапынан тыс қалып келуі, - бәрі ғалым Халел Досмұхамедұлы еңбегінің маңыздылығын арттырады», - деп ғалым мұрасын жоғары бағалайды [2].

Кеңес дәуірінде жазуы С. Мұқанов та қазақ фольклортану ғылымына өз үлесін қосқандығы белгілі. Сәбит Мұқановтың елеулі еңбегі ретінде «Батырлар жыры» кітабының жеке жинақ болып құрастыруын атап өткен абзал. Кітаптың алғысөзінде фольклордың барлық жанрлары жан-жақты талданады және оларға тән ерекшеліктері қарастырылады. Ал «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1 том, Фольклор) атты ұжымдық еңбекте жоқтау туралы мағлұмат берілді. Кітап халық ауыз әдебиетін жинау, зерттеу саласында істелген жұмыстардың қорытындысы іспетті. Бұл еңбекте осыған дейін жазылған жеке зерттеулер жинақталып беріліп, халық ауыз әдебиетінің көптеген мәселелері жайлы соны пікірлер айтылған. Кітапта салтпен байланысты өлеңдер фольклордың ұсақ түрлері деп танылып, ғалым Б. Кенжебаев оны іштей төртке жіктеді:

- 1) мал шаруашылық туралы өлеңдер;
- 2) дін салт өлеңдері (наурыз, бақсы сарыны, бәдік, арбау, жалбарыну, жарапазан);



3) үйлену салт өлеңдері (әдет, салт, тойбастар, жар-жар, сыңсу-жұбату, бет ашар);

4) мұң, шер өлеңдері (қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау) т.б.

Ғалымның жоқтау өлеңдерін мұң, ер өлеңдеріне жатқыза отырып, мысалдар арқылы ерекшелігі жайлы сөз қозғайды [7].

Ә.Марғұлан ежелгі көшпелі тайпалардың тіршілігіндегі «патриархал қауымның әлеуметтік тұрмысы, жора-жосығы, өлікті қадірлеумен байланысты дәстүрлері – қоштасу, естірту, жоқтау, аза тқтып қайғыру, жылау, қадірлеп шығарып салу, басына белгі орнату, ас беріп, той жасау, сойыс қылу – бәрі бұрынғы көшпелі сақ, ғұн, үйсіндерден бері қарай қазақ пен қырғыз халқына дейін жеткен тарихи жоралар» [8, 36],- дейді. Міне, осы мұң-шер өлеңдер ел басына түскен күйзелісті қайғыны, қазаға ұшыраған мұң-шерін, көңіл-күйін, қаралы сезімін бейнелейді.

Тарихи дамудың белгілі кезеңінде қоғамдық-психологиялық негіз бұзылады да, тұтас цикл үш салаға ыдырап, әр саланың өзіне тән ғұрыптары қалыптасады. Ол үш сала – туу– ер жету – аза тұтуға байланысты болып келеді. Осыған орай жеке ғұрыптық ырымдар өзінше ерекшеленгенімен алғашқы сипаттық белгілерін сақтайды. Мұның өзі сонау есте жоқ ескі замандағы біртұтас көне ұғым-түсініктердің, дүниетанымға жетелейтін жол. Көне дүниетаным бойынша өлу – басқа әлемге ауысу ғана емес, басқа сипатта қайта туу. Ел тұрмысында үлкен мәнге ие болып, салт-дәстүрге сіңіскен, өзіндік мазмұн желісімен, көркемдік кестесімен халық жүрегін баураған – көңілін сұрау, қоштасу, естірту, жоқтау, көңіл айту, жұбату сынды халықтық үлгілер қоғамдық өмірде бүгінге дейін жалғасып келе жатқан өміршең формалар. Бұлар тек отбасылық ғұрып фольклорының ғана емес, жалпы телегей теңіз қазақ фольклорының ұлы теңізіне тау суындай құйылып жатқан таза да, тегеурінді арнаның бірі.

Сонымен ел тұрмысында үлкен мәнге ие болып, салт-дәстүрге сіңіскен, өзіндік мазмұн желісімен, құрылымдық және көркемдік сипатымен халық жүрегін баураған қаза ғұрпына байланысты жоқтау жырлар адамның рухани қажеттілігінен туып, мұң-шерді тарқататын, арманы мен өкінішін қатар жырлайтын көркем де, кемел баға жетпес мұра деуге әбден болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы: 1993. – 210 б.
2. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. – Павлодар: 2007. – 380 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері //Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т 2. – Алматы: 1983. – 464 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш.// Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 298 б.
5. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы мәселелері // Өлкетану. – Алматы: 2004, №1. – 117 б.
6. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: 1991.– 240 б.
7. Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – фольклорист. Монография . – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2011. – 195 б.
8. Марғұлан Ә. Шоқан және Манас. – Алматы: 1971. – 136 б.

**АҚПАНОВА Ғ.К.  
НУРГАЗИНА М.Б.**

М. Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ, «Филология» мамандығының  
1 курс магистранты, Петропавл қ.

**СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Поэма әдебиеттегі көне түр саналады. Поэмада оқиға ақынның немесе лирикалық кейіпкердің атынан баяндалып, олардың қоршаған ортаға көзқарасы шығарма мазмұнын анықтайды.

Қазақ поэмасы XIX-XX ғасырларда туып, қалыптасты делініп жүр. Ықылым замандар ахуалынан сыр шертетін батырлар жыры, ғашықтық жырлары, халық өмірінің шежіресіндей тарихи жырлар, бертінде қазақ әдебиетіне сіңісіп кеткен шығыстық сюжетке құрылған қиссалар әдебиетіміздегі романтикалық, реалистік поэмалардың ілкі тарихын, өсу бағытын, даму процесін ой көзінен себін тигізеді [1, 15 б.].

С.Торайғыровтың екі ірі поэмасы жариялылықтың жарық сәулесі түскенше жабық шығармалар сөресінен орын алып, оқырманнан жасырын, тасада қалды. «Таныстыру» поэмасы Алаш Орда басшыларын дәріптейтін, ал «Айтысы» байшылдық-ұлтшылдық пиғылды әспеттейтін зиянды шығармалар деген ат қойылып, айдар тағылып, тұтқындық күй кешті. Әдебиет тарихындағы ақтандақтар жойылып келе жатқан бүгінгі таңда «Таныстыру» мен «Айтыста» қалың оқырман қауымға қайтармау, С.Торайғыров шығармашылығына қиянат.

«Таныстыру» 1917 жылдың күзі мен 1918 жылдың қысында Сұлтанмахмұт Абай елінде болған кезінде жазылған. Ақпан төңкерісінен кейін Орынборда (1917, шілде) Советтердің Бүкіл қазақстандық I съезі, сол жылдың желтоқсанында тағы да Орынборда II съезі өтті. Қазақстан обылыстарында қазақ (қырғыз) комитеттерін сайлауға қызу дайындық жүріп жатты. Семей облысы Қазақтарының съезі 1918 ж, 14 (1) наурызына белгіленді. Төңкерістен соң елді жаңа жолға бастайтын азаматтар кімдер деген сұрақ тұрды. С.Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасы осы сауалға тура жауап бергендей еді [1, 17 б.].

Ақынның таңдап алған формасыда қызық. Поэма қара қазақпен оқыған зиялы адамның диалогына құрылған.

Туғанда құдай иіп мұндай заман,  
Сұрайтын бір сөзім бар сенен балам.  
Тап біздің осы Семей облысының,  
Көш басшы адамдарын айтшы маған.  
Біз дағы жоспарлайық өзімізше,  
Десе де түк білмейтін қазақ надан [2, 181 б.].

Қара қазақ сауалы. Шындығында заман өзгеріп, уақыт аумалы төкпелі қалыпта тұрғанда болашаған ойлайтын әр адамның қоюға тиісті сауалы. Сөз кезегі деген тиген оқыған да әңгіме тиегін ағытады:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,  
Демейді қандай қазақ оның оң көзі.  
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан.  
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі...  
Түймеге жарқылдаған алданбаған,  
Басқадай бір басы үшін жалданбаған,  
Көркейер қайткенде Алаш деген ойдан,  
Басқа ойда өмірінде малданбаған [2, 181 б.].

Поэманы оқығанда өлеңмен жазылған мінездемелермен танысып отырғандай әсерге бөленесіз. Есімдері поэмада аталатын қазақ зиялыларының жарқын бейнелері іс-қимылы мен, кескін келбетімен, мінез құлқымен көз алдына келіп тұра қалады. «Бірі күн, бірі шолпан, бірі

ай» Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов ел жұрты тарыққанда жол сілтейтін көсем, халық тағдыры безбенге түскенде көмекейлері бүлкілдеген шешен, тар заманда тәуекелге бел байлайтын перзентте екендігін қара қазақ айтқызбай ақ ұғады. Алты миллион қазақты соңдарынан ергізе алатындықтарына кәміл сенеді.

Төңкеріс тұсында еліне сіңірген еңбегін, қыранша самғаған ұшқыр қиялын «кірленбеген» таза жүрегін айрықша бағалайды.

С.Торайғыров кейіпкерін әншейін сөйлетпеген, оның тарихи негізі бар. Патша әміріне мойынсұнбаймыз, көтеріліске шығамыз деген қалың қауымды Семейде үгіт сөзімен, беделімен тоқтатқан Х.Ғаббасов көрінеді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов «Алаштың азаматына!» үндеу хат жариялап, елді бекерге қырылып қалудан сақтандырған еді: «Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбеске болмайды, мұны бұрында сан рет айттық. Көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде шаруаға кемшілікте келер, барған жігіт қазаға да ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. Көнбегенде көретін ауырлық-бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер» Бұл жанашырлық пікірді қиырдан болжап аңғарған Х.Ғаббасов лып ете түскен сезімге ерік бермей, ел-жұртын сақтап қалған [3, 38 б.].

Поэмада қазақтың кемеңгер ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы ерекше ілтипатпен, үлкен сый-құрметпен оқырман қуынышына бөленіп жырланады.

Ерте оянған кісінің біреуі осы,  
Бұл жұрттың түзеймін деп ант ұрғанын.  
Бұл жолмен Байтұрсынов Бөкейханға,  
Ақсақал бола алғандай осы кәрің...  
Бұл қазақтың мақсұты биік алыс,  
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.  
Қазақ деп жекелеме адамзат де.  
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс [2, 197 б.].

Шәкәрім барша қазақтың күллі адамзаттың ынтымағын көксеген, ақылшы, ойшы бейнесінде көрінеді. Адмгершілік, имандылыққа бастайтын ақсақалды қасиеті, қысылғанда қиыннан жол тауып шығатын кемел ақылы үлгіге тартылады. Абадың өзін көрмесесе, туыстық жағынан інісі, рухани ұстазы екендігін ерте ұғынған Сұлтанмахмұт Шәкәрімді жасы үлкен ақсақал ғана емес, терең тамырлы қайраткер, тұңғыш ойлы ғалым, ең бастысы, қазақ көркем ойының кемел суреткері дәрежесінде қабылдайды.

Нәзипа Құлжан келіні мен Нұрғали Құлжанұлына «Таныстаруда» лайықты орын берілген.

Ерлі-зайыпты Құлжановтар қазақ мәдениетінің тарихында мәңгілік із қалдырды.  
Ардақты бар нәзипа деген ханым,  
Газет, журналд жүзінде жұртқа мәлім.  
Оқыса сондай әйел шыған ед деп,  
Оқығандар бағалар сөздің дәмін...  
Сөз табар әр мәжідісте жарасымды.  
Білмейді аса сөйлеп адасуды.  
Оқыған еркектердің көбінен де,  
Әр іске ыңғайы бар жанасымды [2, 193 б.].

Нәзипа Құлжанова Семейдегі оқытушылар семинариясында мұғалім болған. Халқымыздың тарихына, ауыз әдебиетіне, тұрмыс-салтына қатысты, аса көп деректер жинап, кейбірін кезінде жариялаған. Ол қазақтың журналистерінің бірі. Аудармашы, жазушы. Балалар күтімі, ана мен бала денсаулығы жайлы кітаптардың авторы. Нұрғали да Семей семинариясында да сабақ берген. 1917 ж. сәуір айында Семейде облыстық съезд болып, комитет сайланғанда, Нұрғали Құлданов мүшелікке өтеді. Ол туралы «Нұрғали Құлжанов кім?» деген мақалада толық айтылған. Халыққа қызмет етерлік, басшы боларлық оқыған

азаматтар қайда болса да аз. Сондықтан анау-мынау демей, оқыған азаматтардың осындай заманда қызмет ету борышы ғой деп зиялыларымыз съезге жиналған өкілдерге Нұрғали Құлжановты таныстырып, комитетке мүше сайлаттырды».

Сұлтанмахмұт Торайғыров – екі дәуір тоғысында, аса күрделі кезеңде тіршілік кешті. Ол Ресей тарихының, Ресейге біріккен қазақ халқы тарихының аса бір өрлеу кезеңінде – тарихи дамулар, күрес-көтерілістер, қиян-кескі соғыстар, дүрбеленді революциялар дәуірінде жасады. С. Торайғыров поэма жанрын жаңа арнада дамытты. Сұлтанмахмұт өз заманының өзекті мәселелеріне арнап бірнеше поэма жазды. Атап айтқанда, «Кедей» поэмасы ғасыр басындағы қазақ кедейлерінің хал-жағдайын, сезім-күйін, ауыр тұрмысын бейнелесе, «Адасқан өмір» поэмасында ақын айналасында болып жатқан оқиғаларға, өмір құбылыстарына өз сезімі арқылы шолу жасайды. Қала ақыны мен дала ақынының айтысы түрінде жазылған «Айтыс» поэмасында қазақ даласындағы өзгерістер, әлеуметтік өмір көріністері суреттелсе, «Таныстыру» поэмасында төңкерістер заманындағы қазақ елін өрге жетелеген қайраткер азаматтар бейнесін сомдауға талпыныс жасалады.

Ол сюжетсіз поэмаларында өмірдегі сан түрлі мәселелерді кеңінен қамтып, өршіл ой-түйіндерін бүкпестен, өткір де ашық насихаттауға тырысты. Алғашқы поэмасы «Таныстыруда» Алашорда қозғалысы өкілдерін елге таныту мақсатын көздеді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтарды таныстырып, олардың «бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – ай» екендігін жазады, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. Алаш өкілдерімен қоса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шәкерімді ерекше атап көрсетеді. «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларының негізгі сарыны қоғамдағы әділетсіздік себептерін ашу, теңдікті іздеу болып табылады. Ақын бұл жайларды қазақ ауылы шеңберінен шығып, капиталистік қоғамға тән мәселелер ретінде қозғайды. «Адасқан өмір» – С. Торайғыров шығармашылығының зор табысы. Мұнда ақын аз ғұмырында көзімен көріп, ойымен түйген, білім-білігімен таныған тұрмыс өткелдерін өзіне ғана тән асқақ үнмен ашына, ақтара жырлайды. Поэmanın лирикалық кейіпкері түрлі кәсіппен шұғылданса да, ешбірінен қанағат, теңдік таппай, әділетті қоғамды аңсайды. Шығармада ақын түсінігіндегі болашақ жаңа қоғамның бейнесі жасалады. Шығарманың негізгі идеясы адам өмірді өз тілегіне бағындыра алады және соған ұмтылуға тиіс деген оптимистік қорытындыға саяды. “Кедей” поэмасының бас кейіпкері де өз ортасынан әділдік таппайды, қоғам мен адам арасындағы қайшылықты бітіспес күреске ұластырады. “Айтыс” поэмасы толық аяқталмаған, онда Торайғыров қала ақыны мен дала ақынын айтыстырып, екі ортаның қайшылықты жақтары мен адамға пайдалы тұстарын қатар алып суреттейді. Торайғыров шығармалары – ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің дамуын танытатын үлкен белес. Оның ізденістері «шындықтың ауылын іздеумен» байланысты, оның реализмі бұлтақсыз, жалтақсыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген, оның тенденциясы да сыншыл лирикасына негіз болды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының тілін зерттеуден мынадай жағдайлар айқын аңғарылады: ақын шығармаларында қазақ халқының жалпыхалықтық әдеби тіліндегі қарапайым сөздерді, қазақ кедейінің тұрмыс-тіршілігінде көп ұшырайтын, қызмет, кәсіп жайын, білім дәрежесін дәл бейнелейтін сөздерді көп қолданған; оның шығармалары қазақтың таза, әдеби тілінде жазылған, жазушының тілі, сөз қисыны, сөйлем құрылысы жатық, айқын, бұқараға түсінікті болып келеді.

Сұлтанмахмұт өз шығармаларында қазақ тіліндегі бұрынды-соңды жасалған жарасты сөз тіркестерін әлінше мол, орынды пайдаланған, заманындағы саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық жағдайларға, жырлаған тақырыбына сай оларды көп ретте байытып, өңдеп, ұстартып отырған; жазушының ол байыту, ұстартулары заңды, жарасты және халыққа ұғымды.

Сұлтанмахмұт бірқатар поэмаларында адамның күл-қалпын, мінез-қылығын суреттейтіндігін де аңғардық. Ол табиғатты суреттегенде оның жеке құбысыс көрінісін адам қалпына, адамның мінез-құлқына ұқсатса, адамның қалпын, мінез-қылығын, ісін суреттегенде

оны көбіне табиғат құбылыстарына теңейді. Сөйтіп, табиғат құбылыстарын шебер суреттегені сияқты, адам мінездерін де әдемі бейнелейді.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дүние, қоғам тануында саяси-әлеуметтік көзқарастарында бірсыпыра түсінбеушіліктер қайшылықтары бар. Сұлтанмахмұттың бұл қайшылықтарының себебі оның қоғамның даму тарихын түсінуде идеалистік көзқараста қалып қоюы.

Алайда Сұлтанмахмұттың дүние қоғам және олардың өзгерістері жайында философиялық пікірлер айтуы; капитализм социализм жайында жаңа прогресшіл тұжырым жасауы оның өз заманындағы түрлі ғылым табыстармен азды-көпті таныс болғанын марксизм классиктерінің кейбір шығармаларын оқығанын прогресшіл бұқарашыл болғанын поэмаларынан анық айырып, айқын сипаттай алдық.

Қай ақын-жазушының шығармаларында адам өмірінің, болмыстың дәл, жарасымды, көңілге қонымды сурет-картиналары көп болса, қай шығармада адамның өмірден, дүниеден алған әсері келісті көрсетілген болса, сол ақын-жазушы шығармаларының құны қымбат, өмірі ұзақ болады. Сұлтанмахмұттың шығармалары осындай шығармалар.

Қорыта айтарымыз, поэзия аса текті, терең, тұңғық, тұнық, адамзаттың жүрегін жарып шыққан сөз сұңғыласы, ой құдіреті десек керек. Сонда ғана біз шын ақынның талантына бас иеміз, поэзияның парасатты тегін ұғамыз.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің қысқа ғұмырында халқына мол әдеби мұра қалдырып кетті. Ол әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек еткен талантты қаламгер еді. Оның қаламынан жүзден астам өлең, бес-алты поэма, екі роман, он шақты мақала туды.

Сұлтанмахмұт шығармаларының тақырыбы – өз заманының шынайы көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы, ой-арманы. Ол өмір шындығын Абай үлгісінде бейнеледі. Сыншыл көзбен қарады. Өйткені өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен, ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеуден басталады.

Сұлтанмахмұттың лирикалық поэмаларының сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Еспенбетов А.С. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт. Ғылыми зерттеу. – Алматы: 2008. – 240 б.
2. Сұлтанмахмұт шығармалары. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 312 б.

## **АЛЬЖАНОВА Р.С.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты тілдік дайындық кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), капитан, Петропавл қ.

## **КОСЫНТАЕВ К.Б.**

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, Павлодар қ.

### **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ӨНІРДЕГІ БЕТБҰРЫСТАР**

Бүгінгі таңда ХХІ ғасырға нық қадаммен аяқ басқан Қазақстанның рухани әлеуеті зор екеніне көз жеткіздік. Енді оны сақтап, дамытуымыз қажет. Елбасы өз мақалаларында барлығымыздың алдымызда уақыт талабына сай жаңару міндеті тұрғанын айтып өтті. Бұл – бүгінгі күннің талабынан туындаған міндет. Әрі технологиялық өзгерістер жолында рухани жаңғырудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. «Тәуелсіз Қазақстанды мемлекет ретінде, ал, оның азаматтарын азат адамдар қауымдастығы дүниетанымымен қалыптастыру жолындағы ізденістерінің қисынды жалғасы болып табылады. Мұнда әлемдік және отандық тәжірибені ой елегінен өткізумен ХХІ ғасырдағы ұлттық сананың мәнді сипаты тиянақталып, оны замана сынағынан аман-есен алып шығатын жобалар ұсынылған» [1, 2 б].

Біздің ойымызша мақалада Қазақ елі бүгінгі жаһандану үдерісінде өзіндік болмысын сақтап қалуы үшін атқаруы тиіс бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерін көтерген. Тұңғыш Президент қоғамдық сананы жаңғыртудың бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы және сананың ашықтығы сынды алты бағытты көрсетіп берді. Мақаланың негізгі идеясы тамырын тереңге жайған ұлттық рухани құндылықтарды сақтап, жаңғырту, болашаққа қадам басудың негізгі баспалдағына аяқ басу.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» – жобасыелімізде осы мақсатта қолға алынып отырған алғашқы ауқымды жоба. Республика бойыншатарихи-мәденимаңызы бар ескерткіштер, киеліорындаржетерлік. Осы жайлы география ғылымыныңдокторы, профессор Д.Жақыпбай Қазақстан халқы Ассамблеясы алған сауалнамада «Сондықтан, өз басым еліміздің киелі жерлерін түгендеу арқылы ішкі туризмді ғана емес, сыртқы туризмді дамытуға, өркениетті елдер секілді туризммен ақша табуға бет бұратын кез жетті. Туризм экономикалық тұрғыдан жобаның пайдалы жағы болса, жалпы Қазақстанның киелі жерлеріне арнап арнайы кітап шығару арқылы рухани дүниемізді дамытсақ деймін» - деп ойын білдіреді [2].

Елбасы қоғамдық сананы жаңғырту мақсатында нақты жоба-бағдарламалар ұсынды. Олар: қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы, «Туған жер» бағдарламасы, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы.Айта кетсек,«Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы қызметінің негізгі мақсаты – өлкетану бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы, өлкетану саласындағы ағартушылық жұмыс, республикадағы өлкетану жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз ету, мемлекеттік және қоғамдық өлкетану ұйымдарымен, жергілікті мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері, Қазақстанның архивтері мен музейлерімен бірге ынтымақтастықта өлкетану тақырыбындағы ғылыми-зерттеу іс-шараларын ұйымдастыру болып табылады. Орталық қызметкерлері жергілікті ғалымдар, өлкетанушылармен бірігіп, қасиетті, киелі жерлерді анықтау мақсатында жұмыс сапарымен Алматы, Ақмола облысы, Ақмола, Алматы, Маңғыстау, Қарағанды, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында болды. Аймақтардан алынған мәліметтер бойынша жалпыұлттық мәдени мұра және жергілікті маңызы бар ұсынылған нысандарға сараптама жүргізілді.

Тұңғыш Президент бағдарламалық мақаласын жүзеге асыруда СҚО-да қоғамдық-гуманитарлық салада үлкен серпіліс болды. Өңірлік жобалық кеңсе ашылып, оның құрамы бекітілді. Өңірлік комиссия және сараптама кеңесі құрылып, оған мүшелікке беделді қоғам

мен ғылым қайраткерлері, Қазақстан халқы ассамблеясының, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, жетекші сарапшылар мен мамандар кірді. «Атамекен», «Рухани қазына», «Тәрбие және білім», «Ақпарат толқыны» бағдарламалары бойынша 2017-2022 жылдарға бір республикалық 43 кіші жоба және 282 іс-шара өткізу жоспарланған. Республикалық іс-шараға Солтүстік Қазақстан аумағында «Ботай» мұражай-қорығын құруы еңген еді. Жалпы осы күнге дейін рухани жаңғыруға бағытталған 157 шара жүзеге асырылды. Елбасының бағдарламалық мақаласында көтерілген «Туған жер» бағдарламасының екінші бағыты – табысқа жеткен кәсіпкерлердің көмегімен аумақтарды инфрақұрылымдық жағынан дамыту, демеушілік. Демеушілердің көмегімен облыс көлемінде қайырымдылық шаралары сәтті жүзеге асырылуда.

2017 жылы С.Мұқанов атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханада латын әліпбиін оқыту орталығы ашылды. Зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен латын әліпбиін оқыту мәселелері мен алда тұрған мақсат, міндеттер көрсетілді. 2018 жылы Петропавл қаласында М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-да «Рухани жаңғыру» жобалау кеңсесі сонымен қатар СҚО Петропавл қалалық білім бөлімінің жанынан «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі «әл-Фараби» мектеп-лицейінде ашылды. Жобаның басты мақсаты — Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айқындалған міндеттерді жүзеге асыру ұлттық құндылықтарды жандандыру болып табылады.

С.Мұқанов атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында ашылған «Өлкетанушы» клубы елбасының аталмыш бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруда өз үлесін қосуда. Клуб мүшелері тарихшылар, кітапхана, мұражай қызметкерлері, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ оқытушылары, қала мектеп мұғалімдері. Клубты құрудың мақсаты кітапхана қорын СҚО туралы басылымдармен толықтыру, ең бастысы өлке зерттеушілерімен қарым-қатынас жасау, тығыз ынтымақтастық, пікір алмасу мүмкіндігін беру болып табылады.

Аталмыш бағдарламалық мақаланың тағы бір маңызды бағыты Тәуелсіз Қазақстанның жаңа батырларын танып білу. Сол себептен арамызда жүрген бүгінгі күннің тұлғаларын «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы аясында дәріптеу, солтүстікқазақстандықтарды шабыттандырамыз анық. Елбасының айтуынша, бұл «Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы». Тәуелсіздік жылдары өңірдің дамуына зор үлес қосқан адамдар жайында «Солтүстік Қазақстан облысының танымал адамдары» этнографиялық анықтамасын шығару жоспарланып отыр.

Кең байтақ қазақ жері байлыққа ғана толы емес, сұлулыққа да тұнып тұр. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы еліміз үшін мәні зор тарихи ескерткіштердің, стратегиялық нысандардың рухани маңыздылығын арттыруды, туризм инфрақұрылымын дамытуды көздейді. СҚО үшін киелі жерлер – көл, ормандармен қатар, жылқы малы алғаш рет қолға үйретілген «Ботай» археологиялық қонысы, «Абылай хан резиденциясы» мұражай-кешені, «Қарасай мен, Ағынтай батырлар» мемориалдық кешені, атақты ғалым Ш.Уәлихановтың атақонысы – Айғаным қонысы, М.Жұмабаевтың туған жері – Сарытомар және тағы да басқалары. Ассамблея бұл жобаны да жүзеге асыруды қолға алды. Бұл жерде құнды ғылыми материал ретінде жүзеге асырылған «Ұлы дала елі» жобасын атап өтуге болады.

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ археологиялық зертханасының базасында 2010 жылғы қаңтарда Археологияның оқу-ғылыми орталығы (АОҒО) құрылды, 2019 жылы СҚМУ «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтының құрамына кірді.

Тұңғыш Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын іске асыруға байланысты 2017 жылғы 17 тамыздағы ҚР Президенті жанындағы «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Ұлттық комиссия отырысының хаттамасы аса маңызды орын алды.

АОҒО мақсаты СҚМУ ішінде, сондай-ақ республиканың, жақын және алыс шетелдердің академиялық пен оқу орталықтарымен ғылыми ынтымақтастықтың перспективалық түрлерін дамыту, Қазақстан мен Еуразия халықтарының өзара іс-қимылының

тарихи тәжірибесін практикаға енгізу болып табылады. Оның қызмет саласына Солтүстік Қазақстанның ежелгі және дәстүрлі мәдениетін дамытудың қазіргі заманғы тұжырымдамасын құру, археологиялық объектілерді мұражайландыру, көрмелер, этноархеологиялық ансамбльдер ұйымдастыру, тарих, археология және тарихи-мәдени мұраны қорғау мәселелері бойынша дәрістер, Қазақстан тарихы мен археологиясы бойынша оқулықтар, құралдар дайындау және басып шығару кіреді. Орталық халықаралық ғылыми байланыстарды белсенді дамытумен қатар, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей ғылыми мекемелерімен және ғалымдарымен бірлескен археологиялық жобаларды орындайды.

АОҒО қызметінің негізгі бағыттарының бірі 1967 жылдан бастап 50 жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының ұйымы болды. Өткен жылдары бірқатар монографиялар жасалып, 500-ден астам ғылыми мақала жарияланды. Экспедиция материалдары бойынша тоғыз кандидаттық және төрт докторлық диссертация қорғалды. Жыл сайын ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Ә. Марғұлан атындағы археология институтына есеп дайындалады [4].

Солтүстік Қазақстан облысының археология ескерткіштері негізіндегі мәдениет пен рухани құндылықтардың зерттелуі Елбасы мақаласында егжей-тегжейлі жазылған «Мәңгілік ел» және «Туған жер» – «ұлттық идеясының» контекстінде өтті. Археология оқу-ғылыми орталығының зерттеулері соның талаптарына сәйкес жүргізілуде. Дивергентті (бір проблеманың көптеген шешімдерін іздеуге жол беретін) орталық жұмысының сипаты бойынша археологиялық ескерткіштердің материалдары арқылы ежелгі тарихи оқиғалардың кең ауқымын қамтиды. «Негізін ежелгі тайпалардың шаруашылық қызметін қайта құру және олардың материалдық негізінде ежелгі технологиялар мен машинаға дейінгі өндірістерді қайта құру жөніндегі жұмыстар құрайды. Киім, бас киім және аяқ киім коллекциясы ежелгі үлгілерге ұқсас, әшекейлер, тұрмыстық және қару-жарақ заттары, ашық аспан астындағы мұражай экспозициясының негізін құрайтын әр түрлі дәуірдегі тұрғын үй құрылыстарын қайта жаңарту жасалады» [4]. Орталық жұмысының маңызды бағыттарының қатарында қасиетті нысанда ашық аспан астындағы мұражай – Долматово ауылындағы Ақ-Ирий қалашығы мен коммерциализациялауға жағдай жасау; «Замант аспасы» сайты үшін материалдар жинау (ұлттық идея контекстіндегі Отандық тарих бойынша жүйеленген, хронологиялық реттелген, интерактивті сайт, онлайн-жоба); «Керей руынан Сүйіндік батыр – қазақ халқының аты аңызға айналған тұлғасы» ғылыми жобасын жүзеге асыру; СҚО тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің электрондық жинағы үшін материалдар дайындау және оларды геоақпараттық жүйелер көмегімен картографиялау (ғылыми жоба).

Арнайы экспедиция кезінде мазармен бірге үлкен қаланың орны табылған. Экспедиция жетекшісі, Margulan Centre басшысы, әйгілі археолог Т. Смағұлов бұл мазарда Жошы ханның ұрпағы жерленуі мүмкін деген болжам жасап отыр. «Тарих беттерінде Алтын орда дәуіріне қатысты деректер өте сирек кездеседі. Сондықтан мұндай бірегей мазардың табылуы біз үшін үлкен жаңалық. Қолымызда бар жәдігерлер негізінде біз бұл жерде өмір сүрген тайпалардың егін және мал шаруашылығымен айналысқанын байқаймыз. Қазба жүргізілген жерден төрт қабір табылды. Осыдан-ақ, о баста мәйіттерді жерлеу рәсімінің ислам діні негізінде жүзеге асырылғаны аңғарылады. Археологиялық нысан аумағынан темір дәуірінен сақталып қалған түрлі ескерткіштер табылып отыр», - деді Тимур Смағұлов [5].

Т. Смағұловтың айтуынша, Сілеті өзені бойындағы құрылыстар туралы алғашқы ескертулердің бірі қазақ қоғам қайраткері, ғалым, этнограф Ә. Бөкейхановтың жұмыстарында кездеседі. «Ә. Бөкейханов қазақ даласы мәдени мұраға бай деп санаған, және «Орыс Географиялық қоғамының Известиясында» Сілеті өзенінің жағасында орналасқан жұмбақ құрылыстар туралы жазба жазған. Кейін академик Ә. Марғұлан Қазақстанның дала аймағының қалалық өркениетін зерттей отырып, Солтүстік далада ортағасырлық тұрақтар, бекіністер, құлыптар, кесенелер болуы мүмкін деген болжам жасады. Бұл археологиялық растауды талап етті. Біз сынған кірпішпен қаныққан бөгендерді көргенде осы жерде қазба жұмыстарын жүргізу идеясы пайда болды» – деді Тимур Смағұлов [5]. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты А. Плешаков табылған артефактілер мен



қорғандар Сілеті өзенінің бойындағы қалашық бірнеше жүзжылдай тұрғанын дәлелдеуі мүмкін екенін атап өтті [5]. Қазба нәтижесінде Алтынорданың стандарты деп аталатын төртбұрышты күйдірілген кірпіштен жасалған, ені 3 м дейінгі қуатты қабырғалары бар құрылыстың қалдықтары табылды. Дәл осындай 25, 24 см көлеміндегі кірпіштерден кесенелер, мешіттер, Алтын Орда заманындағы қалалар салынды. Археологтардың пікірінше, XIV ғасырдың екінші жартысының ортасына жататын ортағасырлық кесененің Жошы хан әулетінің Шыңғыс ханның билеуші үйінің өкілдері жерленген.

Ғалымдар бұл жерде бүкіл қала табылуы мүмкін, оның тұрғындары кең инженерлік білімі бар, өте жақсы сәулетшілер мен құрылысшылар, геологияда түсініктері болған деп айтуда. Кірпіштерді қалау үшін байланыстырғыш ерітінді ретінде олар күйген гипсті пайдаланды, оны өндіру туралы айтпастан оның кен орнын табу оңайға соқпайтын атады. Сонымен қатар, ғалымдар бөгеттер мен арықтар түріндегі ежелгі ирригацияның көптеген іздерін, сондай-ақ су көтеру механизмдерінен керамикалық ыдыстардың сынықтарын анықтады. Табылған заттар сол уақытта адамдардың суармалы егіншілікпен айналысқанын көрсетеді. Қазба орнында күміс және алтыннан жасалған зергерлік бұйымдар да табылды. Әйелдер алтын сырғасы және күміс жапсырмалар, сондай-ақ кірпіш, ыдыс сынықтары да табылды. Табылған кесененің бір ғана бұрышы зерттелген. Тарихшылар XIV ғасырда мұндай мазар Жошы хан әулетінің билеуші Шыңғысханның үйінен ғана хан әулетінің өкілдері үшін ғана тұрғыза алатынын атап өтті. Археологтар алда оларды одан да қызықты олжалар күтіп тұрғанына сенімді.

СҚО-дағы киелі жерлерді анықтап облыс жұртының кең ауқымына дәріптеу – Елбасының халыққа жолдаған міндеттерін атқаруға жергілікті әкімшіліктің бірдей бір үлесі деп білеміз. Ал қоғамды рухани жаңғырту дегеніміз – жаңа буынның бойына зияткерлік-рухани әлеуетті, патриотизмді және Қазақстанның болашағы үшін жауапкершілікті қалыптастыру арқылы болашаққа өзіне тән төл тұрпатын сақтаған, бәсекеге қабілетті ел ретінде қадам басуы болмақ екенін Тұңғыш Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласынан аңғардық. Қорыта айтқанда, аталмыш жобаның толыққанды жүзеге асырылуы біртұтас еліміздің ғана емес, жергілікті ұлттық-рухани тамырынан нәр алған жаңғыру үдерісін қарқындатпақ.

#### **Пайдаланылған әдебиет**

- 1 Назарбаев. Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан», 2017, 12 сәуір.
- 2 Достайұлы Ж. Сөзінен дәйексөз // Қазақстанның киелі жерлерін тугелдеу туризмды дамыту <https://assambly.kz/analitika>.
- 3 Салимов Н.К. Танымы терең халықпыз <https://sko.gov.kz/news/read>.
4. Плешаков А.А. // Северный Казахстан. - 2019. - 18 мая.
5. Испанова Н. По следам Золотой Орды // Казахстанская правда. - 2019. - 4 октября.

\*\*\*\*\*

## **АНЦИБОР Е.С.**

старший преподаватель кафедры языковой подготовки Военного института  
Национальной гвардии Республики Казахстан, г. Петропавловск.

### **ИЗУЧЕНИЕ КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ СВОЕЙ СТРАНЫ КАК ОДИН ИЗ СПОСОБОВ ФОРМИРОВАНИЯ ПАТРИОТИЗМА У БУДУЩИХ ОФИЦЕРОВ (на примере занятий по дисциплине «Иностранный язык» в Военном институте Национальной гвардии Республики Казахстан)**

Казахстан имеет многовековую историю и обладает большим количеством культурных ценностей, вошедших в сокровищницу мировой цивилизации. Изучение и охрана культурно-исторического наследия, а также создание правовых гарантий для исторического наследия народа Казахстана является одним из основных принципов государственной политики нашей Родины — Республики Казахстан. Первый Президент нашей страны Н.А. Назарбаев в своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» подчёркивает, что «первое условие модернизации нового типа — это сохранение своей культуры, собственного национального кода, ... история и национальные традиции ... это платформа, соединяющая горизонты прошлого, настоящего и будущего народа» [1].

Концепция воспитательной системы Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан выстраивается с ориентацией на модель выпускника как гражданина-патриота, образованного человека, личность свободную, культурную, гуманную, способной к саморазвитию. Такой системный подход позволяет сделать педагогический процесс более целесообразным, управляемыми и, самое важное, эффективным.

Исходя из этого, главной целью нашего вуза является создание образовательно-воспитательной среды, способствующей патриотическому, духовно-нравственному, физическому развитию и социализации курсанта через обеспечение доступности качественного образования в условиях эффективной работы вуза.

Работа по достижению данной цели ведётся по всем направлениям, в том числе и на занятиях по дисциплине «Иностранный язык». За основу планирования своей деятельности мы берём Программу «Рухани жанғыру», которая, на наш взгляд, является главным вектором развития современного казахстанского образования.

Программа «Рухани жанғыру» определяет патриотическое направление, выраженное в любви к родной земле, ее культуре, обычаям и традициям казахского народа.

Чтобы наша Родина стала процветающей, конкурентоспособной страной, мы должны привить подрастающему поколению уважение к историческим традициям, культуре родной земли, духовной культуре. Патриотическое воспитание молодежи — это часть государственной молодежной политики страны. Быть патриотом своей страны - всегда большая честь для любого человека, имеющего гордость и собственное достоинство. Но патриотами не рождаются, ими становятся. И задача преподавателей любой дисциплины воспитывать патриотизм в своих учащих. Воспитывать на занятиях, в личных беседах, при проведении воспитательных мероприятий. Быть патриотом — значит любить свою Родину, быть готовым встать на её защиту, гордиться родным краем, языком, традициями, обычаями своего народа [2].

Типовая учебная программа по дисциплине «Иностранный язык» уделяет большое внимание формированию патриотизма у обучаемых на основе изучения культурно-исторического наследия своей страны. Так на занятиях по преподаваемой нами дисциплине мы изучаем сакральные места Казахстана, историческое прошлое, традиции, обычаи и праздники Казахстана и т.д. По данным темам курсанты готовят доклады, пишут эссе, проводят круглые столы, делают сравнительно-сопоставительные анализы. Мы изучаем творчество писателей и поэтов нашей Родины, слушаем музыкальные произведения наших композиторов, обсуждаем отечественный кинематограф. В рамках проекта «100 новых лиц

Казахстана» нами изучается жизнь великих людей Казахстана, которые «своим умом, руками и талантом творит современный Казахстан» [1]. С 2019-2020 учебного года в программу введена тема «Духовное возрождение» («Рухани жаңғыру»). Содержание большинства заданий на занятиях по дисциплине «Иностранный язык» ориентированы на реализацию проекта «Туған жер», предложенного Первым Президентом Казахстана – Елбасы Н.А. Назарбаевым и выдвинутое Главой государства инициативы в статье «Семь граней Великой степи» [3], представляющей собой продолжение программы «Рухани жаңғыру». Нами проводятся такие мероприятия, как круглый стол «Традиции и обычаи моего народа», концерт «Под единым шаныраком», конкурсы эссе о родных странах и родных городах и др. Курсанты с удовольствием организуют и проводят данные мероприятия на разных языках, готовят национальные блюда, приносят национальные костюмы и музыкальные инструменты, готовят интересные выступления, проводят национальные игры. Нами придается большое значение изучению региональной истории. Уже не первый год курсанты, уходя в отпуск, получают задание написать эссе о родном крае, приложить фотографии исторических мест, буклеты и открытки о своей малой родине. Наши обучаемые с гордостью рассказывают о достопримечательностях своих регионов, демонстрируя наглядный материал. Несомненно, подобные мероприятия оказывают огромное влияние на патриотическое воспитание наших курсантов, обогащают уровень их культурного развития. Таким образом, мы следуем направлению модернизации сознания «Сохранение национальной идентичности» [1].

Задания, которые получают курсанты на наших занятиях, нацелены не только на изложение фактов, но и на умение размышлять, сравнивать, проявлять свои творческие способности:

-Подготовьте путеводитель по родному краю "Добро пожаловать в наш город!"  
Сделайте подборку самых интересных мест города.

-Подготовьте проекты: "Традиции и обычаи, связанные с рождением и воспитанием ребенка в Республике Казахстан и страны изучаемого языка",

-Составьте рекламный буклет для желающих посетить вашу страну.

-Подготовьте сообщение "Возрождение традиций в современном Казахстане". Выявите ключевые аспекты Концепции культурной политики РК.

Для того, чтобы выполнить задания подобного рода, необходимо в достаточной мере владеть фактическим материалом. А значит курсантам приходится детально изучать материал о культурно-историческом наследии своей Родины. Всё это вызывает у них живой интерес. На вопрос об актуальности и необходимости изучения данных тем курсанты уверенно отвечают: «Без прошлого нет настоящего и не будет будущего».

В силу того, что Казахстан — многонациональное государство, наши воспитанники — представители разных этносов. Кроме того, в стенах нашего вуза обучаются курсанты из Республик Таджикистан и Кыргызстан. Получается, что повествуя об истории и культуре своего народа, курсанты узнают информацию о разных народах. Принимая во внимание тот факт, что речь идёт о занятиях по дисциплине «Иностранный язык», наши обучаемые параллельно узнают англоязычные страны. «Возникает, так называемый, диалог культур, идея которого - открытость культур друг другу. Налицо взаимообмен и взаимообогащение культур» [4]. «Диалог культур направлен на сближение и взаимное обогащение культур личностей, субъектов образовательного процесса; он способствует расширению духовного, культурного кругозора, освоению универсальных общечеловеческих ценностей, развитию образного мышления, приобретению эмоционального опыта» [5]. В ходе диалога культур каждый из его участников стремится поделиться знаниями о своей Родине, говоря о которых испытывает чувство гордости. Таким образом, вовлечение наших воспитанников в диалог культур является важным компонентом формирования патриотизма.

Исходя из вышесказанного, можно сделать следующий вывод: формирование патриотизма является приоритетной задачей нашего вуза. Одним из способов формирования патриотизма является изучение культурно-исторического наследия своей страны. Данный процесс достаточно трудоёмкий, требующий сознательности, трудолюбия и равнодушия

наших курсантов. А задача педагогов заключается в том, чтобы пробудить в своих воспитанниках данные качества, задать им курс, быть наставниками, вдохновителями и одновременно равноправными партнёрами в достижении поставленных целей.

#### Список использованных источников

1. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. Электронный ресурс: <http://www.akorda.kz/ru/events>
2. Сартаев Ж.Н., Анцибор Е.С. Модернизация учебно-воспитательного процесса в рамках реализации программы «Рухани Жанғыру» (на примере занятий по дисциплине «Иностранный язык» в Военном институте Национальной гвардии Республики Казахстан) // *Áskerі Gylım-Akademiasynuń Habarshysy* - 2020 г. №2 (март), с.83-88
3. Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи». Электронный ресурс: <http://www.akorda.kz/ru/events>
4. Antsibor Y. Dialogue of cultures at the Foreign Language classes as one of the ways of forming patriotism and cultural development of the future officers of the National Guard of the Republic of Kazakhstan // Вестник Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан. – 2019 г., №4 (34), с. 91-95.
5. Мищерина И.В. Сущность и содержание диалоговой концепции культуры // Электронный ресурс: [https://superinf.ru/view\\_helpstud.php?id=3383](https://superinf.ru/view_helpstud.php?id=3383)

\*\*\*\*\*

#### АУБАКИРОВА Б.К.

Ш. Уәлиханов атындағы КУ КеАҚ, Көкшетау қ.

#### КОСПАКАЕВА Г.А.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті КеАҚ,  
«Филология» мамандығының 1 курс магистранты, Петропавл қ.

#### Ғ. ҚАЙЫРБЕКОВ ПЕН О. СҮЛЕЙМЕНОВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

Ғафу Қайырбеков поэзия, проза, аударма, публицистика жағынан жан-жақты қалам тартқан ақын болатын. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген ақын таланты туралы Сырбай Мәуленов ағасы: «Ғафу дүниежүзілік классикалық поэзияның асыл үлгілерін игерумен қабат халық фольклорын жете меңгерген», - деп бағалап, Есенғали інісі (Раушанов): «Шындығында, Ғафекең түп-затын іздесең – сонау дала абыздарына тірелетін, беріден қозғасаң, әр ел әдебиеттерінің озық үлгілерінен сусындап қана қоймай қажетін бойына сіңіріп өскен үлкен талант иесі болатын», - дейді. Ғ.Қайырбеков лирикаларынан әртүрлі жанрды байқауға болады: арнау өлеңдері («Абайға», «Күннен туған» (Мағжанға), «Бір уыс топырақ» (Бимағамбетке), «Мұқаң ескерткішіне», «Жайсаң жан» (Ілияс Омаровқа), «Қасымды еске алу», азаматтық жанрдағы жырлары («Ана тілі» (тіл туралы), «Бар ма екен деп ойланам», «Поезда қымыз шайқалып», «Кеудеге туған жердің нәрін жинап» (туған жер туралы), «Қайың да сапты қаракөк» (еңбек туралы) және т.б. Мысалы, махаббат лирикасына «Қаракөз қыздар» өлеңі:

Көптің көкте – жұлдыздар,  
Жар дегенде – жалғыздар!  
Жиналармысың мұншама,  
Жырға да құмар – бәріңсің!  
Өртерсің, көзің жұмсама,  
Бәрің де бір-бір жалынсың!  
Не деген өткір жанарың,  
Қандай бір оттан жетілді?

Махаббат деген қаланың  
Терезелері секілді.  
Бақытты қыздар, бал қыздар –  
Аяулы бақтың алмасы!..  
Сүйемін деп те айта алмай,  
Сүймеймін деп те айта алмай! [1,13 б.].

Осы өлеңнің лирикалық кейіпкері – талай ақын жырлап өткен, талай ерді батыр еткен, талай жанды мәжнүн қылып, бар адамзат басын иген аяулы да ару қыздар. Ақын өзге ақындар секілді қыз атаулының өне бойын, бет әлпетінің сұлулығын тәптіштеп сипаттап жатпайды, бір ғана көздерін нысанаға алып, сол арқылы ішкі сезімін, үнсіз арпалысын жеткізе білген. Көп дегенде жұлдыздарға, жар дегенде жалғыздарға балайды. Өлеңді мұқият оқып отырған адамға лирикаға толы, сыршыл өлең көп нәрсені аңғартып тұр. Бірде жалын атқан жанарларға ұшырастырмағын, өртеп жіберер десе, енді бірде кешкі қаланың терезелерінен оттай жарқыраған романтиканы танытады. «Жиналармысың мұншама, Жырға да құмар – бәріңсің!». Ақынның шеберлігі сонда, қыздарға деген сүйіспеншілігі арқылы өлеңге, жырға құмарлығын көрсетеді. Махаббат лирикасы мұнымен шектелмейді. Ақындар – сезім иелері, олар болар болмас құмырсқадай елеусіз тіршіліктің жүрісіне де шабыттың, қыр астындағы қиялдың көзімен қарайды да, әсем де көркем жыр туғызады.

Ақын шеберлігінің бір айғағы – осы өлеңде махаббат адресін Гоголь көшесінен тауып алуға жөн сілтейді. Неге десеңіз, Гоголь көшесінде өзі секілді талай жігіттер жүргенін, жарына айтар сөзін үлгертпей жатқан көпшіліктің нышанын білдіреді. Өз жарын қызыл гүлге теңеуі ақынның таза, пәк, адал жүрегінің жастыққа, сұлулыққа құмар көңілінен хабар береді. «Астанада көшесі бар Гогольдің, Алыс жүрсем көз алдыма келеді» деген жолдар жай ғана жалаң баяндалған секілді, алайда зер сала қарасаңыз, лирикалық қаһарман елден шалғай жүргенде көшені емес, сол көшенің бойындағы тәтті естеліктерді, сезім сергелдендерін көз алдына келтіретінін астарлап тұрғанын байқайсыз. Мысалға алынған екі өлеңінде де бір ғана «жұлдыз» сөзімен романтикалық қырын танытып отыр. Себебі, жұлдыз – биіктіктің, ерекше қиялдың символы. Өзге жандарға емес, тек өзін күткен жарына жұлдыздай боп көрінуі сезім иесінің махаббат аралында өр мінез танытуын дәлелдейді. Дара да, әдемі үндестік емес пе?!

Алып ақын, өлеңдері ылғи тартысты, сюжетті, қызық әрі көркем болып келетін О.Сүлейменовке тоқталайық. Ол да әр түрлі жанрда жырлаған қаламгерлеріміздің бірі. Мәселен, азаматтық лирика («Мәмбет батырдың дар алдындағы дұғасы», «Ришад, қыр қазағының баласы», «Бала кезден кәдімгі қара борбай», «Айналайын», «Куман жыры»), арнау жыры («Махамбетке», «Поляк жазушысы, бір кездегі Освенцим тұтқыны В.Живульскаяға») және т.с.с.

...Жатқан шағы майдан-тылдың қансырап,  
Бір келіншек тұрды бізден  
Хал сұрап.  
Күлімдесе,  
Қызараңдап қалушы ем,  
Он үш жасқа шыққан кезім ол, сірә.  
Өзі едім мен тамбай кеткен жауынның,  
Өзі едім мен үнсіз өткен дауылдың.  
Ол бұлаққа жуынғанда,  
Қуушы ем  
Сықсыңдаған бұзықтарын ауылдың...  
Осы шығар ертегімнің өлгені,  
Сынып тынды ашуымның шөлмегі.  
- Айналайын, ақымағым, - деп, -  
ақымағым! –  
Бауырына басып тұрды-ау ол мені!  
Ренжітпе,

Бетінен бір қақпағын.  
Аямайды ол өзіңнен жүрегін,  
Балалығын,  
Бау-бақшасын,  
Аптабын! [2,13 б.].

Өлеңнің соңғы жолдарынан-ақ қай өлең екені айтқызбай еске түсіп тұрған болар. Иә, Олжасқа тән «аптап», Сүлейменовке ғана лайық «балалықтың белгісіндей» болған осы бір лирикалық өлең алғашқы сезімнің піспеген, кемеліне жетпеген түрін танытып тұр. Өлеңді оқысаңыз, лирикалық қаһарманмен бірге ашуланып, бірге қызғанып, бірге қызараңдап ұяласыз. Неге? Өйткені ақын тілінің шеберлігі өлеңге сүңгітпей қоймайды. «Тамбай кеткен жауынға», «үнсіз өткен дауылға» балап, әдемі метафоралық тіркестерді қолданған. Жай бұзықтар емес, «сықсыңдаған бұзықтармен» тетелесіп жүргені лирикалық қаһарман бойындағы асаулық пен батылдықтан хабар береді. «Сықсыңдаған» деген сөзге «ұры қимылды, жіміскі қозғалысты, үнсіз ұрлана көз салуды» жинап, ақын сөз саптау шеберлігін байқатады.

Сенен басқа  
Тірлікте жоқ тілегім.  
Жүрегіме сағыныш көп түнеді.  
Үнсіз кетсең,  
Кінәлі сен емессің,  
Барлық пәле поштадан деп білемін.  
Сені ойласам,  
Мұңлымын,  
Беймазамын.  
Күндіз-түні хат жазам,  
Жыр жазамын.  
Болу үшін қасыңда бір-ақ сағат,  
Сегіз тәулік шегемін  
Жол азабын.  
Сен деп жүдеп,  
Сен деп мен елжіредім,  
Сен болмасаң,  
Менің де жоқ жүрегім.  
Өзінді күт,  
Мен сені күте алмадым,  
Жаратқаның жар болғай! –  
Деп жүремін [2, 29 б.].

«Қарғыс атқыр, почта кінәлі» деп аталатын осы өлеңінде лирикалық қаһарман лирикалық кейіпкерге деген сезімін бір ғана почтаның аясына сыйғыза көрсеткен. Сүйіктісі хат жазбаса да, оған шық жолатпайды. Барлығына почтаны айыптай, ренжи сөйлейді. Ыстық-ыстық сағынышын жүрегіне түнетіп, беймаза мұңлы күйге түсіп, махаббаттың машақатын тартқанын, бір сәт жанында болу үшін сегіз тәулік жол мехнатына да төзетінін жеткізеді. Жүдеген жүрек сүйгенін күте алмағанына қынжыла, егіле, елжіреді. Барлығын бір Аллаға тапсырып тұрса да, көңіліндегі тынышсыздығын баса алмағаны байқалады. Ғафуда Олжастағыдай өліп-өшу жоқ, сюжет байқалмайды, динамика білінбейді. Алайда екі ақынның да махаббат лирикасы өз стильдерімен жарасып, ақынның «мендік тұлғасын» айқындай түскен. Екі ақында да өзіндік бағыт, ақындық шеберлік бар. Ғафудағы махаббат салмақты да биязы үн шерткендей, ал Олжастың сезімінде балаң ой мен балауса нәзіктік байқалады. Ғафуда жалаң баяндау басымырақ, бірақ астарлап жеткізу шеберлігі жоғары. Олжаста «Мен! Мен!» деп таласқа түскен, тармаса жанталасқан бейнелі сөздер көбірек те, ашық айтып салатындығынан лирикасының астарына жасырынған құпия сыр жоқ.

Мағжанның маржан жырларына салсақ, олар былай деп үндейді:  
Бүгін сен көріп,

Қолыңды беріп,  
Қайғыменен қарайсың:  
«Сендім мен жазған,  
Сүйгенің жалған,  
Алдадың!» - деп жылайсың.  
Алдағаным жоқ,  
Арбағаным жоқ,  
Сен сөзіме, сұлу қыз!  
Тап сол сағат  
Сүйгенім хақ,  
Куә мынау көп жұлдыз! [3,103-104 бб.].

«Сүйгенім анық» деген бұл өлеңді оқып отырып, «Бұл не, ақталу ма? Ақталу болса, кімнің алдында?» - деп, лирикалық қаһарманның жағасына жармаса кеткің келеді. Өлең соңында кешірім сұрап, айыбын өтеу де жоқ, тек ақталу байқалады. Сезімдегі тұрақтылықты «бір жердің шаңын жұта берумен бірдей» деп, оқырманын күйіндіре түседі. Желдей есіп, байыз таппай жеккөрінішті болған жігіт ісіне ызаландырып, ашуға булықтыра іліп әкетеді. Сүйгеніне үнсіз де тілсіз, айсыз ашық аспанда самсап, жымыңдаған сан жұлдызды куә еткенін айтып, сүттен ақ, судан таза бола қалғаны оқырманды ренжітіп, ақынның өзінен алыстата түседі. Лирикалық кейіпкердің бейшара, алданып қалған, мүсәпір халін аяйсың. Бірақ осы бір ғашықтық дертіне байланған өлең жолдарының астарында ақын тарапынан «махаббат пен құмарлық сезімдерін ажырата біл, арыңды жасыңнан сақта» деген философиялық идея «үндемей шыңғырып» тұр емес пе?! Міне, шеберлік деп осыны айт! Жалындаған асау жастықты, махаббатқа мастықты суреттеу арқылы «ақылды тентек» кейпіне ене кету Мағжан ақындығын асқақтата түсері анық.

Ғафудың «Өмір» туралы бір тамаша өлеңі бар:  
Өмір тәтті  
өмір деген міне, сен.  
Өмір сапар –  
сапар шексең, жүр есен.  
Өмір нәзік  
өмір кірпік ұшында  
Сол кірпіктің жабылмауын тіле, сен! [1, 20 б.].

Әдетте, поэзиямен тілдескенде, не өмірге деген көзқарасың жақсарып, жақсылыққа құлшына түсесің, не болмаса осы жалғанды жалпағынан басып, өзгеріссіз бір қалыпты тірлікке көшесің, не өмірден баз кешіп, жаныңнан түңіліп кетесің. Бұны сөз өнерінің құдіреті деп түсінген абзал. Жоғарыдағы Ғафу ақынның «өмір жайлы» толғанысы оқырманына үлкен ой сала отырып, адам баласына құлшыныс сыйлайды, алға қарай жетелейді. Ол «өмір – тәтті» деп, еліте түседі. Ақын ай мен күннің, бұлбұл үнінің, гүл сыбырының дауысын есітіп, тілін білетін кісідей жандандыра сөйлетеді. Өлеңнің алғашқы шумағында шарттылық та кейіптеу де бар. Одан кейінгі жолдар басқаша сайрайды. Күнделікті күйбең тірлікте басымыздан өтетін құбылысты, яғни, науқастың жаны өмір сүруге қалай талпынатынын баяндап тұр. Тармақтардың тізбегі тілекке ұласып, соңында «Өмірдің нәзіктігі сондай, кірпігіңнің ұшына іле салады. Сол кірпіктің жұмылып, тәтті өмірден ерте озбауыңды ескертеді». Ақын бұл сөздердің астарында «қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырыңның қадірін ұғын, мағыналы етіп өткіз» деген философиялық идея тастап тұрған жоқ па!? Демек, бұл өлең лирика жанрының философиялық үлгісіне жатады.

Дәл осы ойды, дәл осы идеяны Олжас қалай өрбітеді десеңізші? «Ағайыммен әңгіме» өлеңінде:

...Қызықтырмақ кімді бұл  
Өмір деген кезінде.  
Өмір ыстық,  
Күн түгіл,

Көлеңкенің өзінде!...  
Тартқан өмір ілгері  
Алып қашып іргесін.  
Босқа кеткен күндерің  
Басыңды алып жүрмесін!...[2, 57 б.].

Осы екі шумақтан-ақ өмірге деген ынтықтық сезімді «көлеңкенің өзінде де өмір ыстық» деуі арқылы оятады, яки өмірдің өзі қызылды-жасыл әлем, бірде көлеңкесіне (қайғысын, мұңын) алады, бірде жарығына (қуанышын, тәттілігін) шығарады. Ақын осы сөздері арқылы адамды қиындықпен күреске шақырса, «босқа кеткен күндерің басыңды алып жүрмесін» деген кілт сөзімен өмірінді мағыналы, мәнді етіп өткізу керектігін үндейді. Оқырманды философиялық толғанысқа түсіреді. Міне, тегінде қазақ халқы «көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деп бекер айтпаса керек, екі ақынның екеуі де өмір тәжірибесімен бөлісіп, көрегендік танытып, адамға ақыл салып отыр. Олжастағы өлең өткірлігімен, Ғафудағы жыр байсалдылығымен сыр шертеді.

«Өмір» болып өріліп, Мағжан болып төгіліп көрелік. Ақын «Өмір» атты өлеңінде:  
...Өмір осы – бірде ол болар бұлтты,  
Қатты желді, дауылды, кейде отты.  
Құрып дымың, қайғырып, жас төгерсің,  
Бұлт ашылар – қайғының бәрі бітті [4, 211 б.].

Мағжанның төгіліп, әсерлетіп, шебер жеткізуі тамаша! Ғафу мен Олжастағы суреткерлікті қосқанда, Мағжанның жырынан жалғасын тапқандай. Табиғат құбылыстарын ғұмыр толқындарына айналдырып, қуаныш пен қайғыны «бұлт» арқылы ауыстыра салады. Өлеңнің идеясында «әйтеуір бір күндері төбеңе үйірілген қалың бұлт ашылар, төзім керек» деген үн бар.

Енді қаламгерлердің табиғат лирикасына тоқталайық. Ғафудың:  
Қоғалы көл Қорғалжын,  
Айнасына бұлт түскен.  
Жағасына қонған күн,  
Жамырап жұлдыз су ішкен.  
Жәрмеңкесі құстардың  
Күн шілдеде қызған шақ... [1, 37 б.]

немесе «Есіл» атты өлеңінде:

Елімнің ең шұрайлы жерін басып,  
Ағасың, кербез дариям керім ғашық,  
Жас исің, қыз қылығың сол баяғы  
Көрінген көкжиектей көңіл ашып....  
...Дариға, көп қой өзен Арқа жайда,  
Тамырдай тұс-тұсына тарқамай ма?  
Бірақ та сендей үнсіз, сендей назды  
Қыз өзен, шын бұраң бел  
қалқа қайда?... [1, 56 б.].

Алғашқы өлеңде кейіптеу тәсілі арқылы көлді айнаға балап, бұлт төңкеріліп түскендей, күн көл жағасына арайлап батты демей, қонақтатып, көктегі жамыраған жұлдыздар бейне су ішіп тұрғандай жандандыра суреттеген. Шілде айындағы шыжыған ыстықта көл жағасы құстар жәрмеңкесінің ордасына айналғанын шебер жеткізген. Ал екінші өлең динамикаға толы. Есіл өзенін алғашқыда әсем, шұрайлы жерге орналасқан, бұраң бел қыздай деген дәстүрлі эпитеттермен әспеттеп, құрғақтық көрініске бояғандай болады да, кербездік пен сылаң қозғалыс арқылы тіршілік салтанатын, зейнеттілік белгісін бейнелейді. «Жібектей толқындату» арқылы жұмсақтық пен бағалылық реңін асқақтатады. Толқынның тербелісін «басыңнан бір ән қайтып, бір ән барып» деген тармаққа сыйғызып тұр. Көп сөзбен созбақтамай, жағаға соққан толқынды келген әуенге, кейін кеткен тербелісті қайтқан әнге билете қояды. Лирикалық образдың жас иіске, керімдікке, қыз қылыққа құмартуы арқылы



қаламгер елтіп отырған жоқ, керісінше жарасымды нәзіктікті, зейнеттілікті безендіреді. Есіл өзенін назды бірақ үнсіз, бұраң бел қызға балауынан табиғат лирикасына терең сүңгуін аңғарамыз.

М.Жұмабаев «Өмір» бесігін былай тербетеді:

Адамға берген Тәңірі өзі аз өмір,  
Бұйрығы: «Жаса-дағы, жерге көміл!»  
Бірде мұз, бірде жалын, бірде дауыл,  
Құбылған өмір – сынап, бейне көңіл.

Тәңірі ием, жаратпасаң, онда нетер?! [4, 130 б.].

Ақында мұң, реніш, шаршау, безбен көңіл байқалады. Лирикалық қаһарман жаны астан-кестен: бірде «мұз», бірде «жалын», бірде «дауыл». Мағжан тіліндегі «сынап - өмір» тіркесі Ғафу өлеңінде жалғасын тапқан. Қуаныш пен қайғы қатар жүреді, өткен күндерден желді, салқын күз аңғарылады. Өлең соңында әлем-тапырық көңіл «Тәңірге арыз» айтып, «жаратпай-ақ қойғаның жақсы» деп, кәдімгідей реніш білдіреді.

Біз талдаған өлеңдер лириканың тек бір қырын ғана аша алды, яғни тақырыптық-мазмұндық жағынан ғана жанрларға жіктедік. Махаббат лирикасын, табиғат лирикасын, көңіл-күй лирикасын және философиялық лириканы таныттық. Енді қаламгерлердің келесі жұптарын басқа да шартты жанр (саяси, ода, арнау, рубайлар, т.б.) ерекшеліктеріне қарай талдаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қайырбеков Ғ. Сарыарқа саздары. Таңдамалы өлеңдер мен поэма. – Алматы. Жазушы, 1972. 232 б.
2. Сүлейменов О. Сүмбіле жұлдыз. Таңдаулы жырлар. – Алматы: Олжас кітапханасы, 2011. – 180 б.
3. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. (Құрастырған: Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. – Алматы: Жазушы: 1989. – 448 б.
4. Жұмабаев М. Туған жер. – Петропавл: 2008. – 382 б.

\*\*\*\*\*

### **АУБАКИРОВА Б.К.**

Ш. Уәлиханов атындағы КУ КеАҚ, Көкшетау қ.

### **ШАРИПОВА Г.А.**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті КеАҚ,  
«Филология» мамандығының 1 курс магистранты, Петропавл қ.

### **ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ**

Әбділда Тәжібаев қазақ әдебиетінде өзінің бет-бағытын анықтаған, өзіндік үні бар, тіл қолданысы ерекше ақын. «Әбділда творчествосына тән негізгі қасиет жаңашылдық тесек, ол ақынның дамылсыз ізденушілік еңбегінің нәтижесі», - деген болатын ғалым Х. Сүйіншәлиев [1, 256 б.]. Ақын жырларын қарастыру барысында ауыз әдебиетіне тән өрнектер мен дәстүр жалғастығын ғана емес, өлеңдерінде өзек болған, ішеі мағынасын байытқан жаңашылдық пен шеберлік қырларын да оқып танимыз. Әбділда ақынның тіл кестесінде ұлттық сипат ерекшеліктері айқын көрінеді. Ал поэзияның тіл кестесі қарапайымдылығымен құнды Ә.Тәжібаев өзінің ақындық, азаматтық ойын дәл жеткізу үшін халқымыздың бай тілін таңдап, талғап барып пайдаланады. Академик Қажым Жұмалиев осы жайында былай деп ой түйіндейді: «Жазушы халықтың бай тілін шетінен алып пайдалана бермейді. Солардың ішінен

ең көрнектілерін талғап, таңдап, сұрыптап алады. Өзінің ой сезімін оқушыларына жеңіл, өткір етіп жеткізе алатын сөздерді тыңдайды» [2, 86 б.].

Ақын поэзиясының лексикалық байлығын танытатын сөздер бар. Халқымыздың көркемдік қазынасын жетік меңгерген Әбділда ақынның сөздік қоры терең, сұлу сипаттарға жетік. Сөз парқын жақсы түсінген ақын өлең сөздерінің бағалы, мағыналы жақтарына назар аударады. Біз ақынның бір мағынаны әр түрлі болып келетін бірнеше сөзбер беру, яғни синоним сөздермен беру тәсіліне тоқталмақшымыз. Тұлғалары бөлек, мағыналары жуық сөздер болып табылатын синонимдер поэзия тілінің ең бір қажетті құралы болып табылады. Жырларын сұрықсыз, сөз қайталаудан ажырату үшін Әбділда ақын синонимдер әлеміне құлашын жая қол салған. Ақынның көкейіндегі ойын дәл түсіріп жеткізетін керекті сөздерін шеберлікпен қолданады. Мысалы:

Ойымнан өшпей жүрген көптен бері,  
Бір кескін көз алдымнан өткендегі.  
Ойымнан сол бір кескін айнымайды,  
Мейірімді жұлдыз жүзі әлі ұнайды [3, 256 б.].

Бұл өлеңде кездесетін «кескін», «жүзі» деген сөздер – бір мағына беретін синонимдер. Өлең өрнектілігін арттыру мақсатында «бет» сөзінің осы екі синонимдік түрін алған. Егер «Мейірімді жұлдыз кескіні» дерп алғанда өлеңнің суреттілігі солғындап қалар еді. Ақын өлеңдерінде осы секілді синонимдік жұптарды кейде әр жолдарда, кейде бір жол ішінде кездестіреміз:

Жасын құрған жылағанның, жәрдем бер,  
Өксігін бас, жылы сөз айт, әнденбір.  
Сенсін олар, саған алғыс арнасын,  
Ойларында титтей күдік қалмасын [3, 159 б.].

Осындағы «жасын құрғат», «жәрдем бер», «өксігін бас», «жылы сөз айт», «әлдендір» дегендердің бәрі өлеңге қатысты айтылған мәндес сөздер.

Әлің барда ая мені, жәрдем ет,  
Қолымда ұста, алақаныңды суытпай.  
Қорға, сүйе, қорландырма, пана бол!  
Көңілге дық,  
Көзіне жас жуытпай! [3, 2 б.].

Бұл өлең жолдары да алдыңғы келтірілген өлеңмен мәндес, үндес келеді. Ақын мұнда плеоназм тәсілі арқылы, синонимдік қатарлардың бір жол ішінде түйдектете келуін ұтымды қолданып отыр. Келтірілген өлең үзінділеріндегі синонимдік қатар құрып тұрған сөздердің бәрі де бір формада келген. «Таныстыр, мақтан ет, кәсіп ет, құралдан» типтес етістіктердің бұл септіктерді меңгеру қабілеті синоним жасауға мүмкіндік береді, - дейді М.Серғалиев. Өлеңдегі «ая», «жәрдем ет», «қорға», «сүйе», «пана бол» - бәрі де II жақ бұйрық рай формасындағы етістіктер. Осындай етістік тұлғасындағы сөздерінің бір формада келіп, синонимдік қатар жасайтыны жайлы ғалым М.Серғалиев егжей-тегжей айтқан болатын.

Әрине, мен бас иіп жағынбадым,  
Жалған сөйлеп, өтірік табыебадым,  
Аспаным кең, жерім кең, өзім де кең,  
Болғаннан соң мүмкін бе тарылмағым [3, 172 б.].

Мұндағы синонимдер: «жалған», «өтірік» дегендер. Көріп отырғанымыздай, ақын өлеңінде бір сөзді қайталамау мақсатында синонимдерге жүгінген. Бір жол ішінде келген, өлеңнің көркемдік құндылығын арттырған синонимдер тізбені ақында көптеп кездеседі. Мысалы: «ашылшы көзім, жарқырай түспі жанарым» (көз жанар), «Сен биіксің бәрінен, аспандасың» (биіксің, аспандасың), «Көңілі жүйрік, сезімтал, тез аңғарғыш» (сезімтал, тез аңғарғыш), «Мені де әжем әлдилеген, тербеткен» (әлдилеген, тербеткен), «Өз бойыңа көз жүгірт, өзің қара» (көз жүгірт, қара). Осы сияқты синонимдік қатарлар ақын өлеңдерінде молынан ұшырайды.

Тілде қатарласа омоним (айтылуы бірдей, мән-мағынасы әр басқа сөздер тобы) де жиі кездесіп отырады.

Әбділда ақын – сырлы сөздің шебері. Ол өлеңінде сыпайы, әрі суретті сөйлейді. Ақын көп ізденіп, көрікті ой жасайды:

Жанар жерде жанып өт,

Айқай-сүрең салып өт!

«Таныс дауыстар» [3, 19 б.].

Жанарына от, жүзіне нұр беріндер,

Жалт қарасын мен үйге кіргенімде [3, 248 б.].

Осындағы «жанар» - сөзі өлең жолдарында кездесіп отырған омоним сөздер. Бірінші сөздің мағынасы – отқа, алауға қатысты жан деген мағынада, ал екіншісі – көз деген мағынада келген.

Даламдай кеңмін,

Даламдай тегіс жазықпын,

Даламдай мен де

Жазықсыз болдым жазықты [3, 256 б.].

Өлең жолдарындағы «жазық» сөзі омоним сөздер болып тұр. Өлеңнің екінші тармағында жазық сөзінің мағынасы – кең, ал төртінші тармақтағы жазықтың мағынасы - «кінәлі» дегенді білдіреді. Омоним сөздердің осылайша бір өлең жолдарында кездесуі ұлттық поэзиямызда сирек ұшырайды. Әбділда ақын омонимдерді ойын дәл, көркем етіп беру үшін қолданған.

Пікір дәлелдігін арттыратын, ой көркемдігін дамытатын, шығармаға поэтикалық күш-қуат беретін компонент – антоним сөздер. Антоним сөздерді қолдану халық ауыз әдебиетінен бастап, бүгінгі әдебиетімізде де өте мол ұшырайды. Мысалы:

Келем ағып уақыт пен болашаққа,

Берешек те алдымда, алашақ та.

Берсем жұтап қалмаймын, алсам жарып,

Жоғалмаса болғаны жол мен жарық [3, 144 б.].

Мұндағы антонимдер: «берешек пен алашақ», «берсем, алсам». Қарапайым сөздер өлең шумағында қарама-қарсылық мағынада алынып, өлең өрісін көтеріп тұр. Ақын поэзиясында антоним сөздерге негізделіп жазылған тұтас өлеңдері де бар.

Адамның жақсысы бар, жаманы бар,

Шығады жамандардан пәле құмар.

Жақсының ұяты бар, морлі бар,

Жаманның ұялмайтын амалы бар.

Адамның адалы бар, арамы бар,

Арамға адалдың не амалы бар?

Адалдың еңбектеніп берері бар,

Арамның еңбексіз-ақ алары бар [3, 65 б.].

Өлең жолдарында кездескен «жақсы», «жаман», «адал», «арам», «еңбектеніп берері бар, еңбексіз-ақ алары бар» дегендер – бірімен бірі қарама-қарсылықта алынған. Ақын антонимдерді де жиі пайдаланып отырған: «Қадірсіздің өсегі шаң сияқты», «Қадірлінің өсегі заң сияқты», «Сен шапшаңсып, жүйріксің, мен шабанмын», «Досым да көп, ағайын, қасым да көп», тағы басқа тәрізді мысалдар ақын шеберлігінің бір қырын танытады. Әбділда Тәжібаевтың сөздік қоры халық тілінің үлгісінде келген. Синоним, омоним, антонимдерді ұтымды қолдануы оның шеберлігін танытады. Сондай-ақ, көркем тілі ой тереңдігімен ұштасып жатады. Өлең өрнектілігін арттыру барысында ақын кез келген сөздерді ала салмайды, тек қана қажеттісін таңдап, талғап алады. Осы орайда ғалым Т. Әбдірахманов былай деген болатын: «Өз ойын білдіру үшін адам кез келген сөзді қолдана салмайды. Осы көп мағыналы сөз нөпірінің ішінен айтайын деген ойы айқын, ашық, қысқа, тұжырымды етіп қана ұғындыратын сөздерді іріктеп пайдаланады. Ал бұл әркімнің қолынан келе бермейді.

Айтайын деген ойын дәл беретін көркем сөзді тауып қолдану – шешендік, ақындық, шеберлік» [4, 256 б.].

Әбділда Тәжібаевтың көркемдік сапасы жоғары поэзиясына тән қасиет – өрнектілік, бейнелілік. Өлеңдерінің тілі мағыналық байлығымен, сан қилы бояуларымен өзгешеленеді. Ақынның синоним, омоним, антоним сөздерді білгірлікпен шебер қолдануы өлеңдеріне сымбатты сурет, ажар дарытқан.

Қазақ шайырларының ішінде өз өнерінің мән-мағынасына, салмағына, ішкі сырына Әбділладан көп үңілген қаламгер кемде-кем. Рас, ол кісінің арғы - бергі замандастарында өлең туралы өлең жазғандар көп болды, бірақ олардың барлығы да шабыт шақырудан, буырқанудан, кез кездері кеуде соғып мақтанудан әрі аса алмады. Ал Әбділда шайыр болса, өткен ғасырдың 50-інші жылдары-ақ, әдеби қауымның өзін мойындағанына қарамастан, өз жазғанына өзінің көңілі толмай, өзін-өзі қомсынып бітті. Ол сонау елуінші жылдары-ақ атақты «Аралдар» атты өлеңдер кітабына енген бір өлеңінде:

Мен де сонау әуел бастан  
Әбділда боп жаралмастан,  
Құл боп кетпей қу қарынға,  
Теңізш болып туғанымда,  
Жатпас па едім сенше ырғалып,  
Тұрмас па еді жұрт таңғалып [3, 256 б.] –

деп, удай шындықты дүйім жұрттың көзінше айтап та салды. Бұл ешқандай да көлгірсу, поза жасау емес, керісінше үлкен шайырдың өзі мақсат еткен үлкен әдеби талаптардың үлесінен шыға алмай жүргендігіне өкіну еді. Бұл жердегі теңіз Әбділда үшін әдеби метафора ғана (Пушкиннің «Теңізге» деген өлеңін еске алыңыз), басқаша айтсақ, ол символ ретінде үлкен синтезден жасалған, неше алуан тақырыбы мен көтерген мәселесі бар, өз стилі, өз эстетикасы айқындалған тұтас бір әдеби әлем, өзгеше бір дүние. Міне, соны жасау үшін шайыр әлі де өзінің құлашының кеңге жайыла алмай, «қу қарынның құлы боп», жүргендігіне назырқанады, сол тұйықтан шығу жолын іздеп, алас ұрады. Сөйтсе оған кінәлі жәйттер баршылық екен. Ол шайырдың жан дүниесін толғантқан, тебіrentкен, оттай күйдірген өз мәселесінің, өз тақырыбының, өз жолының жоқтығы, ол бола қалған күннің өзінде, оның болмашылығы, күйкілігі. Әбділда осы жайын ойлай келе:

Мен де айтам деймін,  
Мен де айтам,  
Енді айтам деймін, -  
Немді айтам [3, 26 б.] –

деп қаты толғанады. Міне, шайырдың оқушы жұртшылыққа айтарының жоқтығы, өмірден көрген-білгенінің, түйген сабағының мүлдем аздығы, соған қарамастан, өз қатарынан қалыспай бұрқырата өлең деп бірдемелерді жазып жүргендігі оны жауапкершілікке дейтін үлкен бір ұғымға қарай жетелейді. Бұл жерде Әбділда шалқу, тасу, тоқмейілсу атымен жоқ, керісінше ол өзіне басқа бір жақтан көз тастап, оптиканың басқаша бір заңына сүйініп, үлкендердің кемшілігін айтуға именетін інілеріне қарап:

Шалдарға күлімсіреп қарайсыңдар,  
Жатыр-ау жандарыңда талай сыңдар.  
Әдеппен әлпештесіп ағаларды,  
Жаманын жарамдыға балайсыңдар.  
Өлең боп алдарыңнан көп өтеді,  
Ойға да, құлаққа да қолайсыздар...  
Бірімін мен де, інілер, сол ағаның,

Жақтырмас жастарының сынағанын [3, 86 б.] - деп ашық айтады. Бұл өлең 1957 жылы жазылған. Сол кездері осылай деп ашық айту, барға қанаған деп тоқпейілсімей, өзіне-өзі қатаң талап қоя білу, шын мәнінде, кішкене бір ерлікке парапар еді. Бұлай деп Әбділдаға дейін де, одан кейін де ешкім айта алған жоқ.

Бүгін бірін-бірі ұлықтап үйренген шайырларымыздың ешқайсысы да бұлай дей алмайды. Әрине, бұған ең алдымен Әбділданың өнерге деген нық сенімі, ақыл мен білімге негізделген әдеби фанатизмі бірден-бір себепкер еді. Ол осы жөнінде «Кешіріңіз» дейтін өлеңінде жасырмай да айтады. Онда бір дүмді бастық танысының кездесіп қалғанында, қалтаға жаратымды пұл болып құйылмас өлеңді қойып, ірі бір креслоға отыр дегенінде, онымен кедіспей, залданшығып кеткені жайлы сөз болады (бүгінгілер болса, қайтер еді, а?!). Міне, осылайша әкім болудан қашу, өзінің суреткер ретінде парызын түптен сезу, шынайы көркемделген поэзия жасасам деген талап Әбділданы тек қана өрге қарай сүйреледі.

Әбділда сыршыл лирикамен қатар жеке кісі бойында кездесетін жағымпаздық, сатқындық, мансапқұмарлық, ұятсыздық, зинақорлық, жалқаулық дейтін нәрселерді сынап та біраз өлең жазды. Бір ескерері, осы өлеңдердегі жеке кейіпкерлер бәріміз күнде көріп жүрген, бірақ анық аңдай алмай жүрген таныс-битаныс кейіпкерлердің дәрежесіне көтерілген. Міне, осындай дүниелер тудырған шайыр өткен ғасырдың 50-інші жылдары өзінің ең бір сәтті туындысы, поэзия жауһары – атақты «Сыр жырларын» жазды. Бұл өлеңдер циклы – шын мәнінде, Әбділданың шыққан биігі. Ол бұған дейін де Сыр туралы жазған болатын. Сонау 30-шы жылдары қазақ поэзиясына Еуропаның романтизмі әсер ете бастағанда-ақ, Әбділда соның ауазасына бірден құлап кетпей, Байрон, Шелли, Гейне, Пушкин мен Лермонтовтардың әдеби тәжірибелеріне басқаша көзбен қарағанды, сол тәжірибелерді тура көшіріп алмай, оны қазақ топырағында неге басқаша түрде қолдануға болмайды деп толғанған-ды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Толағай тұлға тарлан еді. Ә.Тәжібаев туралы естеліктер. – Алматы: Білім, 2008. – 293 б.
2. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 245 б.
3. Тәжібаев Ә. Шығармаларының жинағы. – Алматы: Жалын, 1985. – 596 б.
4. Әбдірахманова Т. Ақындық тілдің жетілуіндегі жаңалықтар.//Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Жалын, 1981. – 245 б.

\*\*\*\*\*

#### **АУҒАНБАЕВА М.С.**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті  
Практикалық қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы, филология магистрі.

#### **ОМАРОВА Б.С.**

М. Жұмабаев атындағы жоғары колледж оқытушысы,  
филология магистрі, Петропавл қ.

#### **КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СИНТАКСИСТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Фразеологизмдер тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі екендігін, өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да олардың өзіне тән ерекшеліктері бар екендігін ғалымдар дәлелдеген. Фразеологизмдерді синтаксистік қатысына қарай мына топтарға бөлуге болады:

1. Бастауыш пен баяндауышқа бөлінетін сипатты фразеологизмдер: *үрейі ұшты, жаны ашыды, күні туды, тауы шағылды* т.б. Мұндай фразеологизмдердің бірінші сыңары үнемі тәуелдік жалғауының III жағында тұрады да, етістік сыңары ашық райда келеді.

2. Анықтауыш пен анықтауыш мүшеге бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: *еңкейген шал, еңбектеген бала, суық көз, ақ жүрек* т.б.

3. Пысықтауыш пен пысықтауыш мүшеге бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: *күле қарады, күле қарап күңірене шықты* т.б.

4. Тура және жанама толықтауышпен толықталатын (не баяндауыш) «сипатты» фразеологизмдер: *апиысын қуырды, сазайын тартты, намысқа шапты, сабасына түсті* т.б.

С.Мұқанов шығармаларында тұрақты сөз тіркестері тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің қызметін атқаратындығын жете таныдық. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері *бастауыш* пен *баяндауышқа* тоқталайық.

Тұрақты тіркесті бастауышты атау тұлғалы, көптік тұлғалы, тәуелдік тұлғалы, көмекші сөзді деп топтастыруға болады.

Ойлау – іс-әрекеттердің бір түрі. Адамның атқаратын іс-әрекеті актив және пассив әрекеттер екені баршамызға белгілі. Біз қарастырып отырған ойлау мәнді етістікті фразеологизмдер пассив әрекетке жатады. Ойлау процесін ойлау мағыналы фразеологиялық тіркестер арқылы айтамыз. Ойлау мәнді етістікті фразеологизмдер аз болса да, бұл топ фразеологизмдерді ой-болжам, тұспалды; жалпы ойлауды; есте сақтау, ұмытуды білдіретінін тарихи романдар тілінен келтірілген мысалдар арқылы ажыраттық. Мысалы: Екі ойлы болу – "дүдәмалдану"; Ой түсу – "әр түрлі ой түсу (ақылы өсу); ойға бату; ойда дым жоқ болу; жүз толғану; миы ашу; іштен тыну.

Тарихи шығармалар тіліндегі етістікті фразеологизмдердің мағыналарына байланысты бірнеше түрін қарастырып, талдайық.

#### 1. Сезіну мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер.

Сезіну мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер – адамның сезіну мүшелері арқылы білінеді, сондықтан сезіну мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдерді адамның сезім мүшелерінің әсерінен туындайтын іс-әрекет деп те атай аламыз. Мысалы: көру мәнді етістікті фразеологизмдердің беретін ұғымы осы топтағы тұрақты тіркестердің көпшілігін құруға ұйытқы болып тұратын - "көз" сөзі. Осы "көз" сөзі арқылы құрылған көру мағынасындағы тілдегі етістікті фразеологизмдерді талқылау барысында, олардың "көру", "қарау" ұғымын беретіндігін анықтадық.

Роман тілінде кездесетін тұрақты сөз тіркестері: көз тастау; көз құмары қану; көзі тоймау; әкесінің көз құны қалғандай қарау.

#### 2. Адамдар арасындағы қарым-қатынас мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер.

Бұл топтағы етістікті фразеологизмдерге адамдар арасындағы қарым-қатынас мағынасын білдіретін фразеологизмдер жатады. Қарым-қатынас етістікті фразеологизмдер мағына жағынан сан алуан етістіктер көмегімен жасалады.

Талдап отырған романдардағы кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі болуына байланысты (құрметтеу, көмектесу, менсінбеу, алдау, жақсы көру, жақтырмау, мазалау) бұл топтағы етістікті фразеологизмдердің қарым-қатынас ұғымын әр қырынан көрсететіндігін байқадық.

Тілдегі қарым-қатынас етістікті фразеологизмдерін ажыратқан кезде көмектесу, бағыну, бағындыру, зорлық көрсету мәнді етістікті фразеологизмдерге тоқтадық. Мысалы: көмектесу мәнді етістікті фразеологизмдер: ат сауырын беру; оң жағына қондыру; қанаттыға қақтырмау, тұмсықтыға шоқтырмау; ыстығына күйіп, суығына тоңу.

Бағыну-бағынбау мәнді етістікті фразеологизмдер: біреудің ырқында жүру. Жатып жастық, иіліп төсек болу – «бағыну». Түп етекпен алу – «бағындыру». Мойнын бұрау; Қойдай өргізіп, қозыдай көгендеу; Бір шыбықпен айдау; Ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстау.

Зорлық көрсету мәнді етістікті фразеологизмдер: әңгір таяқ орнату – "үстемдік ету"; Қырына алу – "жаман ниетпен қысым көрсету"; Көзіне көк шыбын үймелету; Малына құрық, басына сырық орнату; Қаққанда қанын, соққанда сөлін шығару; Екі аяғын бір етікке тығу.

3. Сапа-белгі мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер.

Бұл топтағы фразеологизмдер адам өмірінің өніп-өсу үрдісін қамтиды. Тілдегі сапа-белгі етістікті фразеологизмдерін талдау барысында бұл мағыналық топтың құрамындағы сапа-белгіні білдіретін етістіктер екенін анықтадық.

#### **Пайдаланылған әдебиет**

1. Ысқақов М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1997.- 340 б.
2. Авакова Р. Фразеология теориясы. – Алматы, 2009. –292 б.
3. Уәлиұлы. Н. Фразеология және тілдік норма. - Алматы, 1998. – 128.
4. Жуков В. Русская фразеология. Москва: Высшая школа, 2001.- 494 с.
5. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 2001. – 256 б.
6. Байтелиев А. Қазақ тіліндегі коммуникативтік фразеологизмдер. // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. - 2005. - №4. - 71-73 б.

\*\*\*\*\*

#### **ДОСМУХАМБЕТОВА Г.А.**

начальник научного отделения Военно-исторического музея Вооруженных Сил Республики Казахстан, кандидат филологических наук, доцент, г. Нур-Султан.

#### **РОЛЬ МУЗЕЯ В КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ**

В условиях модернизации общественного сознания музей играет большую роль в культурно-историческом и военно-патриотическом воспитании, более того, он является организатором этого процесса. В статье предлагается рассмотреть вопросы влияния музея на культуру человека и его мировоззренческие принципы.

Слово «культура» в различных научных трудах имеет около 400 определений. Понятие «культура» в историческом процессе постоянно менялось. В широком смысле, культура – это «комплекс постоянно обновляющихся форм, принципов, способов и результатов активной творческой деятельности всех людей во всех сферах общественной жизни» (1). В узком смысле, это «процесс активной творческой деятельности, в ходе которой создаются, распределяются и потребляются ценности» (1).

Основные функции культуры также известны, поэтому считаю необходимым лишь перечислить их: познавательная, оценочная, информативная, социальная, коммуникативная и др.

С обретением Независимости в казахстанском обществе наметились большие перемены, в том числе, и в сфере культуры, образования и воспитания. Долгие годы, находясь в составе союзного государства, мы больше уделяли внимание культуре советской, интернациональной, по своему содержанию. Ныне как суверенное государство, мы обращаемся больше к культуре и истории национальной, поэтому забытое и утерянное со временем, необходимо восполнять.

Большую помощь в восстановлении значительных исторических и культурологических сведений оказали Программы «Культурное наследие (Мәдени мұра)», которые были разработаны для развития духовной и образовательной сферы, обеспечения сохранности культурного наследия на периоды 2004-2006 гг., и имеющие продолжение в 2007-2011 гг.

В программной статье Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» дается анализ развития обществ и оценка западных моделей

модернизации, где указывается на их основную ошибку «они переносили свой опыт на все народы и цивилизации без учета их особенностей». Первым условием модернизации нового типа Елбасы Н.А. Назарбаев считает «сохранение своей культуры, собственного национального кода» (2).

Значительное влияние на воспитание современного подхода к национальной культуре, постижению истории оказывают книги и статьи первого Президента Елбасы Н.А. Назарбаева «В потоке истории», «Семь граней Великой Степи».

Так, в книге «В потоке истории» Н.А. Назарбаев отмечает, что «... казахская земля была территорией колоссальных культурных новаций евразийского масштаба – от военных технологий до способов конструирования жилья и разведения скота, от уникальных технологий в металлургии до выдающихся памятников литературного прошлого» (3).

В статье «Семь граней Великой Степи» Елбасы Н.А. Назарбаев отмечает, что «история Казахстана также должна быть понята с высоты современной науки, а не по ее отдельным фрагментам». (4). И приводит для этого убедительные аргументы о том, что многие инновации исходили именно из Великой Степи.

Послание главы государства, Президента К. Токаева «Независимость превыше всего», также основывается на воспитании национальной идентичности, где «главными целями четвертого десятилетия независимости» президент К.Токаев считает «продолжение процесса модернизации общественного сознания, формирование новой национальной идентичности» (5). Здесь большую роль играют учителя, воспитатели, работники сферы культуры. Соответственно новым изменениям и требованиям современного казахстанского общества и культуры меняются направления деятельности музеев. Больше появляется разделов о древней истории, итому, что отвечает требованиям современного общества.

В музеях активно развивается музейная педагогика «область научного знания, ориентированного на передачу культурного опыта через педагогический процесс в условиях музейной среды» (6). Образовательная деятельность музеев заключается в социализации личности, воспитании ценностного отношения к окружающему миру, в развитии системы дополнительного образования.

Основной целью создания Военно-исторического музея Вооруженных Сил Республики Казахстан является воспитание патриотизма, исторического сознания, сохранения суверенитета, целостности страны и мира, на страже которых стоит Казахская Армия. На стадии создания музея ученые, музейеды совместно с кадровыми офицерами Вооруженных Сил Республики Казахстан разработали научную концепцию, в которой нашли отражение основные исторические этапы развития древних армий и становление казахстанской армии.

Вся деятельность музея опирается на научные изыскания. Без них невозможно комплектование фондов, создание экспозиций, проведение культурно-образовательной работы.

Военно-исторический музей имеет свою специфику: прежде всего это учреждение культуры, но относящееся к министерству обороны РК, что собственно, и формирует направленность деятельности. Музей транслирует военную историю и военное искусство, в воспитательном плане больше внимания уделяя военно-патриотическому воспитанию.

Еще одной отличительной особенностью является то, что музей раскрывает военную историю с древних времен до современности, что дает, во-первых, большой объём исторической информации, которая ранее, в советский период, была известна, в основном, только узкому кругу исследователей и трактовалась с политической точки зрения, соответственно идеологии государства.

В современных условиях, благодаря государственным программам, озвученным в начале статьи, проведено большое количество археографических и археологических экспедиций, результаты которых позволили по-иному взглянуть на историю армий и государств, правопреемником которых является современный Казахстан. В статье «Независимость превыше всего» К.Токаев отмечает, что «глубокое историческое сознание – это не прерогатива профессиональных историков, обладать им должен весь народ, особенно

молодежь».(5). Таким образом, ставится задача на углубленное изучение истории и передачи исторических знаний посредством культурно-образовательной деятельности.

В связи с празднованием 550-летия Казахского ханства появился целый пласт научных трудов и проектов. В военно-историческом музее, например, целый раздел экспозиции посвящен Казахскому ханству. В данный момент разрабатывается научный проект «Институт батыров», их участие в общественно-политической, военно-дипломатической организации Казахского ханства. По мнению многих исследователей, батыры играли чрезвычайно важную роль в военной организации казахского кочевого общества, являясь ключевым системообразующим институтом ее пирамидальной структуры (7). Особенно возросли сословный престиж и общественное значение батыров в середине XVIII в., когда необходимость организации эффективного отпора джунгарской агрессии привела к появлению сначала на военной, а потом и политической сцене целой плеяды выдающихся полководцев-батыров, происходивших из самых разных социальных групп кочевого общества. Большую историко-архивную поддержку оказывают материалы из экспедиций, археографических данных. У нас имеются раритетные экспонаты – кольчуга и сабля Айдарбек батыра, шапан Кожаберген батыра, проведена выставка, посвященная Канжыгалы Богенбай батыру, с демонстрацией шлема, сабли (оригиналы), организованы конференции и изданы сборники о Кожаберген батыре, Зука батыре, формируется фонд вооружения, созданы диорамы Жекпе-жек, Анракайское сражение, смоделирована битва при Орбулаке. Всеми этими экспозициями визуально представлена военная история казахского ханства, которая должна вызывать у посетителя действительно чувство гордости за историю своей страны и стать дополнительным материалом для внеурочных занятий со студентами, учениками.

«Белым пятном» в истории государства являлась история создания и деятельности Алашской милиции (армии). Лишь с принятием Независимости начали появляться научные труды по истории Алашской армии. В Евразийском университете создан НИИ Институт культуры и духовного развития «Алаш». Благодаря сотрудничеству музея и ЕНУ им. Л.Н.Гумилева построена экспозиция, представляющая посетителю историю развития партии Алаш, ее организаторов и создание армии Алаш (милиции). В исторических документах, отмечается, что в июле 1917 года А.Н.Букейхан вышел из ЦК и рядов кадетской партии и немедленно приступил к организации первой национальной партии «Алаш», о чем информировал I-й Всеказахский съезд, состоявшийся 21-28 июля того же года по его инициативе. В шестом пункте программы партии «Алаш», озаглавленном как «Защита отечества», было предусмотрено: «Для защиты отечества армия не останется в нынешнем виде. Молодежь, достигнув призывного возраста, боевую подготовку и воинскую службу несет в родных местах; молодежь вправе служить в родах войск по призванию: воинскую службу казах несет в конной милиции» (8). Наиболее сильной оценкой действий партии Алаш считаются слова Елбасы Н.А.Назарбаева: «Это была не националистическая, а патриотическая организация, которая ставила своей целью постепенную трансформацию казахского общества и ее адаптацию к современным реалиям». (3).

В истории Великой Отечественной войны также много вопросов, которые требуют своего разрешения. Так, благодаря изыскательской работе поисковых отрядов, ученых, были установлены факты включения районов Западного Казахстана в зону боевых действий и бомбардировок фашистскими самолетами. Западный Казахстан в начальный период войны представлял собой стратегический тыл. Однако, 16 июля 1942 года началась Сталинградская оборонительная операция, в результате чего западно-казахстанский регион из стратегического тыла фактически превратился во фронтовой тыл. Изучение событий тех лет позволяет сказать, что часть Западного Казахстана входила в состав фронтового тыла. Это подтверждает целый ряд факторов и сопутствующих им событий. Во-первых, фактор территориальной близости, во-вторых, боевое, в данном случае – оперативно-тактическое значение Западного Казахстана: согласно архивным документам, на боевых картах гитлеровского командования была обозначена дата захвата Уральска – 1 сентября 1942 года. В связи с приближением линии фронта 12 августа 1942 года в Западно-Казахстанской области введено военное положение.

Специальным постановлением Совнаркома СССР областные центры стали пунктами противовоздушной обороны. На карте командующего войсками Сталинградского фронта генерала Еременко А.И. населенный пункт Джаныбек обозначен в театре военных действий фронта, а Постановлением Военного Совета Сталинградского фронта 16 октября 1942 года Уральск включен во фронтовую зону ответственности. В-третьих, размещение в регионе основных элементов фронтового тыла. В-четвертых, вовлеченность региона в боевые действия. Последующие события подтверждают статус Западного Казахстана как фронтового тыла, то есть зоны, которая непосредственно прилегалась к фронту и была задействована в боевых действиях. Причем Уральск и Гурьев столкнулись с интенсивными налетами вражеской авиации (9). Таким образом, необходимо говорить о том, что Западный Казахстан в ходе войны прошел путь от стратегического тыла до тыла Сталинградского фронта. Регион был непосредственно задействован в событиях Великой Отечественной войны не только как глубокий тыл страны, стратегический тыл Красной Армии, но и как прифронтовая зона в виде тыловой полосы Сталинградского фронта. В музее представлены документы и карты, подтверждающие эти события, а также изготовлена диорама, которая отражает момент нападения на станцию Джаныбек. Таким образом, на основе научного исследования, используя музейные средства, мы подтверждаем факт участия Казахстана в войне, как страны, подвергшейся нападению, а также подтверждаем факт, что для Казахстана это была Великая Отечественная война.

В год празднования 30-летия Независимости Президентом страны К.Токаевым было предложено большее внимание уделить трагическим событиям нашей истории: голод 20-30-х годов, репрессиям. В связи с этим, будучи военным музеем, мы большее внимание в этом году уделяем в культурно-образовательной программе малоизученным фактам военной истории, а именно, участию казахстанцев в Великой Отечественной войне. Кажется, что уже изучены все материалы, но мы до сих пор не можем указать точное количество военных, отправленных на фронт из Казахстана. Этим вопросом сейчас занимается научно-исследовательская группа музея. Трудность представляет «гриф секретности», который до сих пор имеется для изучения многих документов военного времени.

Поисковое отделение Военно-исторического музея в течение двух лет существования собрало большое количество писем-запросов от граждан страны по поиску без вести пропавших граждан Казахстана. Информационные данные воинов-казахстанцев систематизируются в единую базу Министерства обороны РК. Работа ведется в сотрудничестве с историко-краеведческими музеями, библиотеками, общественными организациями и объединениями, поисковыми отрядами и движениями.

Под руководством Кусаинова М.К ежегодно выезжает экспедиция музея совместно с поисковым отрядом ЕНУ им. Л.Н.Гумилева в Санкт-Петербург, на Синявинские высоты. В 2018 г. Одной из задач поисковой экспедиции было возведение гранитного обелиска в г. Кингисепп Казахской 314-й Кингисеппской, ордена Кутузова, стрелковой дивизии, сформированной в г. Петропавловск, которая в январе 1944 года освободила Кингисепп.

Поисковая работа играет огромную роль в деле воспитания будущих поколений на героическом примере их предков и предусматривает обобщение результатов двух информационных массивов – поисково-экспедиционной деятельности и поисково-архивной деятельности.

Большую работу необходимо провести по военнопленным-казахстанцам, где тоже имеются пробелы. Во-первых, связанные с тем, что в советское время И.Сталиным было сказано «У нас нет военнопленных, у нас есть предатели Родины». Однако, судьбы многих военнопленных очень разные. Действительно, были те, кто сдавался добровольно, даже вступал в ряды «Туркестанского легиона», но были и те, кто попал в плен, будучи раненым, или в итоге операций, попавшие в окружение. В связи с этим государством создана комиссия по реабилитации военнопленных. Я намеренно в этой статье останавливаюсь на этом вопросе. В этом процессе должно принимать участие все общество, ведь у многих в семьях сохранились документы, которые могут помочь в восстановлении доброго имени предков.

В завершение хотела бы отметить, что весь спектр вопросов, поднятых в статье, необходимо выносить на обсуждение в учебном процессе со студентами, так как, это наша история, в которой заинтересован весь народ. Елбасы в статье «Семь граней Великой степи» отмечал: «Сегодня нам необходим позитивный взгляд на собственную историю. Однако он не должен сводиться лишь к избирательному и конъюнктурному освещению того или иного исторического события. В нашей истории было немало драматических моментов и трагедий, смертоносных войн и конфликтов, социально опасных экспериментов и политических катаклизмов. Мы не вправе забывать о них. Необходимо осознать и принять свою историю во всей ее многогранности и многомерности (4).

Музеи в современном обществе играют важную роль, так как они ответственны за сохранность собраний и передачу знаний об историко-культурном наследии. Музеи необходимы для укрепления культурной идентичности, особенно в эпоху глобализации.

Если в процессе обучения студенты будут иметь возможность проведения дополнительных занятий в музее, они будут больше вовлечены в историю и это будет уже не чья-то отвлеченная история, а история государства и их личная.

### Литература

1. Грицаков А.А. Новейший философский словарь. 1999 г.
2. Н.А.Назарбаев «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) 12.04.2017 г.
3. Н.А.Назарбаев. В потоке истории. Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.
4. Н.А. Назарбаев. Семь граней Великой Степи. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) 21.11. 2018 г.
5. К.Токаев. Независимость превыше всего. //Казахстанская правда. 6.01.2021 г.
6. Шляхтина Л.М. Основы музейного дела: теория и практика. Учебное пособие. М.: Высшая школа. – 2009 г.
7. Ерофеева И. Институт батыров в структуре военной организации казахов-кочевников// Роль номадов евразийских степей в развитии мирового военного искусства. Научные чтения памяти Н.Э.Масанова: Сборник материалов международной научной конференции. – Алматы:»ИздательствоЛЕМ». – 2010. - С. 322-352.
8. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В 3-х т. - 1 том. Алматы. - 2011 г.
9. Мухамеджанова С.Ш., Асилов Н.Т., Алдабергенова А. Казахстан в годы Великой Отечественной войны (1941-1945гг.). Выпуск 3 Западный Казахстан в годы Великой Отечественной войны. Нур-Султан. - 2020 г.

\*\*\*\*\*

## **ЗЕЙНИНА В.У.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты  
тілдік дайындық кафедрасының аға оқытушысы,  
педагогика ғылымдарының магистрі, Петропавл қ.

### **ҰЛТТЫҚ ЭТНО-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ОТАНСҮЙГІШТІК ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ**

Тарихқа үнілер болсақ әрбір халықтың, әрбір ұлттың өз мәдениеті, тұрмыс тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, тәрбиелеу тәсілі болатынын білеміз. Халық тәрбиесі – ғасырлар бойы сараланып сан сыннан өткен, сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы. Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір қорытындылар түйіні бар. Ал ол жазу-сызудан, оқу құралынан, ауыз әдебиетінен, ұлттық өнер тағылымынан, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, бір сөзбен айтқанда мәдени мұраларынан өзекті орын алып, көрініс береді. Өткеннің бай рухани мұрасын тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз тарихи процесті елестету мүмкін емес.

«Жаңа ғасыр мен жаңа мың мыңжылдық табалдырығын егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Асан-Қайғы жырлаған Жерұйыққа, ақын-жырауларымыз, би-шешендеріміз аңсап, мұрат еткен ел азаттығы мен тәуелсіздігіне қиын-қыстау кезеңдерді біршама артқа тастап өз арманымызға жеттік. Ал тәуелсіздік дегеніміз – этностың, халықтың ұлттық мемлекет құруы туралы қиялынан, арманынан, мақсатынан, мұрат биігінен туындайтын дүниетаным. Осылай болғандықтан тәуелсіздіктің нақтылы саяси жетістігі, биігі-ұлттық мемлекет – деп еліміздің белгілі академигі Фарифолла Есім атап көрсеткендей, тәуелсіздікке ие болған жылдардың ішінде еліміз ішкі және сыртқы саясатында үлкен байсалды қадамдарымен, экономикада батыл бастамаларымен бүкіл әлемге танылды, рухани өмірге көптеген жаңа өзгерістер әкелді. Сондықтан да еліміздің мәдени-өркениеттік даму аясындағы жетістіктерін, сол жетістіктерге жетудегі өзіндік мәселелерін сараптау күн тәртібінде аса өзекті болып табылады. Бұл ретте мемлекеттік бағдарлама «Мәдени мұраның» бергені де, берері де мол.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне байланысты. Осы орайда егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың, тәрбиелеудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән беруде. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам, адам парасатының дамуы мен құрылуының бастауы, тарихи естеліктердің маңызды қоймасын жасау және қорғау бағдарламасы. Ежелгі тарихтың негіздерін бүгінгі күнмен қосатын жолды құрап, уақыттың үзіліссіз байланысын көрсететін қазіргі дау-дамайдағы адамзатқа қажетті көп қырлы қоғамның тарихи тәжірибесін зерттейді.

Мәдени мұра – орны толмас құнды рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік қазына. Мұра – осы заманғы ғылым, білім мен мәдениеттің де қайнар көзі. Бұл, табиғи байлықтарымен қатар, ұлттың өзін-өзі сыйлауы мен әлемдік қоғамдастықты мойындатуына басты негіз болып табылады.

Әр халықтың өзіне тән тән, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктері мен өмір-тіршілігіне, тұрмыс-салтына, дәстүрлеріне байланысты дүниетанымдық, рухани-материалдық, мәдени құндылықтары қалыптасады. Қазақ халқы бай тарихтың иесі. Қазақ даласы әлемге «Екінші ұстаз» атанған әл-Фарабиді, Ж. Баласағұн, Ахмет Иассауи, М. Қашғари, Қадырғали Жалаири, Абай, Ы. Алтынсарин секілді ғұламаларды берді. Қазақ елін өнер-білім, техниканы игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосқан, қазақ даласында тұңғыш пәндік білім беретін мектептер ашып, оған оқулықтар жазып, өзі сабақ

беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салған ағартушы, педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің қызметін, өмірін үлгі-өнеге ете отырып, курсант қауымды туған жері мен Отанын ұлы ұстаздай сүйеге тәрбиелеу мақсатында «Дала қоңырауы» атты дөңгелек столды өткізу арқылы ұлы ұстаздың ізгі істерін үлгі ете отырып, бүгінгі сарбаз – ертеңгі офицерлерді Отан қорғауға әрқашан дайын болуға үйретеміз, ел, Отан, болашақ алдындағы қасиетті борышын сезінуге, елін сүйеге баулимыз.

Қазақстанның мәдени қазыналарын тауып, бүгінгі ұрпақтың ол байлықты сақтауына, танып білуіне, рухани мәдениет саласындағы білімін дамытуға ұсынған еліміздің ғұлама ғалымдарының қажырлы еңбектері қазақ халқы ұйысуының асыл арналары болып табылады. Есік қаласынан табылған «Алтын адам» ескерткішінен бастап, Орхон-Енисей тас жазулары, кең байтақ жеріміздің әр аймағынан табылып жатқан ежелгі мәдениет жәдігерлері, көне сәулеттік ескерткіштер, халық шеберлерінің қолөнер туындыларының үлгілері – осының бәрі Қазақстан мәдениетінің қазынасын байыта түсіп, бүгінгі ұрпақтың рухани білім көзіне айналды.

Қазақ халқы ұрпағының «Сегіз қырлы – бір сырлы» азамат болып дамуын, ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениет құндылықтарының тәлімдік мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып жүзеге асырып келді. Ол құндылықтардың негізін халқымыздың – әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклоры құрайды. Халқымыздың ауыз әдебиеті шығармашылығы ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Қазақ фольклоры тілінің бейнелілігімен, көптеген мақал-мәтелдерінің мәнділігімен, мазмұндық өткірлігімен аса құнды қазына. «Өнер алды – қызыл тіл» деп, «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» шешкен ата-бабаларымыз, халықтың өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің алуан түрлі жақтарын қамтитын өзінше бір жылнама болатын, ұрпақтарға тәлім болатын асыл мұра қалдырған. Сол бай құндылықтардың ішінде патриотизмді дәріптейтін мұра – батырлық дастандар. «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Едіге», «Сырым батыр» т.б., «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезіндегі елін, жерін сырт даулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты мыңдаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандар, өз халқының мүддесі, арман-тілегі, туған жері үшін жан аямаған батырларға деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтарының рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен патриоттық қасиетін баяндайтын, сол сияқты «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және т.б. лиро-эпостық жырлар мазмұны рухани тазалықты, адамгершілік пен махаббатты паш ететін халқымыздың этномәдениетінің асыл қазыналары.

Қазақ халқының музыкалық және поэзиялық шығармашылығында жырлаған халықтың Отан-анаға, туған жерге, көз жетпейтін ұлан-байтақ қазақ даласына, оның табиғат байлығына деген сүйіспеншілігі музыкалық және эстетикалық тәрбие құралы болды. Сондықтан да қай кезде болмасын жыршылар, күйшілер, өлеңші-әншілер қазақ халқының музыка мәдениетін сақтау мен байытуда маңызды рөл атқарды. Олар өздерінің әндерінде халықты отансүйгіштікке, ұлтына деген адалдыққа, әділетке шақырып, жақсылықтың жеңіп шығатынына сенуге, жамандықпен күресе білуге, жақсы атаулыға ұмтылуға дәріптеп отырды. Бұл ретте музыка теориясын зерттеген, ноталық жазуды дүниеге әкелген әл-Фарабиді, күй атасы Қорқыттан бастап Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина т.б. күйші композиторларымызды; қазақтың музыка өнері саласындағы мәдениеттің эстафетасын жоғары көтеріп, бүкіл әлемге паш еткен: К. Байсейітова, Н. Тілендиев, Е. Серкебаев, Р. Бағланова, Б. Төлегенова, Ә. Дінішев секілді өнер тарландарын мақтан тұтамыз.

Есік қаласынан табылған «Алтын адам» ескерткішінен бастап, Орхон-Енисей тас жазулары, кең байтақ жеріміздің әр аймағынан табылып жатқан ежелгі мәдениет жәдігерлері, көне сәулеттік ескерткіштер, халық шеберлерінің қолөнер туындыларының үлгілері – осының бәрі Қазақстан мәдениетінің қазынасын байыта түсті әрі бүгінгі ұрпақтың рухани білім көзіне айналды.

Қазақ халқының ата-бабаларының өмір сүрген кезінен бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. Халық педагогикасы – қазақ халқының сан ғасырдан бергі ата-бабадан қалған, ұрпақтан-ұрпаққа өлмес мирас,



өмірлік мұра болып келе жатқан тәрбие жөніндегі, баланы бағып-қағып өсіріп, азамат етіп шығару мәселесі туралы жинақталған іс-тәжірибесі. Терең мағынасында, ол – адамды зерттеу, жан-жақты білу, адамдық болмысын анықтау. Халқымыз дәрежеге емес, дәстүрге бағынған. Мәртебесін төрі деп білген, ізеттілігін келінінен таныған, татулығын абысынынан тапқан, қызын – арға, ұлын – нарға балаған, дархандығын даласымен өлшеген, өткірлігін – қылышқа, намысын найзаға теңеген.

Әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі бар. Оны музыка мәдениетінен, би өнерінен, қолөнерінен, тұрмысынан байқаймыз. Қазақ халқының бұрыннан пайда болған салт-дәстүрлері басқа көршілес жатқан ұлттардың салт-дәстүрлеріне ұқсас болып келеді. Қандай халық болмасын салт-дәстүрлерді сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады. Мысалы, қазақтарға тән – бауырмалдық, ақжарқындық, қонақжайлық. Әрине, бұл қасиеттер басқа халықтарда да кездеседі. Бірақ та әр халықта әр қырынан көрініс табады. Сонымен ұлттардың салт-дәстүрлеріндегі мінездері мен қасиеттері бір-біріне ұқсап, бірін-бірі толықтырады.

Ұлттық педагогика туралы айтар болсақ, ұлы ойшылымыз Абайды айтпай кетпеуге болмайды. Бұл тұрғыда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз, Абай әрқашан ұлттық ұранымыз болуға тиіс» [2] деген сөзі еске түседі.

«... Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасак, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз. Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймыз. Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауға тиіс. Бұл – ұлы ақын арманының орындалуы. Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді», – дейді Жолдауында Президентіміз Қ. Тоқаев. [1]

Қазіргі таңда инновация, интеллект, көшбасшы деген сөздерді көбірек еститін болдық. Сондықтан жастар мен балалардың көшбасшылық деңгейін дамыту өмір талабы. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мекеме алдына қойылатын талап тәуелсіз еліміздің азаматын тәрбиелеу, оқушылардың ұлттық сана-сезімін ояту, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік көзқарастарын қалыптастыру, белсенділікті арттыру, көшбасшылық қабілеттерін шыңдау – өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Заман ағымына орай, ақыл-ойы озық, білімі мен ұлттық рухы күшті, өзін еркін ұстай алатын тұлға тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы. Қазақстан жаңару үстінде. Ұлттық тәлім-тәрбиесіз ұлттық намыс болмайды, ал ұлттық намыссыз жеке тұлғаның өркендеуі мүмкін емес, осы орайда ұлы ойшыл ғұламаларымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына сүйенбеу мүмкін емес.

Балалардың өзін қоршаған ортадағы өмірде, адамдарды танып, оларды түсінуде және рухани дамып жетілу жолында көркем әдебиеттің атқаратын рөлі маңызды. А. Құнанбаев, Ж. Аймауытов пен М. Жұмабаевтың бала тәрбиесі туралы сонау заманда айтқан салиқалы сөздері қазіргі ұрпақ тәрбиесіне арнап айтылғандай. Дамыту бағыты бойынша қазақ ғұламаларының шығармаларын, соның ішінде Абайдың қара сөздерін сабаққа көбірек пайдаланған жөн. Еліміздің ішкі тыныштығын күзететін әскери қызметшілерді, яғни болашақ офицерлерді адамгершілік қасиеттерге, отансүйгіштікке үндейтін және қара сөздерімен жол нұсқайтын Абай сынды ғұламамызды үлгі етеміз. Тілдік дайындық кафедрасы оқытушылары курсанттармен Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, Абай бойынша білім қорғау, шешен сөйлеу, мәнерлеп оқу мақсатында «Абай – дара, Абай – дана қазақта» әдеби-сазды кешін өткізді. Кештің мақсаты – Абай шығармашылығын насихаттау арқылы курсанттардың ұлттық тәрбиеге деген ынтасын жандандыру, қазақстандық рухани бірлікті қалыптастыру.

Қазақтың киелі де кемелді тарихында өз Отаны үшін жанын пида еткен, «Отаны үшін отқа түскен» батыр ұлдары аз болмаған. Бөгенбай, Қабанбай, Райымбек, Қарасай, Махамбет, Амангелді сынды ұлттың жарық жұлдыздары салып кеткен сара соқпақты Ұлы Отан соғысында батырлықпен күрескен апаларымыз – Әлия мен Мәншүк, ғұмырлық аңыз болған – Бауыржан, Нұркен, Рақымжан... сынды халқымыздың жаужүрек перзенттері жалғастырды. Бүгінде олар біздің мәңгілік мақтаныштарымыз!

«Ерлік ескірмейді, ол халқымен мәңгі жасайды» дейді дана халқымыз. Бауыржан Момышұлы – халқының болашағы үшін күрескен батырлардың жеңісін жалғастырған азаматы, барша қазақтың бас иген Батыры. Соғыстан кейінгі жылдары қаруын қаламға айырбастаған гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы – көптеген көркем туындалары мен әскери жазбалары арқылы оқырманның жүрегіне жол тапқан жауынгер-жазушы. Ол – қазақ әскери әдебиетінің негізін салған қаламгер. Бауыржан Момышұлы туралы «Шуақты күндер» повесін жазған келіні, жазушы Зейнеп Ахметова былай дейді: «Үлкен отбасында өстік, тәрбие алдық, одан кейін университетте оқыдық, бірақ шынымды айтсам, сол университетте бес жыл оқыған сабағым есімде жоқ. Ал, бірақ атаның алдында тапсырған сынағым, ата университеті – академияға бергісіз болды. Бүгінде жастарға айтатын өнегем де, үлгім де ата өсиеті. Лұқпан хақим мың жасапты дейді. Бірақ ол кісі өмірінің осындай мағыналы сәтін бір жасқа балаған екен. Нұрсұлтан Назарбаев атаның «Алтын жұлдызын» алып бергенде, елдің қуанышында шек болған жоқ. Сонда Бақытжан Бауыржанұлы: «Нұреке, тілек халықтікі, еңбек сіздікі болды» деп еді. Елбасының жеделхатындағы: «Баукең жұлдызды болған күн – халықтың жұлдызы жанған күн», – деген әдемі сөзді біз ешқашан ұмытпауымыз керек.» [3]

Жас ұрпақтың бойында патриоттық және адамгершілік тәрбиенің мазмұны мынадай қасиетті қалыптастыруды көздейді: Отанын, туған жерін, ата-анасын сүю және азаматтығын мақтан тұту; өз Отанының болашағы үшін, мамандығы үшін қызмет ету, ана тілін жетік меңгеріп сүйе білу, халқының салт-дәстүрін, ерекшеліктерін білу, дінге, тарихи мұраларға құрметпен қарау, өз отандастарына, сондай-ақ басқа ұлт өкілдеріне адамгершілік көзқарас білдіру.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы, 9 қаңтар 2020 ж.
2. М. Мырзахметов. Абайтану. Астана, 2014. -287 б.
3. З. Ахметова. «Бабалар аманаты», Алматы, 2018. -268 б.

\*\*\*\*\*

## **ҚАДЫРОВ Ж.Т.**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті КеАҚ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, профессор ЖАК.

## **БЕКСУЛТАНОВ Б.М.**

«Филология» мамандығының 1 курс магистранты, Петропавл қ.

### **МӘЛІК ҒАБДУЛЛИННИҢ МАЙДАН ЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ**

Қазақ әдебиеті тарихының ХХ ғасырдағы жазылған көркем шығармалары қатарына көз салар болсақ, өзіміз зерттеп отырған мемуарлық шығармалардың табиғатын тану үшін, шығармалардың жанрлық ерекшелігі, түрлі формалық алуандығына баса назар аударуға тура келеді. Әлемдік әдебиет теориясында мемуардың жанрлық сипатын айқындайтын түрлі ғылыми пікірлер, ойлар, сын ескертпелер сан-салалы.

Кез-келген көркем шығарманың тылсым болмысын ашу үшін, сол шығарма жанрының даралық ерекшелігіне негізгі талдауды бағыттауға тиіспіз. Өйткені, жанр мәселесі толық анықталмайынша, белгілі бір шығарманың көркемдік құрылымы, идеясы мен тақырыбы жөнінде ұстамды пікір, салиқалы ой қозғау мүмкін еместей. Жанр дегеніміздің өзі кез-келген әдеби болсын, көркем өнердің қай саласынан болмасын, өнердің өзі әдеби болсын, көркем өнердің қалыптасқан типі. Ал соның ішінде әдебиетте жанр деп тектерді айтамыз. Ғалым М. Серғалиев жанрлық ерекшелікке былайша сипаттама береді, «Жанр ұғымын әдебиет зерттеушілерінің арасында әр түрлі түсіндірушілік бар. Кейде жанр деп әдебиет түрлері мен суреттеу тәсілдері сипатталады.

Мәлік Ғабдуллиннің зерттеген негізгі еңбектері қазақ халқының батырлық эпостары, мақал-мәтелдері, айтыстары, ертегілері мен халық әндері болады. Қазақ әдебиетінің көптомдық тарихын шығаруға ат салысады. Оның «Қазақтың батырлық эпостары» зерттеу еңбегі 1972 жылы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болады.

Шығармалары жайлы Жанайдар Мусиннің мына бір салмақты ойына зер салсақ: «Мәлік Ғабдуллиннің жазушылығын қандай шығармалары арқылы танып білдің?» - деген сауалдың төңірегінде оқушылар көптеген пікір білдірді.

Батыр, педагог, ғалым, жазушы Мәліктің: «Кеудесінде намыс оты жоқ адам батыл да, батыр да болмайды», «Қырағылық – біздің қаруымыз, бейқамдық - жауымыз», «Өз ұлтын, халқын сүймеушілік – дүниедегі ең барып тұрған тексіздік», - деген қанатты нақыл сөздерімен пайымдауға болады.

«...Ай артынан ай туып, жыл соңынан жыл да келер. Бүгінгі ауыр, сұрапыл соғыстың дәуірі ертең-ақ шаттық, алтын нұрын шашқан сәулет күніне жеткізер. Сол кездерде өткен уақыттың оқиғаларына көз салармыз. Адам тарихынан ғасырлар бойы өшпес орын алған талай-талай белестерді, мақтаныш етерліктей болып жасалынған мазмұнды істерімізді, халқымыздың абырой атағы, даңқы намысы үшін жас өмірін қаза еткен Батыр бауырларымызды еске түсіреміз. Олардың ерлік істерін, олардың бізге қосқан аманатын «қасықтай қаның қалғанша халқыңа қызмет ет» деген тапсырмаларын еске алармыз.. Мінекей сол ақ шаттық, алтын нұрын шашқан күнде, ғалымның кейінгі ұрпаққа қалдырған мұралары жанрлық жағынан сараланып, ұрпақтың жадында биік намыстың жоғары болуына септігін тигізері даусыз.

Майдан ортасынан Халықтық тұрғыдан болсын, қарақан басынын қамы тұрғысынан болсын, Мәкеңнің ұлы Жеңіспен оралғандығы алғашқы кезде алды артына қаратпай «Менің майдандас достарым» (1974), «Алтын жұлдыз» (1948) сияқты шығармаларын оқушы қауымға ұсындырды. Қаһарманымыздың қалам тербегеніне мәз болыппыз. Сыншы қауым, көзі қарақты әлеумет Мәліктің бұл шығармаларына дұрыстап мән беріп, дарын құдіретіне дұрыстап көз салмапты. Мәлікке арналып өлең-жырдың, ән-күйдің, Мәлік алған ғылыми атақтың, Мәлікке партия мен мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан құрметтің - СССР Жоғарғы советінің 2-4 сайлауларында халықтың қалаулы депутаты, жаңадан іргесін көтерген Қазақ СССР Ғылым

академиясының Тіл мен әдебиет институтының директоры, жоғарғы оқу орындарының қара шаңырағы – КазПИ – дің ректоры болуы М. Ғабдуллиннің ұшқыр қаламынан соғыса дейін, соғыс кезінде туып, кейін жеке жинақ болып шыққан шығармаларды көлегейлеп кетіпті.

Советтік кезеңнің кейбір бұрмалаң тұстары да М.Ғабдуллиннің шығармаларының жанрлық атауына зардабын тигізді: «Өз қаламының желісін, қуат-қауқарын Мәлік білуге қанша күштар болса да, ол кездегі әдебиет сыны дұрыстап назар аудармаған, жинақтың шыққанына ғана разы бола салған. Міне осы жай – алымды болатын қаламның ұшын жасырып, автордың алғашқы екпінін басып тастаған. Соның дәлеліндей болып 1959 жылы «Майдан очерктері» дүниеге келген. Автор бұрынғыдай әңгіме хикая демей, әншейінгі өзіне тән қарапайымдылықпен «очерк» деп ұсына салған. Өрлеудің орнына қоңыржайлылыққа көшкен. Оның көркемдік әуселесіне мән беруге ұмтылмаппыз. Қыспағын әшкерлеу кезінде «Жұлдыз» журналында жариялаған «Иә соның ізі» әңгімесіне де жылы емеурін білдіре қоймаппыз». Ал мына бір үзінді де: «Талап қылған үміттің елеусіз қалғанынан қиыны жоқ, оның үстіне өзін-өзі жарнамалап жүретін әдеттен жұрдай қарапайымдылықты қасиет тұтқан адамға ұрмай, бір сілкінейінші деп, 1972 жылы «Сұрапыл жылдарды» беріп еді. Мәкеңнің мезгілсіз қазасы, қайғы қасіреті ол жинаққа да жұрттың мойның бұрғызбады, сонымен жауы Мәлік жалпыға танылмай жүре берді», - деп Т.Кәкішев сөз қозғайды.

Жалпы айқанда жанрдың ерекше бір түріне жататын оқиғалы очерк Әзілхан Нұршайықовтың Қасым Қайсенов туралы шығармасында сөз болады: «Ол өз кейіпкерлерінің сырт келбетін суреттеумен шектеліп қалмай, ішкі дүние, жан сырын да ашып отырады. Бұл очерктегі жарқ ете түсетін, оқушыны баурап алатын шағын психологиялық көріністердің өзін шығарманың өзекті тұтқасы деп тануға мәжбүр боласың. Ұлы Отан соғысының батыры Бауыржан Момышұлы науқастанып, ауруханада жатқанда Қ.Қайсенов көңіл сұрай барғанын былай баяндайды:

«Баукеңе партизан ағай:

- Қасым ауруханадағы ағасына келіп, алақанын сипап, бетінен сүйе алмай, ол несіне кісі болып жүреді, - депті де, айқара құшақтап, екі бетінен кезек пе кезек сүйіпті. - Өзіңді арқалап алып кетейін бе үйге, - деп, әзілдей еркелепті інісі ағасына. Жүдеп жатқан жанға жылы бір сөз тауып айта білу – жігіттік, нарлық, мәрттік. Бұ да – Қасым секілді хас батырға жарасымды мінез». Осы екі алыптың кездесуіндегі сыйластық, адамгершілік жағына ой жібере қарасақ, кіршіксіз таза көңілдің, мейірімнің ұтымды штрихтары жазушы шеберлігі арқылы жүзеге асқан. Міне осыған ұқсас жанрлар Мәлік Ғабдуллиннің еңбектеріне ерекше өң бергендей.

Тағы сол сияқты очерктің бір түрі Қасым Аманжоловтың «Естен қалмас бір оқиға» атты очеркі жауынгер жазушының соғыс кезінде басынан кешкен оқиғаларына арналған. Ұлы Отан соғысы кезінде үгітшілік жұмысқа аттанып, жол-жөнекей Москва қаласында Қазақбаевпен, Мұқановпен кездесулерін әсерлі баяндаған.

«Ендігі бір сәтте алдымдағы переулоктан бір адам шықты да, менің алдыма түсіп, кете барды. Қуып жеттім, сыртынан байқасам – Сәбит!

- Сәке! – дедім мен. Менің осы үнім не көктен, не жерден шыққанын білмей қалды-ау деймін, Сәбит жалт қарап, біраз кідіріп тұрып қалды. Кенет есін жиған кісідей:

- Ойбай-ау, Қасым! – деді де, мол денесімен тарпа бас салып, құшақтап алып, сүймесі бар ма мені. Мен көңілім бұзылып кетті. «Бақытты екенмін» деп ойладым мен», - деген үзіндіден бұл оқиғаның шын өмірде болғанын, Сәбиттің өзіне ғана тән, басқаға ұқсамайтын мінезін даралап, өз басынан кешкен оқиғаны очеркші қаз-қалпында баяндайды. Қасым Аманжоловтың бұл оқиғалы очеркі 1944 жылы жазылған, белгісіз себептермен аяқталмай қалған.

Т.Кәкішев ғалымның шығармаларына жанрлық тұрғыдан былайша сипаттайды: «Мәселен, «Сол бір күндерде, Төлеген Тоқтаров» пен «Жас қазақ» атты үш шығарманы мен әскери повесть жанрына жатқызар ем. Ал майдан төсінде ерлік көрсеткен елінің арын ту қылып көтерген азаматтар жайындағы асқа туындыларын көркем әңгімелер қатарына жатқызған дұрыс. Тіпті әрі беріден соң, «Қаһарлы сөз қамал бұзардың» өзі мақаладан гөрі

эсеге ұқсайды, ал жаңадан қосылған «Майдан дәптерінен» бөлімдегі шығармалар бастары бір жерге тоқайласқан, өзіндік сюжеті, характері бар дүниелерді «новелла» деп тану абзал. Осылардың ішінде өзінің өмірлік материалы жағынан да, берер тағылымы, оқушыға жасар ықпалы жағынан да оқшау тұрғаны: «Қуаныш пен аяқталған қорқыныш»-, өз алдына бір төбе». Осы жинақтағы шығармалардың қай-қайсы болмасын эстетикалық қуатқа ие, шеберлікпен жазылып, оқушыны уысынан шығармайтын көркем туындылар. Ендеше нақты талдауға назар аударсақ: «Алдымен әскери повесть қатарына жататын үш туындыға назар аударайық. «Сол бір күндерде» атты әскери повесть ашылғанда әскери естелік сияқты болып көрінгенмен нағыз шынай көркем шығарма. 1941жылдың он бірінші шілдесімен он жеті қараша айларындағы өмір шындығын қамтиды. Бауыржан Момышұлының «Занами Москвасында» суреттелген кезең. Бірі – өмірді солдат окопынан, қолма-қол шайқас үстінен көрсе, ең әрі кеткенде роталық көлемге көтерілсе, екіншісі – сол шайқасты нақтылай ұйымдастырып, батальондық деңгейде қараудан туған. Бірі – ата жауымен екі шақырымдық ендікте шайқасса, оқ пен оттың ортасында жүрсе, екіншісі – алты шақырымды бөлшекпен алған роталардың батальондық мақсатын шешіп, полктің тактикалық жоспарына қосылып жатқанын көреміз». Мінекей қан майдандағы ғалымның майдан жазбалары осындай жанрлық сипатта жол тартты.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. – Алматы: 2009.
2. Ғабдуллин М. Шығармашылық және эпистолярлық еңбектер. – Көкшетау: 2005.
3. Ғабдуллин М. Алтын жұлдыз. Очерктер, хаттар және күнделік. – Алматы: Ана тілі, 2005. – 288 б.
4. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. – Алматы: Мектеп, 1966. – 149 б.
5. Ғабдуллин М. Сұрапыл жылдар. – Алматы: Жазушы, 1972.

\*\*\*\*\*

### **ҚАДЫРОВ Ж.Т.**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті КеАҚ,  
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, профессор ЖАК.

### **ЖАКУПОВА А.О.**

«Филология» мамандығының 1 курс магистранты, Петропавл қ.

## **ТАРИХИ ЭПОС: ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ**

Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары қазақ тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Яғни олар ұлттық тұлға болған. Осы ұлттық тұлға биігіне кімдер көтеріле алған? Осы биік азаматтық мәртебеге, халықтық бағаға кімдер лайықты болған? Және қандай істері арқылы осындай дәрежеге жеткен? Ең алдымен ұлттық тұлға деген ұғым – тарихи өлшем. Яғни тарихи тұрғыдан ұлт үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған, немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған. Міне қазақ тарихының әрбір белесінде осындай орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан, немесе осы тарихи оқиғаларды басқарған, ұйымдастырушы болған, немесе асқан ерлік көрсеткен азаматтар – халық батырлары атанған. Ұлттың тұлғалары атанған. Қазақ ұлтының бағына, тағдырына орай Тарих-ана әр ғасырда жаужүрек, батыр ұлдары мен қыздарын мол жаратқан. Ұлт содан аман қалған.

Қазақ жерінің бір сүйемі де осылардың арқасында жаудың қолында кетпеді. Осылайша, ол шеті мен бұл шетіне құс қанаты талатын қазіргі кең байтақ өлкемізді, құтты қоныс, ата мекенімізді ұлы жорықтарда батыр бабаларымыз білегінің күшімен, найзасының ұшымен

қорғай жүріп бізге аманаттап қалдырды. Осы еңбегі үшін халық биікке көтерген, ардақтап, аттарын аңызға айналдырған батырлардың ішінде, әсіресе, Абылай ханның бас қолбасшылары саналған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай бір төбе болса, тағы да осылардың қатарында бір шоғыр қазақ батырларының: Қарасай мен Ағынтай, Саңырық пен Тайлақ, Өтеген мен Сұраншы, Сеңкібай мен Шойбек, Малайсары мен Райымбек, Бөлек пен Сатай, Жәнібек пен Тілеуке, Қылышбек пен Естенбек, Есенқұл мен Сыпатай сынды ақберендердің есімдері де айрықша жарқырап көрінеді. Сондықтан осы аттары аталған айтулы батырлардың ел тағдырындағы тарихи орны мен олар жасаған ерлік жорықтарының мәні мен маңызы да бірнеше ғасырлар бойында ел жадынан бір сәтке де ұмыт қалған емес. Жалпы осы аттары аталған батырлардың болсын, немесе әр ғасырда өмір сүріп, әртүрлі тағдыр кешкен басқа да сандаған ұлттық деңгейдегі тұлғалардың қай-қайсысын алсаңыз да олардың тұлғасын алдымен халық ішінен шыққан өнер иелері көркем сомдауға, әдебиет тілінде жырға қосуға ұмтылған. Оның ішінде әсіресе халық ауыз әдебиетінің, яғни фольклордың үлесі дара көрінеді. Қазақ батырларының бейнесі сонымен бірге жазба әдебиетімізде де, әсіресе прозалық туындыларымызда көбірек сомдалды. XX ғасыр әдебиетінің бастапқы кезеңінің өзінде-ақ қазақ қаламгерлері халық жүрегінен берік орын алған осынау айтулы қазақ батырларының тұлғасын қоғамдық-әлеуметтік, тарихи оқиғалармен астастыра отырып қазақ әдебиетіне алып келді.

20–30 жылдардағы және кейінгі онжылдықтар кезеңінде қабырғалы қаламгерлеріміз бен ақын-жыршыларымыз І.Жансүгіров, С.Мұқанов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Жамбыл, Иса, Нұрпейіс, Кенен, Қалижан Бекхожин т.б. өз шығармаларының негізгі кейіпкерлері етіп батырлар тұлғасына қол артуы осыны аңғартады. Қара қыпшақ Қобыланды, Қара қасқа атты Қамбар батыр, Ер Тарғын, Абылай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Батыр Баян, Қарасай, Өтеген, Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Райымбек, Махамбет, Исатай, Сырым, Кенесары, Наурызбай, Амангелді, Бекболат, т.б. есімі елге белгілі, қол бастаған немесе ұлт-азаттық күрестің ұйтқысы, басшысы болған батырларымыз бен хандарымыздың көркем әдебиеттегі соқталы бейнесі сап түзеп, осы арқылы қазақтың рухани әлемі жаңа белеске көтерілді, байтақ кеңістікке шықты. Қазақ тарихының әрбір кезеңі, яғни ел басынан өткен, халық тағдырында терең із қалдырған тарихи, саяси оқиғалар енді нақты тарихи тұлғалардың - қазақ батырларының бейнесі арқылы, солар өмір кешкен, азаттық жолында арпалысып өткен заман, уақыт кеңістігі арқылы көркем шежіреленді. Әдеби кейіпкер ретінде бой көтерген осынау тарихи тұлғалардың көркем, жинақталған бейнесін сомдау енді өз кезегінде қаламгерлер үшін де жаңа суреткерлік, шеберлік мүмкіндіктерге жол ашты. Осы орайда, әрбір әдеби жанрдың көтеретін жүгі салмақ басып, әдеби әдіс-тәсілдердің көкжиегі де кеңі түсті. Осы арқылы дәстүрлі қазақ поэзиясының кең тынысы жаңа құнарлы көркемдік ізденістерге қол артуға қаламгерлерді итермеледі. Ғасырлар қойнауынан тамыр тартқан әдебиет тарихындағы ұзын салқар рухани көшіміздің ең бір асылы мен аяулысы да, яғни рухани құндылықтарымыздың баға жетпес байлығы да қарап отырсақ осы арнадан енші тауыпты.

Ел тағдырындағы батырлардың тарихи орнын бейнелеген, сомдаған өнер туындыларын сөз еткенде біз ауыз әдебиетін, яғни халық мұрасын алдымен атаймыз. Бұл мұралардың аса маңыздылығын, ел тағдырындағы тарихи мәнін біздің аға буын, әдебиеттанушы ғалым-зерттеушілеріміз астын сыза айтып кеткен. Мысалы, қазақ эпостану ғылымында батырлық жырлардың мазмұнына, көркемдік сипатына қатысты алғашқы, құнды ғылыми ой-толғамдарға арна салған маңызды зерттеулер, жинақтар жарық көре бастады. Осынау көркемдік құндылығы аса жоғары халықтық мұраларымыздың ел арасынан, әртүрлі дерек көздерінен жиналып, тұтастырылып, өңделіп, ғылыми тұрғыдан зерттелуі Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, Г.Потанин, И.Березин, И.Мелиоранский, Н.Ильминский, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров еңбектерінен бастау алып, кейінгі кезеңдерде де осы үрдіс әдебиеттану ғылымының басқа да белгілі өкілдерінің еңбектерінде жалғасын тапты. Бұл еңбектерде енді халық ауыз әдебиетінің, оның ішінде батырлық жырларымыздың тарихи негіздеріне, осы

жырлар өмірге келген кезеңнің әлеуметтік-қоғамдық сипатына да тереңірек талдау жасала бастады. М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, М.Сильченко, Н.Смирнова, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, Р.Бердібаев, С.Садырбаев, С.Қасқабасов т.б. көрнекті қазақ әдебиеттанушы-ғалымдардың 60-70-жылдардағы ғылыми-зерттеу еңбектері, оқулықтары мен оқу құралдары да аса бай халық мұрасының әр алуан көркемдік қырларын талдауға арналды. Осы орайда әсіресе эпостық жырларымыздың танымдық-тағылымдық маңызы, ондағы көркемдік тұрғыдан жинақталған бас кейіпкерлердің образдық тұтастығы, тарихи оқиғалар мен жырларда суреттелетін сюжеттік арналардың арасындағы сабақтастық, поэтикалық құндылықтар, барлығы тарихи-салыстырмалы негізде сөз болады. Осы орайда қазақ батырларының, яғни эпостың бас кейіпкерлерінің ел тағдырындағы, ұлт тарихындағы орны мен миссиясы да ғылыми негізде, жаңаша ұлттық таным, эстетикалық талғам тұрғысынан шынайы бағасын ала бастады.

Қ.Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері», М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», Ә. Марғұланның «Ежелгі жыр, аңыздар», Ә.Қоңыратбаевтың «Эпос және оның айтушылары», «Қазақ эпосы және түркология», М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғалымдары дайындаған «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Фольклор шындығы», «Қазақ фольклорының тарихилығы» т.б. іргелі ғылыми-зерттеу еңбектер әдебиеттану ғылымының эпостану мәселелерін кең ауқымда қарастыруға жол ашты. Кейінгі жылдары жарық көрген Р.Бердібайдың «Эпос – ел қазынасы», «Қазақ эпосы», «Кәусар бұлақ», С.Садырбаевтың «Фольклор және эстетика», «Халық әдебиетінің тарихи негіздері», О.Нұрмағанбетованың «Казахский героический эпос «Қобланды батыр», Қ.Сыдықовтың «Ақын жыраулар», Е.Тұрсыновтың «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері», С.Қасқабасовтың «Ертең пен эпостың сюжеттік типологиясы» («Қазақ фольклорының типологиясы» жинағында), Ш.Ыбыраевтың «Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы» т.б. еңбектер эпостық жырларымыздың тарихи, көркемдік құндылығын жаңа ғылыми ізденістер арқылы биіктете түсті.

Осының негізінде қазақ фольклоры, әсіресе эпостық жырлардың көркемдік болмыс-бітімі ғылыми танымның бүгінгі талап-тілектеріне сай зерттеле бастады. Бұл зерттеулер қазақ әдебиеттану ғылымындағы халық мұраларын тарихи тұрғыдан жаңаша зерделеудің әдістемесін тың арнаға бұрды. Осылайша, халық мұрасының әділ, терең, әрі тарихи-салыстырмалы бағасын алуы бір жағынан осы халықтық рухани құндылықтарымыздың көркемдік деңгейінің қаншалықты биік, сапалы болғандығын көрсетсе, екіншіден көркем әдебиетіміздің ендігі өркендеу, өсу белестеріне де таптырмас қазына көзі екендігін аңғарамыз. Яғни дәстүрлі мәдениетіміздің бай арналары кейінгі көркемдік дамуға айырықша серпін берді.

Жалпы, тарихи жырлардың ел тағдырындағы орнын, мәнін айтқанда, әрине әр ғасырдың, әр тарихи кезеңнің жырларға тигізетін тақырыптық, көркемдік, тілдік ерекшеліктерін де атамай кетуге болмайды. Себебі әр тарихи кезең халық, ұлт алдына айрықша, өзіндік саяси-әлеуметтік, қоғамдық-тарихи мәселелерді өткір қойып отырды. Туған жерді, Отанды қорғау идеясы, осыған қарамай барлық әдеби мұралардың басты идеялық-тақырыптық арқауы болып қалып отырғанын аңғарамыз. Мысалы, белгілі әдебиеттанушы-ғалым Е.Ысмайылов қаһармандық жырларымыз әрқилы тарихи кезеңдерде дүниеге келіп, сол кезеңдердің тарихи-саяси, әлеуметтік оқиғаларымен терең сабақтасып жатқандықтан төмендегідей саралау жасайды:

1. Қаңлы-Қыпшақ дәуіріне («Ер Төстік», «Көрұғлы», «Алпамыс» т.б.) жырларды жатқызады.

2. Ноғайлы заманының жырлары деп («Қобыланды», «Дотан батыр», «Едіге», «Орақ-Мамай», т.б.) мұраларды атайды.

3. Қазақ пен жоңғар арасындағы күресті суреттейтін, сол тұста халыққа кеңінен таныс, ел тағдырындағы айтулы оқиғалардың бейнесін қайта тірілтетін, қайтара жаңғыртатын жырлар дейді. (Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Өтеген, Сұраншы, Райымбек, Малайсары, Олжабай, Жәнібек, Тілеуке, Саңырық, Сыпатай т.б. батырларға арналып, солардың ерлік

жорықтарын, батырлығын, қаһармандығын, ақыл-парасатын, әсіресе отан сүйгіштік қасиеттерін қастерлей отырып жырлайтын туындылар тобын атайды).

Сонан соң XIX ғасырдың эпосы деп, бұл топтағы жырларды бөлекше топтап, атап өтеді. Яғни ғалым-зерттеушінің осылай топтастыру, немесе ғылыми жүйелеу арқауында, түптеп келгенде осы аттары аталған батырлар жырларындағы, немесе аңыз-ертегі, тарихи жырлардағы тарихилық негіз бірінші қатарға шығарылған. Демек батырлар жырындағы басты идеялық лейтмотив, алтын арқау алдымен тарихи шындыққа табан тірейді. Яғни белгілі бір тарихи тұлғаның тарихи орны мен оның ел алдындағы тарихи қызметі басты нысанаға алынады.

Жалпы көркем өнердегі, оның ішіндегі көркем әдебиеттегі бейнеленген батырлар тұлғасына назар аударсақ, зер салсақ қазақ қаламгерлерінің үлкен бір шоғыры нақты тарихи болған батырларға, олардың нақты өмір кешкен заманына көбірек қалам тербегенін аңғарамыз. Нақты тарихи тұлғаның образын сомдау бір жағынан авторлар үшін көп ізденісті талап етсе, екінші жағынан ел ішіндегі көне көз қариялардың әңгімесі, немесе ел жүрегінде жатталып қалған аңыз-әңгімелер, жыр-шежірелер барлығы жиылып келгенде қазақ қаламгерлері үшін таптырмас мол рухани қазына көзі болды. Осы халықтық қазынаға табан тіреген ақындарымыз, жыршы-жырауларымыз, прозашыларымыз кейіпкер сомдауға қажетті тарихи деректердің барлығын елдің өзінен алды. Осы арқылы қазақ батырларының көркем әдебиеттегі бейнесінің халықтық сипаты, елдік мән-маңызы тереңдей түсті. Көркемдік биіктіктің ең бір негізгі талабы әдеби бейненің оқырман жүрегіне жақын болуына да қаламгерлер осы жол арқылы жетті.

Бүкіл қазақтың басын біріктіріп, қазақ мемлекеттігінің тұтастығын, күш-қуатын жаңа тарихи, саяси, қоғамдық-әлеуметтік биікке көтерген ұлы хан Абылайдың төңірегінде топтасқан қазақтың үш бас батыры Қаракерей Қабанбай, Қанжығали Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, үшеуі де қазақ әдебиетінде терең, әрі көп жырланған тұлғалардың қатарынан орын алады. Басқа ақын-жазушыларымызды айтпағанда, бір ғана Бұхар жыраудың, Ақтамбердінің, Үмбетейдің, Тәтіқара ақынның және тағы да басқа осы кезеңде өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармашылығының өзінде осы үш батыр бейнесіне айрықша маңыз беріледі. Жалпы, Қабанбай, Бөгенбай, Баян, Наурызбай сынды атақ-даңқы алысқа кеткен батырлардың тұлғасын биік, көтере, марапаттай жырлайтын, олардың ата-тегін, ата-жұртын, асыл елін өлең-жыр арқауына негіз ететін, жалпы батырлықтың, қаһармандықтың қазақ тағдырындағы тарихи маңызын сипаттайтын өлең-жырлар аз болған жоқ.

Осылардың ішінен Шапырашты Наурызбай батыр туралы көркем әдебиет үлгілерінің өзі бір төбе. Айталық, Наурызбай батырға, оның жаужүрек ерлігіне шығармалар арнаған жыраулар: Бұхар жырау Қалқаманұлының, Үмбетей Тілеуұлының толғаулары, Шәді төре Жәңгірұлының «Тарихат» дастаны, Шапырашты Қазыбек бектің «Түп-тұқианнан өзіме шейін» атты әдеби-тарихи еңбегі т.б. туындылар, жиылып келгенде Абылай ханның арқа сүйеген, қиналғанда қолтығынан демеген, қайраттанғанда дұшпанына жасын болып шүйілген, елін, жерін жаудан сақтаған – хас батыр Шапырашты Наурызбайдың тарихи тұлғасын әр қырынан танытқандығымен құнды болды.

Қалданменен ұрысып,  
Жеті күндей сүрісіп,  
Сондағы жолдас адамдар:  
Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Шақшақұлы Жәнібек,  
Сіргелі қара Тілеуке  
Қарақалпақ Қылышбек,  
Төкеден шыққан Сатай, Бөлек,  
Шапырашты Наурызбай,  
Қаумен, Дәулет, Жәпек батыр қасында,  
Бақ-дәулеті басында,



Сеңкібай мен Шойбек бар.  
Таңсыққожа, Молдабай,  
Қатардан жақсы қалдырмай,  
Есенқұл батыр ішінде.  
Өңкей батыр жиылып,  
Абылай салды жарлықты,

Қалдан ханды қашырып, – деген жолдардан басталатын Бұхар жырау толғауында Наурызбай батырдың барлық қаһармандық қырлары, туған елі мен туған жері үшін қасық қаны қалғанша жаумен жаға жыртысып өткен батыр тұлғасының сырт келбетімен қоса, оның рухани жан дүниесіне де баға беріледі. Осы орайда жырау аузымен халық сөйлеп тұрғандай, батыр ерлігіне елдік баға беріліп тұрғандай әсерде боламыз.

Ал Тәтіқара ақынның бір топ қазақ батырларына арналған келесі:

Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,  
Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы.  
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын,  
Сары менен Баянды айт Уақтағы.  
Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,  
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгембайды айт,  
Найзасының ұшына жау мінгізген.

Еменәлі Керейде, ер Жабайды айт, [1, 66 б.] - деп келетін өлең – жырында Бөгембай батырдың тұлғасына байланысты жігіттік пен ерлік мінез басты қасиет ретінде қатар көрсетіледі. Ал Бұхар жырау Абылай ханға бас қолбасшыларының бірі Бөгембай батырдың қазасын төмендегідей тегеурінді де, қуатты жыр жолдарымен жеткізеді:

Қиядан қику төгілсе,  
Аттың басын тартпаған.  
Қисапсыз қол көрінсе,  
Қорқып жаудан қашпаған...  
Қарсыласқан асылдар –  
Қорғасындай балқыған,  
Батырың өтті Бөгембай...[1, 125 б.]

Бұл жыр жолдарынан батырдың ерлік жорығын дәріптей отырып, дәстүрлі жыраулық поэзия үлгісінде өмірге келген әдеби шығарма - жоқтаудың бір ұтымды үлгісін көреміз. Мұндай үлгілер сол кезеңдегі қазақ ақын-жырауларының шығармашылығында мол кездеседі. Жалпы, шешендік өнер мен ақындық қуаттың қос арнасын қатар, жарыстыра өріп отыратын, соның тоғысқан тұсында құнарлы, тегеурінді ой-толғамдарын топтап, түйіндеп жеткізетін көркемдік әдіс-тәсіл сол кездегі қазақ поэзиясына етене тән қасиеттердің бірі. Осы көркемдік арналар кейінгі кезде Махамбет, Шернияз, Сүйінбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Иса, т.б. қазақ ақындарының шығармашылығынан көрініс тапты.

Сонымен бірге, халық арасында кең тараған, аңызға айналып кеткен әңгіме, жырлардың арқауында айтулы қазақ батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбаймен әрдайым үзеңгі қағыстырып, бір топта, қатар жүрген батырлар шоғырында: Өтеген, Райымбек, Бөлек, Сатай, Аралбай, Сеңкібай, Шақшақұлы Жәнібек, Қаумен, Дәулет, Жәпек, Есенқұл сынды жаужүрек, ақберен тұлғалардың да аттары аталады.

Бір ерекшелігі – XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ елінің жылдар бойы ес жия алмай, аттың жалында, түйенің қомында жүрсе де жоңғар шапқыншыларына қарсы жүргізген күресінде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған осынау қазақ батырларының баға жетпес бірлігі, азаматтық ынтымағы, ұлы достығы қазақ өлең-жырларының барлығында да алтын арқаудай желі тартады.

Қазақ эпосының сюжеттік желісіне ертегі элементтерінің үстемелей енгізілгенін фольклоршы ғалымдардың көпшілігі айтқан. Осы пікірді ерекшелей түскен Р.Бердібаев былай дейді: «Қазақ ауыз әдебиетінің қорында батырлық ертегілер мен қаһармандық жырлардың үлесі үлкен. Оларда халықтың сан замандар бойындағы өмір, күрес тәжірибесінің ұлы сарыны

сақталған. Ертегі мен жырда тарихта орын тепкен белгілі оқиғаның нақтылы қайталамасы немесе шежіресі берілмесе де, солардың ел санасындағы жаңғырығы, өзгеше тәсілмен сәулеленген естелігі көрініс табады. Сондықтан да ауыз әдебиетінің шығармаларында да «таным – бейтаным» дерліктей халдер қалыптасады» [2, 153 б.].

Тарихи жырлардағы қаһармандар жаратылысы тікелей ата- бабалардың тектілігіне катысты болып, ерекше батыр екендігінің себебі батырлар тұқымынан шыққандығы айрықша сипатталған. Халқына деген қалтқысыз қызмет солардан жұққан. Ертегілік элемент тарихи эпоста тек жекпе-жек, жаппай шабуылдар кезінде ғана байқалады. Оның батырлық жырлар арқылы келгендігіне күмән жоқ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Алдаспан. Жинақ. – Алматы: Жазушы, 1971. – 278 б.
2. Бердібаев Р. Қазақ эпосы (жанрлық және стадиялық мәселелер). -Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.

\*\*\*\*\*

**ҚАДЫРОВ Ж.Т.**

Ш. Уәлиханов атындағы КУ КеАҚ

**МУКАНОВА У.А.**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті КеАҚ,  
«Филология» мамандығының 1 курс магистранты.

### **АБАЙ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ**

Әлемдік әдебиетте өзінің көркемдік шеберлігімен, ақындық, жазушылық құдіретімен оқырманды таң қалдырған суреткерлер бар-шылық. Бірақ Абайдың ешкімге ұқсамайтын ғажайып қасиеті – оның мәңгі жүрекжардылығы, оның шығармаларының кеше жазылғандай жарқырап көрінетін жаңашылдығы. Екінші ғажайып қасиеті – әлемдік философияда том-том кітаптарға әрең сыйған ойларды тарының қауызына сыйдырғандай құдіретпен екі-ақ ауыз сөзге сыйдыра білуінде. Абай – қазақтың ұлттық философиясының негізін салушы, жаратылыстың құпиясына, табиғат пен қоғам, адам мен заманның сырына терең бойлаған кемеңгер ойшыл.

Қазақтың маңдайына біткен бақыты – ұлы Абай жырларының, дана сөздерінің мәңгі кір шалмас асылдығы сондай – туған халқы тәуелсіздік туын көтеріп, әділет таңы атқанда жаңаша жарқырап, жаңаша жайнап жүректерге даналық нұрын төкті. Біз оның өмірден озғанына бір ғасырға жуық уақыт өтседе отаршылдық езгісінен шырмалған тотты танымдардан төңкеріп тастап дүниежүзілік деңгейде мақтаныш еттік. Сол айтулы күндерде Абайтану ілімі өз мәртебесінің ең биік шыңына көтерілді [1, 12 б.].

Абайдың тұлғасын, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған өлеңдері мен қарасөздерін, аудармаларын – бүкіл ғаламат шығармаларын, халқының қамын ойлап, бүгінгі мен ертеңін өз жүрегінен өткізіп толғанып, білімнен, оқудан кенде қалған қалпына қапаланып, күңіреңген, «қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті-ау мұртын» деп өксік пен өртенген ғұлама ғұмырнамасын халқымызға толық танытып болдық па? Әрине бұл тұста ойланатын тұстар жоқ емес.

Бүгіндері Абай өлеңдері, қарасөздері қалың оқырманның, бүкіл тыңдаушы жұртының сүйікті туындылары қатарында сахналардан, баспасөз беттерінен, теледидар экрандарынан, әуе толқынынан жиі-жиі беріледі. Соның бәрінде тыңдаудан, оқудан жалыққан жанды көре алмайсыз. Абай қазыналарының құдіретін талай-талай тыңдаса да, тағы да құлай беріліп жаңа

танығандай елжіреген жүрекпен тынып қалған қауымға амалсыздан өзіңіз де қосылып кеткеніңізді аңғарар едіңіз.

Осы құбылыстың өзі бізге Абай шығармаларының халық сүйіспеншілігіне бөленген жаңа өмірі басталғанын баян еткендей болады.

Осы арада бір сәт өз көкірегіңіздің үніне құлақ түрсеңіз қазіргі кезеңде Абай өлеңдері басқаша естілетінін, бұрынғыдай емес көркі жарқырап, ғажап ойлары таңырқатып, жүректі бір суытып, бір ысытып терең толқытарын аңғарар едіңіз. «Феодалдық қоғамның өкілі, байдың баласы» деген бықсық қара күйелер, отаршылдық идеологиясы көзімізге шел перделеп шошытқанына қазір ғана таң қалып бас шайқаймыз. Тәуелсіздік таңының сәулесімен нұрланған көкірек бүгін Абай шығармаларының дана ойларын, аса көркем құймаларын қуана-қуана қабылдап, мың-мың қайталап, құмар қанбай оқуға құштар. Ол туындылар оқыған сайын жүрекке терең бойлап, толқыта берері де ғаламат. Данышпан ақынның жырлары осыдан бір ғасырдан аса бұрын емес, тіпті бүгінгі мына біздің тіршілік-өмірімізден алынғандай шыншыл әсерімен тәнті етері тамаша.

Абай – асқан реалист ақын. Оның табиғат жырларынан уақыттың әлдеқалай жылы, айы емес, өзі өмір сүрген заман жайы, сол заманда тіршілік кешкен адам жайы айқын көрініс табады.

Жаздықун шілде болғанда,  
Көкорай шалғын, бәйшешек  
Ұзарып, өсіп толғанда,  
Күркіреп жатқан өзенге  
Көшіп ауыл қонғанда,  
Құйрығымен шылпылдап...

Бұл-әшейін дала суреті емес, даладағы дарқан өмір, өзгеше тіршілік. Жалаң табиғаттың бірыңғай өзін ғана қызықтап, «анау арада гүл жайқалады, сонау арада жапырақтар сыбырласады, мынау жерде өзен сықылықтап күледі» деп сыдыртып өте шықса, табиғатты адам өмірінен жеке-дара бөліп әкетіп, сырттай боямаласа, одан сырлы сурет, терең поэзия тумас еді.

«Қыс». Ақын қолданатын көркемдік әдістер. Ал, Абай лирикасында жанды дүние-адамды да, адамдардың іс-әрекет, қимыл-қарекет бесігі-табиғатты да тұтас қаусыраған бүтін бір әдемі әлем-құбыла құлпырған көркемдік атмосфера жасалады.

Ақ киімді, денелі, ақсақалды,  
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Осы әшейін қыс көрінісі ғана ма? Аумаған адам сияқты мінезі мен мүсіні бар, дем алатын, қозғалатын жабырқайтын, жадырайтын жанды нәрсе емес пе? Қыс бұл жерде «ақ киімді, денелі, ақ сақалды» баяғы бір «кәрі құда», шал. Қыстың аяусыз екенін, малға да, жанға да тынымсыз екенін көрсетеді. Тынымсыздығын «кәрі құда» деп, қазақ тұрмысымен байланыстырады. Қысты бұлай адам бейнесінде суреттеу-қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын атымен болған емес. Бұл жерде де мәдениетті поэзияның өкілі Абай өзінің өзгеше өлең өрімін, жаңаша үлгі-өрнегін төгіп отыр.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» - ескі ауылдағы әлеуметтік теңсіздік, кедей жалшының мүшкіл халі. Шығарманың нақты өмірден алынған деректік көзі. («Абай жолындағы» осыған ұқсас көрініс) Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе, жылдың тар мезгілін суреттейтін өлеңдері-күшті ақындық шеберлікпен, зор мәдениетпен, жазылған аса сұлу, сылқым, сырлы жырлар. Оқушылардың көбінесе, Абай өлеңдерінің ішінен сүйіп оқитыны да осы-табиғат лирикасы. Жылдың төрт мезгілінің өзіне тән ерекшелігі мен сипатын беретін «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұры» атты өлеңдерінен барлық оқушылар жатқа біле отыра өзіндік мазмұнын ашып береді. Мысалы, 9 «Ә» сынып оқушысы Анар Бұқтыбаева Абайдың жыл мезгілдерін сипаттайтын өлеңдерін оқыған кезде көз алдына түрлі-түрлі табиғат көріністері келетіндігін айтып сыныпта басқа оқушылармен ой бөліскен болатын. «Жайқалған

гүл бәйшешекті», «көкорай шалғыны» мен «күркіреген өзені» бар тамылжыған шыбынсыз жаз да, ақ кірпік бораны мен үскірік аязы бар, қылышын сүйреткен қырау қабақ қытымыр қыс та, аспанын бұлт торлап, гүлі солған сарғыш даласын шық басқан сұрғұлт күз сияқты табиғат көріністері суреттеліп, ізінше сол көрініске бөленген қазақ ауылының тірлік кәсібіне, шаруа жайына көшетіндігін аса шеберлікпен суреттелгеніне бар оқушының назарын аударды.

Абайдың бұл тақырыпқа енгізген жаңалықтары. Қай заманда да болсын ескі мен жаңаның, өткен мен бүгіннің, бүгін мен ертеңнің арасындағы жалғастық, байланыс үзіліп көрген емес. Бұл табиғаттың, қоғамның өмір сүру – эволюциясы заңы. Бұл әдебиетте де бар құбылыс. Қазіргі кемел поэзиямыздың әрбір ұлылы-кішілі өкілдері өздеріне ұлы Абайды ұстаз тұтып, өздерін оған шәкірт санайды. Абай дәстүрінің берік ұстанушысы, жалғастырушысымыз дейді. Иранбекше айтар болсақ:

Бір туатын ғасырда рабайда!

Мен ешкімді теңемен ұлы Абайға,

Тұрғызбасақ бәріміз бір «Абайды»,

Поэзия шаңырағы құламай ма?

деп өзінің шәкірттік борышын сезіне, сездіре отырып Иранбек Абай әлемінің сырлы да қырлы жұмбақтығын былай деп береді:

Жүрегіннен нұр-шуақ таппаса арай,

Тарих шенін төсіңе тақпас оңай.

Бір мұрагер қалдырған шығар, бәлки

Аруақты арқалы, ақбас Абай!- деп бүгінгі күнге өз тұстастарына үміттеніп көз салады. Иранбек Абайдың шәкірті екен, одан үлгі алады дейік бұл анық. Иранбек – Абай дәстүрін жалғастырушы.

«Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, қаламқас», «Қиыстырып мақтайсыз» өлеңдерінің тәрбиелік мәні. ... Ақындықтың алғы шарты өзіңе дейінгі толғауы тоқсан қызыл тілдің асқаралы асуларынан өту, соларды творчестволық игеру екенін жас ақындар ұмытпағаны жөн» [2, 442 б.] деп көрсетсе, Иранбек өзін таныту жолында жемісті еңбек еткен деп айтуымызға болады. Иранбек - көп ізденетін өзіне талап қоя білетін, тыңнан жол салғанды жақсы көретін ақын. Сағат Әшімбаев жас ақындар турасында «көптеген жас ақындармен әңгімелесіп жүргенде олардың Абай поэзиясын хрестоматиялық дәрежеде ғана білетіні әр сөзінен байқалып тұрады. Абайды оқымаған білмеген адамның басқаларды бас алмай оқи қоюы қиын шығады» [2, 442 б.] деп қынжылса, Иран Ғайыпқа олай кінә таға алмаймыз. Ол тау-кен инженері бола тұра тіл құдіретінің инженеріне айнала білген ізденгіш ақын.

Қүдіреті күшті

Тылсымыңа қайранмын

Жетегіңе жіпсіз еріп байландым.

«Сырты-дүрдедей

Іші толған у мен өрт»

Мен өзіңе айналдым- деп өзі жырлағандай.

Лириканың қай түрі болсын көшбасында Абай тұр. Абайдың табиғат лирикасы үлгісіндегі ой-сезімі жан дүниесі табиғат құбылыстарымен қоғам тынысы мен терең астасып жатады. Яғни табиғат пейзаждарын адамның тұрмыс кешкен ортасы, мекен-жайы ретінде суреттей отырып, оны әлеуметтік өмір мен қазақ халқының тұрмысын параллельді түрде алып көрсетеді. Оны мазмұн мен пішіннің керемет астасқан эталоны етіп береді:

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,

Жапырағынан айрылған ағаш-қурай.

Күзгі уақытты өткен кәріліктің символы етіп алады.

Ескі ауылдағы «Қыз ояту», «Қалың мал» әдеттерінің жазғырылуы. Иранбектің «Теңіз-шал» толғауынан үзінді алайықшы:

Көз тіккен жан көркіне бала ғашық,

Қалпы бар, көшпе құм қалар басып.

Кемелердің құс төсін қайыр қажап,

Теңіз қашып барады:

Келіні мен ұлына қарашы алдай.

Осындағы поэтикалық айқындауыштарды былай қойғанда ақынның Теңіз- шалдың қашып бара жатуын үлкен трагедияға, адам трагедиясына, адамзат трагедиясына айналдыра алған. Әр детальға мән беретін ақын теңізді келіні мен ұлына ренжіген қарияға теңеуі біздің ата-баба дәстүрін мансұқ ете бастауымыздың негізінде, Теңіз-шалдың «жаңарған баламен» сыйыспауы нені тұспалдайды? Ақын бұл жерде бүкіл адамзаттық әлемдік проблема, экология мәселесін көтеріп отыр. Табиғат гормониясын бұзып, оны жаңартамыз деп, орынсыз, жөнсіз пайдаланып, бей-берекетсіздікке ұшырату, Теңіз-шалдың шалғайына сүрініп қашуына, былайша айтқанда, Аралдың құруына басты себеп кешегі «табиғаттың бермесін күшпен тартып аламыз» дейтін қызыл империяның әпербақан саясатының салдары екендігі айқындалады. Ақын одан әрі өзінің келешектен үміт күтетінін де сездіріп өтеді.

Барасың неден арып?

Сыр мінез сырқатыңнан жедел айық!

Сібірдегі Енисей қарт құдадан

Сәлем-сауқат келеді!

Келер анық, - деп, оптимистік көзқарас таныта отырып, Теңіз-шалды жұбатады. Мұндағы «барасың неден арып, Енисей қарт құда, сәлем-сауқат» Абай үлгісіндегі айшықтаулар, құбылтулар, кейіптеулер арқылы жырдың поэтикалық қуатын арттырып, оқырман санасына ұғымды түрде мақсат етеді.

«Қор болды жаным», «Мен сәлем жазамын», «Жарқ етпес қара көңілім» өлеңдерінің ерекшелігі. Абайдың психологиялық параллелизмге құрылған екі ұдай нәрсені егіздеп көрсеткен өлеңдері көп деп саналады. Мысалы:

Ыққан жасқа қаңғырып,

Бас аурып, іш жанар.

Абай жаздағы жаңбыр мен адамның көз жасын қатар суреттей келіп, екі түрлі шындықты танытады да, шынайы философиялық түйін шығарады. Ал, Иранбек:

Бүгінгі түннің ұзарып,

Атарын таңның ұмытады.

Ұяттың беті қызарып,

Намыстың бетін жыртады, - бұл да психологиялық параллелизм арқылы жасалған әсерлі сурет. Өлеңнен Абайдың «Көлеңке басын ұзартып», «Жастықтың оты жалындап», «Көк ала бұлт сөгіліп», «Жалынмен оттан жаралып» т.б өлеңдері формасы сезілгенімен Иранбек ақын өзіндік төл құбылтулары айшықтауларымен көріне білген. Соны суреттер жасай отыра күннің батуын түнгі халді, атар таңды сәтті де нанымды бейнелей отырып оған адам сипатын үстейді. Осыдан-ақ оның Абай дәстүрін жай игеру емес творчестволық деңгейді игере білгендігінің айғағын көреміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Ахметов З. Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 274 бет.
2. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы: Санат, 1997. – 416 бет.

**КИШКЕНТАЕВА В.Е.**

«Ақбота» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі, Петропавл қ.

## **БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІ МЕН ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ МӘНІ**

Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, оған жетудің бірден-бір жолы әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді. Сондықтан да білім мазмұнын байыту, оқыту үрдісін жетілдіру, инновациялық технологияларды өмірге әкелу, жан-жақты дамыған, рухани жетілген жас ұрпақты қалыптастыру – өз шешімін қажет ететін, кезек күттірмейтін мәселе. Осыған сәйкес білім беру мақсаттары мүлде жаңа арнаға бет бұрды. Дәстүрлі оқытуда оқушыға білім, іскерлік, дағды қалыптастыру бірінші орында тұрса, қазіргі кезеңде білім парадигмасы өзгерді. Білімді жеке тұлғаға қарай бағыттау, баланың өзін-өзі тануы, соған сәйкес өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу, әр баланың дарынын ашу мұғалімдер қауымына тың міндеттер жүктеп, келелі істерге бағыт берді. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту» тұжырымдамасында: «Әрбір баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу, оның мүмкіндігін, өмірдегі мәнін көрсету арқылы білімге тереңірек ұмтылуына, сондай-ақ ізденісіне, бейімділігіне көмек беру, жағдай туғызу және оған өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру – білім берудің түпкілікті мақсаты» екендігі айқындалған [1, 5].

Осы орайда, Тұңғыш Елбасы Н.Назарбаевтың: «Бізге бұрынғы қай кездегіден де білім мен ғылымның баға жеткізгісіз қорын барынша арттыру, оны қазіргі заманға сай ету қажет» деген сөзі егеменді елімізде білім мәселесіне мемлекет тарапынан қаншалықты көңіл бөлініп отырғанын дәлелдейді [2, 12].

Қазіргі әлемде жүріп жатқан жаһандану үрдісі оқу орындарындағы білім жүйесі мен оқушыны оқытып тәрбиелеуге де өз әсерін тигізе бастады. Көрнекті педагогтар К.Д. Ушинский, Ы. Алтынсарин, А.С. Макаренконың шығармаларында қабілеттерді дамытудың жолдары қарастырылса, оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М. Жұмабаев болатын. Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау – жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласы, құштарлығы болуы керек» [3, 77]. Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым *логика* деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі *логикалық ойлау* деп аталатыны айқын.

*Логикалық ойлаудың ерекшелігі* – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі. Психолог-ғалымдар: Н.Н. Поспелов, Ю.А.Петров, А.Н.Леонтьев, «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. Олар «логикалық ойлау» логика заңдылықтарын пайдалана отырып ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі деген тұжырым айтады. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде А.В.Запорожец, Л.Н.Венгер, И.С. Якиманская еңбектері жарық көрді. Жоғарыдағы авторлардың пікірлерінше «Логикалық ойлауды дамыту» дегеніміз:

- барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қалыптастыру;

- ойлау белсенділігін, өз-өзі дамыту.

Балабақша баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Әйтсе де бұл баланы қайткенде де, неғұрлым ертерек логикалық «жолға» шығару дегенді көрсетпейді. Біріншіден, ойлаудың логикалық формаларын игерудің өзі ойлаудың логикалық жетілген бейнені формалары ретінде игерілмейінше, толық құнсыз күйде қалып отырады. Дамыған көрнекі схемалық ойлау баланы логика табалдырығына жеткізеді. Екіншіден, логикалық ойлауды игеріп болғаннан кейін, бейнелік ойлау өзінің мәнін ешбір жоғалтпайды.

Бүгінгі таңда жасөспірімдерде ой тұтастығының сақталмауы байқалады. Мұндай қателерді болдырмау үшін оқушының ой жүйелілігінің қажеттігін сезінуіне көз жеткізудің амал-тәсілдерін тауып, орнықты ой түйіндеуге жетелеу қажет. Сондықтан да қазіргі кезде балалардың логикалық ойлауларын дамыту үшін шығармашылыққа ерекше көңіл бөлініп отыр. Мысалы «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында»: «Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрену керек», - деген түсініктеме берілген [4, 11].

Жылдар бойы шығармашылыққа берілген анықтамалар да өзгере бастады. Соңғы жылдары "шығармашылық" сөзімен, "жаңалықпен" қатар "бастамалылық, белсенділік" ұғымдары астарласа қолданылып жүр. Шығармашылық жөнінде жазылған еңбектерді талдай келе, төмендегідей қорытындыға келдік: Шығармашылық – өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан, тек адамға ғана тән.

Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда, кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда. Сондай зерттеулердің кейбіреулеріне тоқтала кетейік.

Осы саланы тереңірек зерттеген дәрігер әрі психолог А.Н. Лук әрекет нәтижесінің шығармашылық деңгейге көтерілуі ең алдымен шығармашылық ойлауға байланысты деген пікір айтады. Шығармашылық қабілеттердің белгілері ретінде:

- мәселені қарастырудағы қырағылық, көрегендікті;
- ақпаратты нерв жүйесіне код арқылы хабарлауды;
- тасымалдай білуді;
- ақылдың икемділігі, ойдың оралымдылығын;
- әрекетті бағалай білуді қарастырады.

Әрекеттің шығармашылық қабілеттерді дамытуы үшін қажетті ахуалдың болуы керектігін және қорқыныш, жалқаулық, өзін-өзі шамадан тыс сынау сияқты психологиялық кедергілермен күресу қажеттігіне тоқталады.

В.И. Андреевтің зерттеу жұмысы мектепте, орта және жоғары оқу орнында шығармашыл тұлға тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің диалектикасына арналады. Бұл проблеманың зерттелуінің методологиялық ауқымын, диалектикалық кедергілерді айқындайды. Шығармашылық педагогикасының заңдылықтары мен принциптеріне тоқталады.

Оқушылардың көркем-шығармашылық қабілеттерінің ерекшеліктері, оларды дамытудың жолдары мен әдістері А.А. Мелик-Пашаевтың, В.С. Шубинскийдің, Қ.Ә. Жаманбаеваның зерттеулерінде қарастырылады.

Шығармашылық қабілеттердің жоғары деңгейі дарындылық, таланттылық мәселесінің теориясына терең бойлаған В.Э. Чудновский, В.С. Юркевич, И.П. Волков осы феноменнің ерекшеліктері, олармен жұмыс түрлері, дарынды, таланты балалар экологиясы жайлы ой қозғап, оқу-тәрбие процесін жетілдіруге байланысты тәжірибелерімен бөлісіп, ұсыныстар береді [5, 42].

Педагогикалық еңбекті шығармашылық үрдіс ретінде қарастырған В.А. Кан-Калик, Н.Д. Никандровтың зерттеулерінде ұстаз шығармашылығының психологиялық негіздері, мұғалімнің жеке шығармашылығын қалыптастыру жолдарына талдау жасалады.

Көрнекті француз математигі Адамар шығармашылық үрдісті 4 кезеңге бөледі:

- Дайындық кезеңі.
- Инкубация, жасырын идеялар, тұйыққа тірелу кезеңі.
- Интуицияның жарқ етуі. Эврика.
- Тексеру кезеңі.

А.Н. Лук шығармашылық үрдісті 5 кезеңге бөледі:

1. Айқын және дұрыс қойылған мақсат.
2. Күшті жұмылдыру, қосымша мәліметтер іздеу.
3. Проблемадан уақытша кету.
4. Интуицияның оянуы, Инсайт.
5. Нәтиженің дұрыстығын тексеру.

Жоғарыда келтірілген және басқа да шығармашылық педагогикасына арналған зерттеулер мен еңбектерді талдай отырып, білім алушыларға тән шығармашылық үрдістің кезеңдерін шартты түрде төмендегіше топтастырдық:

1. Жаңалықпен бетпе-бет келу.
2. Шығармашылық белгісіздік, екі ұштылық.
3. Шешімнің жарық көруі.
4. Шығармашылық акт.
5. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу [6, 37].

Зерттеушілер шығармашылық әрекеттерге әртүрлі анықтамалар береді. Мысалы: И.Я.Лернер шығармашылық әрекет деп білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, объектінің жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім табуды белгілейді. Кей ғалымдар шығармашылық әрекетті мәселені шешудегі көрегендікке, қырағылыққа балайды, идеяларды іске асыру (генерация жасай білу), болжай білу қабілеттерін атайды.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелері шетелдік психологтарды 1950 жылдардан бастап қызықтыра бастады және осындай өте қысқа мерзім ішінде қабілеттер туралы діни көзқарастардан оны ғылыми психологиялық ұғым деп тануға дейінгі дәрежеге жетті.

Шығармашылық туралы пікірлер А.Осборн, А. Бионди, Д.Треффингер еңбектерінде айтыла бастады. Бұл жұмыстардың әдістемелік негізі ретінде 50-жылдары жазылған Дж.Гилфорд және оның ізбасарларының (креативтілік) интеллект туралы теориясы алынады. Бұл теорияның негізгі мәні – факторлық зерттеулер нәтижесінде шығармашылық ойлаудың балаларға, сондай-ақ ересектерге тән ортақ компоненттері анықталған. Олар кез келген өнімді әрекетте болатындығы дәлелденген. Олар:

- интеллектуалдық шығармашылық бастамашылдық;
- категоризациялаудың кеңдігі, заттарды пайдаланудағы оқыстылық, оларға мән бере білушілік;
- ойлаудың шапшаңдығы;
- ойлаудың сонылығы, шешімнің дәстүрлі шешіммен салыстырғандағы тапқырлығы.

Осы теория негізінде баланың шығармашылық қабілеттерін анықтауға арналған тестер жүйесі өмірге келеді. Соның бірі – тәжірибеде көп қолданылатын Е.Торренс әдістемесі (тесты творческого мышления Торренса). Зерттеулер нәтижесінде Е.Торренс баланың шығармашылық ойлауы 4-5 жастан басталады деген тұжырымға келеді. Шығармашылық қабілеттердің дамуын зерттеген психологтар мәселенің әр қырына, әртүрлі компоненттеріне тоқталады.

Мысалы: жоғары шығармашылық елестете білу және еркін ойын әрекетіне байланысты ата-анасының қызығушылықтары мен бейімділіктеріне байланысты, отбасындағы тәрбие ерекшеліктеріне, балаға еркіндік беріп, жағдай жасауға оны көтермелеп, мақтап отыруға байланысты пікірлер бар. Ғалымдардың теориясына сүйене отырып, баланың



шығармашылығының сапалық жақтарын ашуға бағытталады. Ол шығармашылықтың ақырғы нәтижесі баланың ақыл-ойында логикалық интеллектуалдық құрылымдардың пайда болуы деп есептейді.

Баланың шығармашылық қабілеттерін зерттеу, диагностикалауға үлкен еңбек сіңірген американдық психолог Д.Гиллорд, Француздың белгілі дидактигі Селестен Френе баланың шығармашылық қабілеттері дамуы үшін мектеп балаға лайықталынуы керек деп есептейді. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту арнайы әдістеменің болуын талап етеді. Әр сабақтың дамытушылық мақсаттарын арттырып, мазмұнды шығармашылық тапсырмалармен байытып, оларды тұрақты пайдаланып отыру арқылы бұл мәселеде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге болады.

Баланың барлық табиғи мүмкіндіктері ашылуы үшін тек ұстаз, оқулық, бағдарлама болуы жеткіліксіз, бала әртүрлі әрекетпен айналыса алатын орта болуы қажеттілігіне баса назар аударады. Сол себепті С. Френе жоғарыдағы жағдайлар ескерілген мектеп ашады. Ол мектеп балалар тек оқып, жазып, тыңдайтын сыныптар кешені бейнесінен шәкірт өмірі мен қызығушылығы байланыстырылған, баланы еркін, ерікті ете алатын, өзінің жеке өмірлік тәжірибесін байыта алатын мекемеге айналады.

Шығармашылық іс-әрекет бұл баланың белгілі бір мақсатқа ұмтылған, оқыту мазмұнын, көлемін қамтитын және қызығушылығын тудыратын белсенділігін, шығармашылығын арттыратын және оларды тәжірибеде қолдануға бағытталған әрекеттер, білімді меңгерудегі өзіндік іс-әрекеті бар дағдылар мен іскерліктердің бірлігі деген тұжырымға көз жеткіздік.

#### **Пайдаланылған әдебиет**

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2003. – 32 б.
2. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2006 жылғы 1 наурыз. Петропавл қаласы, 2006. – 64 б.
3. Жұмбабаев М. Педагогика. Алматы, 2001. 35-б.
4. Нұрмұқанова Г.Н. Шығармашылық – танымдық іс-әрекет нәтижесі //Бастауыш мектеп //, 2004, № 5 ,31- бет.
5. Шайзатова. Д. Шығармашылық дамудың, қозғалыстың көзі // Қазақ тілі мен әдебиеті//, 2003,№12,78-85б.
6. Отарбай А. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері // Бастауыш мектеп//1998, № 2, 8-бет.

\*\*\*\*\*

#### **ҚОЖАХМЕТОВА З.А.**

Б. Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназиясы директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің орынбасары, Нұр-Сұлтан қ.

#### **ТІЛ ДАМУЫ БОЙЫНША ЕҢБЕКТЕРДІҢ ҚҰндылығы**

Мектеп оқушыларының тілін дамытуда, тіл мәдениетін көтеруде лексика тарауы аса маңызды мәнге ие. Лексикалық қорды жете меңгеру – ана тілін игерудегі басты іргетас. Өйткені бала ұлттық сөз қоры мен оның мәнін, мағыналық ішкі әрі мен бояу реңкін жете меңгермей тұрып, жоғары тіл мәдениетіне қол жеткізе алмайды. Сондықтан мектеп бағдарламасында сөздік қорды меңгертуге, оқытуға ауқымды орын берілген. Соның ішінде оқушылардың тілін дамытуда, тіл мәдениетін қалыптастыруда сөздің лексика-семантикалық тобының табиғатын терең түсініп, оларды онтайлы да, ыңғайлы және шебер пайдалануға дағдыландырудың маңызы аса зор. Сөздің лексика-семантикалық тобын оқытудың сапасын көтеру оқушыларға ана тілінің бай сөздік құрамын, оның ішінде лексикалық қорды жете

менгерту үшін аса қажет. Сонымен қатар бұл мәселеге мән беру тілдегі сөздердің мағыналық жағынан дамуы мен өзгеруін, жалпы сөз мағынасының қалыптасу жолдарын білу үшін де керек. Сол сияқты тіл мәдениетін жан-жақты қамтамасыз ету үшін, тіл дамыту жұмыстарымен бірлікте, байланыста жүргізу сөздердің мағынасын терең түсініп, орынды қолдана білуге ықпал жасайды.

Сабақ үстінде жаттығу жұмыстарының оқулық көлемімен шектелмейтіні белгілі. Мұғалім көмегімен оқушылар өздері атқаратын жұмысты былай қойғанда, әр сыныпқа арналған дидактикалық материалдар тағы бар. Олардың ішінде мұғалімге көмекші құрал ретінде К.Әбуова мен А.Пралиеваның «Қазақ тілінен 5-сыныпқа арналған дидактикалық материалдары» еңбегін атауға болады.

Б. Нұрпейісовтің «Қазақ тілінен дидактикалық материалдары» әдістемелік құралында жаттығулар біршама жүйелі түрде берілген [1, 32].

Мұғалімнің иек сүйер тағы бір үлкен тіреніші – әдістемелік еңбектер болуы тиіс. Әрине, лексиканы оқыту мәселесі әдістемелік еңбектерде ертеден-ақ сөз болып келеді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде мектеп мұғалімдерінің қажетін өтерлік, оқыту әдістері жайында бағыт-бағдар көрсетерлік әдістемелік еңбектердің тарихы қазақ халқының алғашқы педагогі, балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннен басталады десек, артық болмайды.

Ұлы педагогтің «Киргизская хрестоматия», «Махтубаты» – қазақ даласындағы тұңғыш оқулықтар. Еңбектің құндылығы: берілген мәтіндердің бәрі дерлік баланы адамгершілікке тәрбиелеумен қатар, оның сөздік қорын молайтып, тілін дамытып, өмір тануын кеңейтіп, ақыл-ойын өсіріп, халық тілін меңгеруге, сөйтіп балада әдеби тілдің нормаларын қалыптастыруға бағытталған. Ағартушы-ғалым мәтіндер арқылы баланың тілін дамытудың маңызын ашып, оны іс жүзінде дәлелдеген. «Тіл сезімін дамыту, – оқушылардың мектеп қабырғасына келгендегі сөз қорын әрі қарай байыту, ал ол оқытушылардан сабақ пен жаттығулардың әбден ойланған системасын талап етеді» - дейді педагог [2, 81].

XX ғасырдың басындағы оқу ағарту, ғылым жолындағы өте биік тұлға – Ахмет Байтұрсынов. Біріншіден, ол – бастауыш сынып оқулықтарының авторы, екіншіден, қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша тұңғыш ғылыми еңбек жазған адам. Оқулықтарға «Тіл құралдың» үш кітабы жатса, ал «Баяншы», «Тіл жұмсар», «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылау әдісі», «Жалқылауды жалпылау» сияқты еңбектері мұғалімдерге көмекші құрал ретінде жазылған. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық мәселелерін айқындауда төмендегі мәселелерді көтерген [3, 21].

1. Оқыту әдістерінің маңызына тоқталып, олардың шығу тарихын, олардың ұтымды жағын қарастырып, олар туралы алғаш пікір айтқан.

2. Тұңғыш рет үлестірмелі материалдарды қолданудың жолын көрсетіп, оны оқулық бетінде жариялаған. Әдістің бұл түрі күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай, ізденімпаз, озат мұғалімдердің тәжірибесінде қолданылып жүр.

3. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынов көрнекілік әдісіне де ерекше мән беріп, оны жасауға қойылатын негізгі талаптарды көрсеткен. Олардан оқушы назарын ауытқытпау, жалықтырмау, оқушыны қызықтырып отыру, жазуға тез үйрету, оқушының сауатын ашуды жеңілдету, тездету сияқты маңызды мәселелерді атауға болады.

4. Ал тілдік тақырыптармен байланыста тіл дамыту әдістемесі тұрғысынан келгенде, тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде жеңілден ауырға қарай принципін басшылыққа алған. Мұнан ғалымның дидактиканың заңдарын терең біліп, оны оқулықта шебер қолданғанын білеміз. Біріншіден, ол ғалым ұсынған үлестірмелі карточканың мақсатынан көрінеді.

Бұдан біз ағартушының тіл дамыту жолында жеке сөздермен таныстыру принципін ұстанғанын, осыдан барып жекелеген тақырыптар арқылы оқушылардың сөздік қорын байытуды мақсат еткенін байқаймыз.

А.Байтұрсынов бала тілін дамытуға аса қажетті материал ретінде жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, жұмбақтарды береді де, осыдан кейін сюжетті мәтінге көшеді. Жаңылтпашты жаттап, мақал-мәтелдің мазмұнын ашып, жұмбақтың шешуін таба білген балаға одан кейін берілген өтірік өлең, сюжеті қысқа мәтіндердің мазмұнын түсіну қиындық келтірмесі сөзсіз.

Ғалымның бала тілін дамытуда қолданған әдістерінің бірі – сөз ұқсастығын пайдалану, яғни дыбыстардың алмасуынан сөз мағынасының өзгеретінін таныту, мысалы, ол, олар, орлар, шаш, шаша, шашақ, керек, кезек, терек, тезек, елік, есек, зор, Ораз, ор, ора, т.б.

Бұл жерде қайталау әдісінің материалды есте сақтауда маңызының зор екенін, сөздерді ұмытпай есте сақтауы, жеке қолданыста, сөйлемде, жаттығу кездерінде қолдана білулер үшін ең керек әдіс екенін байқаймыз. Әр оқушы дыбыс алмасқан сайын сөз мағынасының өзгеретінін, сонымен қатар кез келген дыбыс тіркесі сөз жасамайтынын, оның өзінің заңдылығы бар екендігін берік есте сақтайды.

Сонымен қатар, ғалымның балаға сөз өнерін, тіл заңдылықтары мен әдебиет заңдылықтарын қатар, бірлікте үйрету керек деген пікірі өте құнды. Себебі, тіл дамыту мәселесін тек қана лексика-грамматикалық заңдылықтарды үйретіп қана емес, сөзді қызмет ету аясында көрсету барысында ғана шешуге болатындығы белгілі. Ғалымның сөзімен айтқанда: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйгенін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамды таба алса, тіл шама қадірінше жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын» [3, 59].

Айта кететін бір жағдай, қазақ тілі әдістемесінен ғылыми-әдістемелік еңбектер 1930 жылдың екінші жартысынан бастап шыға бастады және көбінесе тек мақалалар түрінде болады, тілдің жеке салаларын оқытудағы қатысты ірі әдістемелік еңбек болған жоқ. Бұл ретте С.Жиенбаевтың, Ғ Бегалиевтің әдістемелік ой-пікірлерін атауға болады.

Әдіскер ғалымдар тіл дамыту үшін істелетін жұмыстың ең маңыздысы мазмұндама, шығарма жаздыру екендігіне назар аударады. Әдіскер С. Рахметова: «Тіл дамыту жұмыстарын жүргізудегі бірінші нысанам – оқушының сөздік қорын арттыру», - дейді [4, 42].

С.Қасымбековтің «Жаңа типті мектептегі оқу процесі мен оқыту әдістері жайында» деген еңбегінде басқа мәселелерімен қатар, оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарына, тіл дамытуға тиісті көңіл бөлінген. Ол оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарының мынадай түрлерін қолдануды ұсынады.

- 1) мұғалімнің сұрағына ауызша қысқа және тұжырымды жауап беру;
- 2) оқылған шығарма бойынша баяндау және шығарма жазу, шығармашылық жұмыс жазып, іс қағаздарын құрастыру, хат жазу және т.б. жазбаша жұмыстар;
- 3) кітапшен, оқулықпен жұмыс істеу, өздігінен оқу, берілген сұрақтарға ауызша және жазбаша жауаптар әзірлеу, жоспар құру, конспект, тезистер жасау, әдеби шығармаларды талдау, баяндама, рефераттар жазу [5, 49].

Тіл дамыту жұмыстарын ұтымды да сапалы ұйымдастыру тұрғысында мұғалімдерге бірден-бір көмекші құрал ретінде ғалымдар И.Ұйықбаевтың «Оқушының ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдірейік» және М.Балақаевтың «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері», «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» деген зерттеу еңбектерін жатқызуға болады.

И.Ұйықбаев тіл дамыту ой дамытумен тығыз байланысты болатындығын айта келіп: «Оқушылардың ауызекі тілін дамыту үшін, ең алдымен:

- 1) олардың сөздік қорын байыту керек;
- 2) әдеби тілде сөйлеудің нормасын, сөйлемдерді дұрыс құрауды үйрету қажет;
- 3) ойларын байланыстырып айтып беру дағдылары мен шеберлігін қалыптастыруға назар аударған жөн», - дейді [6, 40].

Н.Құрманов сын есімдерді оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысының маңызына тоқталса, Т. Әбдікәрімова тіл дамытудағы мәтінмен жұмыстың маңызын, оның оқушы тілін дамытудағы рөлін анықтайды, белгілі әдіскер ғалым Б. Жахина өз еңбегінде лексика тарауының оқушының тілін дамытудағы рөлін айта келе, әр түрлі жаттығулар ұсынады [7, 45].

Ал соңғы жылдары қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымында оқушылардың жазбаша тілін дамыту, сөздік қорын байытудың теориялық және әдістемелік маңызы сияқты мәселелер зерттеліне бастады. Жеке адамның сөйлеуінің өзі – оның білімі мен мәдениетінің, сауаттылығының, жалпы рухани дәрежесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Себебі адамның сөйлеуінен оның ішкі жан дүниесі, ой толғанысы байқалады. Сондықтан да тіл дамыту – мектептегі оқу-тәрбие ісіндегі ең басты мәселе. Тіл арқылы адам ойын басқаға жеткізеді,

қарым-қатынас жасайды және сол арқылы басқаға әсер етіп, ой салады. Қандай қоғамдық ортада болсын адамның белсенді әрекеті оның тілінің жан-жақты, әдеби тіл нормасына сай даму дәрежесіне де байланысты. Ал оқушылардың тілінің дұрыс қалыптасып, дамуы оқу үлгеріміне әсер етеді.

Себебі бала тілінің дамуы, сөздік қорының баюы тілден игерген білімінің толысып, кеңейіп отыруына байланысты. Тілі дамыған баланың ойы да жақсы дамиды, қоғам мен өзін қоршаған табиғат жайында күрделі ұғымдардың байланысын түсініп тануы жеңілдейді.

Во второй половине XIX века для снабжения армии стали использоваться железные дороги. Начальным этапным пунктом стала служить одна из крупных железнодорожных станций в районе мирного расположения каждого из корпусов армии. На этой станции устраивался обширный магазин (называемый в немецкой армии «запасным», Ersatzmagazin). На больших железнодорожных станциях, на узлах сухопутных и речных сообщений по пути к театру военных действий устраивались «сборные магазины», в которых должны были постоянно находиться 5—6-дневные запасы для армии. Из них запасы посылались в действующую армию поездами, а с конечных станций доставлялись войскам гужевым транспортом. [3]

#### *Двадцатый век*

Во время Первой мировой войны для снабжения фронта использовался в основном железнодорожный транспорт, а гужевой транспорт для доставки припасов в войска от конечных станций начали заменять автомобильным. Объёмы всего необходимого армиям, особенно боеприпасов, колоссально возросли по сравнению с войнами прошлого.

Во время Второй мировой войны объёмы снабжения фронтов стали ещё большими. Кроме того, намного увеличилось разнообразие потребностей воюющих армий. Так, американский каталог военных предметов и деталей к ним содержал 2 700 000 наименований и состоял из 479 томов весом в 110 кг. Любая мелочь могла быть с фронта заказана со ссылкой на шифр этого каталога. Германская группа армий «Центр» (до 1800000 человек) обслуживались в среднем 1700 поездов в месяц. В 1943—1945 гг. советские войска получали от промышленности ежегодно примерно 100000 миномётов, 120000 орудий и 450000 пулемётов. В Берлинской операции 1945 г. было израсходовано около 25000 тонн снарядов.

Во время Второй мировой войны для снабжения войск начал использоваться воздушный транспорт. Немцы использовали «воздушный мост» для снабжения десанта на Крите и окруженных группировок под Демьянском и Сталинградом. Американцы использовали трансконтинентальный «воздушный мост» по линии Бразилия - Нигерия - Судан - Египет.

Самыми яркими примерами военной логистики недавнего прошлого являются операции США в Ираке в 1991г. («Буря в пустыне») и в 2003г. Эффективная система снабжения сыграла важную роль в успехе этих операций.

#### *Тыловое обеспечение в Вооруженных силах СССР [4]*

К началу 90-х годов тыловым обеспечением в ВС СССР, занималось ведомство под названием Тыл ВС СССР в составе министерства обороны.

Организационно-штатные структуры (специализированные подразделения) тылового обеспечения присутствовали на всех уровнях от подразделений до Объединений, начиная с уровня батальона.

К примеру на уровне моторизованного стрелкового/парашютно-десантного/танкового батальона или артиллерийского дивизиона, задачи тылового обеспечения решал взвод материального обеспечения (в зависимости от штата существовало другое название — взвод снабжения, сокращённо — вмо или вс) при штабе батальона/дивизиона - вмо/вс состоял из автомобильного отделения, отделения хозяйственного обслуживания и отделения технического обслуживания. Существовал также штат батальона, где кроме взвода материального обеспечения имелся и взвод технического обслуживания (вто).

Задачами вмо/вс являлись: [5]

— Транспортировка к боевым порядкам батальона всего необходимого для выполнения боевой задачи (боеприпасы, топливо, продовольствие, снаряжение и т. д.)

— Организация полевого питания и обслуживания военнослужащих (разворачивание полевых кухонь и столовых, пунктов обогрева личного состава, пунктов помывки личного состава и т. д.)

— Ремонт в полевых условиях боевой техники, автомобильной техники и вооружения.

На уровне роты все вопросы тылового обеспечения контролировали и решали старшина, заместитель командира роты по технической части (техник роты) и санинструктор.

Начиная с уровня батальона/дивизиона, существовала офицерская штатная должность, полностью отвечающая за тыловое обеспечение — заместитель командира батальона по тылу. За техническое обеспечение ответственность нес заместитель командира батальона по технической части (по вооружению).

Медицинское обеспечение осуществлялось медицинским пунктом (МП) батальона, представлявшим собой фельдшерское отделение со штатным автотранспортом (УАЗ-452, ЛуАЗ-967), возглавляемое начальником медпункта в офицерском звании. [5]

На уровне полка/бригады штатными подразделениями тылового обеспечения являлись — рота материального обеспечения (рмо), ремонтная рота (ремр) и медицинская рота (медр). Медицинская рота имела лазарет в пункте постоянной дислокации и разворачиваемый в полевых условиях полковой полевой госпиталь.

Также в штате части, начиная с уровня отдельная рота имелись специальные службы (отделы) в штабе — продовольственная служба, вещевая служба, финансовая служба, медицинская служба, автомобильная служба, бронетанковая служба, служба ракетно-артиллерийского вооружения, служба горючего и смазочных материалов, ветеринарная служба.

При каждом военном городке/гарнизоне, которые могли объединять в себе несколько воинских частей, существовала квартирно-эксплуатационная часть (КЭЧ), обеспечивавшая эксплуатационно-техническое обслуживание солдатских казарм, служебных зданий на территории городка и жилищно-коммунальное обслуживание домов офицерского состава.

На уровне дивизии штатными подразделениями тылового обеспечения являлись отдельный батальон материального снабжения (обмо), отдельный ремонтно-восстановительный батальон (орвб), отдельный медико-санитарный батальон (омедсанб).

#### **Список использованных источников**

1. История тыла. Воениздат. Москва, 1974 г.
2. История Тыла Российских Вооружённых Сил (XVIII—XX вв.)
3. Центральный архив Министерства обороны РФ (ЦАМО РФ). Ф. 81. Оп. 12079. Д. 104. Л. 87.
4. Центральный архив Министерства обороны РФ. «История тыла» Начальник Управления обозно-хозяйственного снабжения ГИУ — генерал-майор интендантской службы М.И. Субботин.
5. Тыл Советской Армии. М., 1968.

\*\*\*\*\*

## **НУРМАХАНОВ М.Б.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты  
қызметтік жауынгерлік қолдану тактикасы кафедрасының аға оқытушысы –  
ИТҚ қызметінің бастығы, магистр, майор.

## **ЕЛТАЙ Б.Ж.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты 2 оқу батальоны  
3 оқу ротасы 234-ші тобының курсанты.

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

«Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды»

Н.Ә. Назарбаев

Биыл кең байтақ еліміз, кіндік қанымыз тамған жеріміз, оттан да ыстық болып көрінетін отанымыздың, Қазақстанның тәуелсіздігіне 30 жыл толғалы отыр. Осы 30 жылда не өзгерді, мәдениетіміз бен әлеуетімізде не жаңалық болды деп қорытынды жасайтын уақыт келді. Қазақстан Республикасының мәдени саясатының ұзақ мерзімді тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының бірінші Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында әзірленген болатын. Ұсынылған мәдени саясаттың басты көздеген мақсаты Қазақстан халқын өзінің бай мәдени мұрасымен және шығармашылық әлеуетімен Қазақстан Республикасының әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру еді, осы мақсатта жұмылдыруға үндейтін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы дүниеге келді.

Сонымен қатар бүгінгі күндегі жаһандану дәуірінде мемлекеттің саяси жүйесінің жетілдірілуінде әлеуметтік-құқықтық дамуына да үлкен назар аударылып жатыр. Оның ең негізгі алғышарттарының бірі ресми биліктің мемлекеттің мәселелерін шешуде қандай әдістер мен тәсілдер қолдануымен тығыз байланысты. Бұл мәселеге қатысты мысалдарды көршілес ТМД елдеріндегі және Еуропаның ішкі қақтығыстарды шешудегі билік ұйымдарының іс-әрекеттерінен көре аламыз. Саяси режим-әр мемлекеттегі белгілі тарихи кезеңде өмір сүрген, саяси райды сипаттайды.

Бүгінгі Қазақстан халқы азат, тәуелсіз елге айналды. Ол — қазақ жұртының ғасырлар бойғы арманы еді. Егемендік алғаннан бергі 30 жыл ішінде Қазақстан Республикасы ғасырларға тән сан-салалы саяси-құқықтық өзгерістерді басынан кешірді. Осынау кезеңдегі саяси-құқықтық режимнің қалыптасу жолындағы күрестің көшбасында халқының ақыл-айнасы, жанашыры болған ұлтымыздың таңдаулы қайраткерлері тұрды. Егер төңкеріске дейін-ақ қазақ жұртының санасына саяси-құқықтық ойдың сәулесін түсіріп, оятқан, азаттық жайлы идеяның негізін қалап бағыттаған А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, М.Дулатовтардай көсемдері ұйытқы болған Алаш зиялыларының саяси-құқықтық қызметі деп білсек, ізінше 1916-17 жылдардың ұлт-азаттық күресі мен саяси режим төңкерістерінің аласапыранында қалыптасып, шынығып, айқындалып, саяси билікке көтерілген Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, Б.Сыртанов, Ж.Ақпаев, Н.Нұрмақов, Ж.Досмұхамедов т.б. зиялы қауымды көреміз. Алдыңғылар негізінен ағартушылық, саяси-құқықтық қызметімен еліміздің болашақ даму жолын саралап берген болса, кейінгілер кеңес билігі шеңберінде ұлттық мұраттарды жүзеге асыруда бар күш-жігерімен саяси стратегия жасады. Олар жоғалтып алған мемлекеттік белгілерімізді қалпына келтіріп, Қазақстанның шынайы саяси тәуелсіздігінің негізін қалауға орасан зор күш жұмсады. Бөлшектелінген қазақ жерін біріктірді, экономикасының түзеліп, оңтайлы саяси-құқықтық режимнің дамуына жағдай жасады.

Өкінішке орай, ұлтымыздың зиялылары түгелдей дерлік тоталитарлық режимнің қысымын көрді, абақтыға қамалды, елден қуылды, кейінгі қуғын сүргін науқанында репрессия құрбанына айналып, жазықсыз мерт болды.

Алайда, олардың саяси-құқықтық идеялары мен есімдері тарихтан күштеп өшірілгенімен де, озбыр режим олардың өз халқына деген жанпида қызметімен ерекшеленген азаматтық бейнелерін санамыздан өшіре алған жоқ. Тіпті, қатал саяси-құқықтық режим әлсіреген тұста көпшілігінің ақталғанымен де, олар туралы толық шындықты айтып, ақ-қарасын тануға идеологиялық құрсау мүмкіншілік бермеді. Осылайша, халықтың тарихи жадында сақталып келген сол ұлтжанды заңгерлеріміздің есімдері мен мол мұралары тәуелсіздік тұсында қайта жаңғырды. Бірқатар ғылыми жұмыстың арқауына айналып, жүйеленген саяси-құқықтық тақырыпта немесе жеке саяси тұлға ретінде зерттелді.

Қазақстан Республикасында мәдениет саласының ағымдағы ахуалы. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2017 жылғы 1 қаңтарға елімізде 4,1 мың кітапхана, шамамен 3,2 мың мәдени-демалыс ұйымдары, 238 музей, 64 театр, 94 кинотеатр, 39 концерттік ұйым, 132 мәдениет және демалыс саябағы, 8 хайуанаттар бағы және 4 цирк жұмыс істейді.

Инфрақұрылымның даму серпіні тұрақты оң сипатқа ие. Мәселен, соңғы жылдарда музейлердің, клуб үлгісіндегі мекемелердің және кино қоюды жүзеге асыратын ұйымдардың саны 13%-ға артты; театрлар саны 16,4%-ға өсті; кітапханалар саны 4,6%-ға көбейді. Саланы жүйелі мемлекеттік қолдау да тұрақты қаржыландырумен айқындалады.

Елімізде өзінің сәулеті бойынша бірегей “Қазақстан” орталық концерт залы, Орталық Азиядағы ең ауқымды “Астана Опера” опера және балет театры, “Astana Ballet” театры, халықтың мәдени мұрасының маңызды құндылықтары жинақталатын елдегі аса ірі орын болуға арналған Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі ашылды.

Сала инфрақұрылымы жылына орта есеппен 90,5 миллионнан астам адамға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік зерттеулердің деректері бойынша халықтың көрсетілетін мәдениет қызметтеріне қанағаттану деңгейі 66-70,3%-ды құрайды.

Еліміздің театр алаңдарында жыл сайын 38 мыңнан астам спектакль қойылады, олардың 400-і – отандық және шетелдік хореографтардың, балетмейстерлердің, режиссерлердің жаңа қойылымдары, “Тәуелсіздік толғауы” шығармашылық конкурстарының шығармалары.

Отандық киноиндустрия белсенді дамуда. Шәкен Айманов атындағы “Қазақфильм” акционерлік қоғамының киностудиясында түрлі жанрлар мен форматтардағы фильмдерді түсіруге мүмкіндік беретін киноөндірісінің қазіргі заманғы толық технологиялық тізбегі қамтамасыз етілген. Кинобазаның өндірістік қуаты жыл сайын 100-ден астам фильмді құрайды. Қазақстандық картиналар халықаралық кинокөрсетілімдер мен фестивальдарға қатысуда. 2014 - 2016 жылдары Шәкен Айманов атындағы “Қазақфильм” акционерлік қоғамында 200-ден астам картина әлемнің 48 елінде 150 кинофестиваль мен халықаралық көрсетілімнің қатысушылары болды және 100-ден астам жүлделерге ие болды. Қазақстанның Тәуелсіздігі мерейтойы қарсаңында 26 кинокартинаның, оның ішінде 9 көркем, 9 деректі, 7 дебютті және 1 толықметражды анимациялық фильмнің тұсаукесері болды. Барлық картиналар халықаралық нарық прокатына бағдарланған. Ресейде “28 панфиловшылар” Қазақстан-Ресей картинасы 2016 жылдың үздік фильмдері қатарына енді. Ресейде, Қытайда, Францияда, Гонконгта, Грецияда “Елбасы жолы” - “Жұлдыздар тоғысқанда” кино-эпопеясы жалғасының тұсаукесері болып өтті. “Под вечным оком неба” ғылыми-танымал фильмі Қытайда креативті индустрия және мәдениет көрмесінде “Инновациялық жоба үшін” атты номинациясы бойынша жоғары наградаға ие болды, италиялық және қытайлық әріптестермен бірлесіп жасалған “Марко Поло” деректі фильмі Қытайдың және Италияның прокатында көрсетілді. 2017 жылы режиссер А. Сатаевтың “Анаға апарар жол”, режиссер С. Нарымбетовтің “Аманат” картиналары және тағы басқалар бірқатар беделді халықаралық наградаларға ие болды. “Құнанбай” картинасы Қазақстанның әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың бірінші иегері болды. “Алмас қылыш” картинасы 2017 жылғы отандық прокаттың көшбасшыларының біріне айналды.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында іс-шаралар кешені жүзеге асырылып, нәтижесінде тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштері ашылды, маңызды

тарихи-мәдени объектілер консервацияланды, реставрацияланды және реконструкцияланды, елдің мәдени мұрасын зерделеудің тұтас жүйесі үшін база құрылды.

ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Тамғалы археологиялық ландшафтының петроглифтері мәдениет ескерткіштері, сондай-ақ “Сарыарқа - Солтүстік Қазақстанның даласы мен көлдері” табиғи мұра объектісі енгізілді. Жібек жолының Жетісу бөлігінің қазақстандық сегіз объектісі: Талғар, Қаялық, Қарамерген, Ақтөбе “Степнинское”, Өрнек, Құлан, Қостөбе, “Ақыртас” археологиялық кешені “Жібек жолы: Чанань-Тянь-Шань дәлізі маршруттарының желісі” атты сериялық трансұлттық номинациясы бойынша ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне кірді.

Тұтастай алғанда, саланың әлеуеті мейлінше жоғары, мұны көрсетілетін мәдени қызметтерді тұтынудың тұрақты өсу серпіні айғақтап отыр. Тек соңғы он жылда ғана театрларға бару көрсеткіші 1,3 есе артты, кітапханалардың тұрақты оқырмандарының саны 18%-ға өсті, кинотеатрлардың көрермендер саны 2,3 есе ұлғайды.

Алайда, жалпы сала көрсеткіштері қарқынды өскенімен, мәдениет және өнер саласы қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесі мен беделі бұрынғысынша төмен күйінде қалып отыр. Сала қызметкерлерінің орташа айлық еңбекақысы республикадағы қызметтің барлық салалары бойынша осыған ұқсас көрсеткіштің 61-72%-ын құрайды. Қызметтің көрсетілген түрі бойынша еңбекақы қоры елдегі жалпы еңбекақы қорының 1,3%-ын құрайды. Мәдениет саласындағы жаңа жұмыс орындарын ашу серпіні саланың жұмыспен қамтудың орташа республикалық көрсеткішінен артта қалғанын көрсетіп отыр.

Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-құқықтық аспектілеріне келетін болсақ. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев саяси-құқықтық жүйені модернизациялауда реформалардың тиімділігінің, харизматикалық типке негізін қалаушы ұлы ойшылдардың – Н. Макиавелли, Ж. Руссо, М. Вебердің саяси-құқықтық ойлары негізінде, мемлекеттің 2030 жылға дейінгі бағдарламасы бекітілді. Президенттің Жолдауында 2020 жылға дейін атқарылатын нақты саяси шешімдер, әлеуметтік мәселелер, тұрақты экономикалық даму және «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» негізінде Еуразиялық Одақ құру идеясын жүзеге асыру айқындалған.

Конституциялық реформа аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесі мен өкілеттігі өсті. Біздің көп ұлтты еліміздің барлық халқының мүдделерін бейнелей отырып, Ассамблеядан сайланған депутаттар Қазақстандағы этносаралық бітім мен келісімді нығайту үдерісінде айрықша рөл атқаруы тиіс. Қазақстанда қазіргі заманғы саяси-құқықтық жүйені дамыту міндеті тұр. Бұл үдерісте саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар және басқа да қоғамдық институттар басты рөл атқаруы тиіс. Партиялық тетіктерді нығайту қазіргі заманғы азаматтық қоғамның қалыптасуына, құқықтық мемлекеттің одан әрі жетілуіне халықты саяси-құқықтық үрдістерге кеңінен таратуға жағдай жасайтын болады.

Үкіметтік емес ұйымдар өз қызметінде қоғамдағы мәселелер мен қарама-қайшылықтарды ажырататын қоғамдық пікірдің барометрі ретінде шығады. Азаматтық институттар азаматтардың мұқтаждықтары, мүдделері мен үміттерінің бейнесі мен артикуляцияларының формасы ғана емес, сондай-ақ оңай шешімді жасау тетігі. Жаңа дәуір заңгер-ойшылары мемлекеттің саяси институттарды қалыптастырып саяси-құқықтық жүйесін одан әрі жетілдіру негізгі екі қағидаға – еркіндік пен теңдік принциптеріне көңіл бөліп, адамның өзіндік құндылықтары мен өкілдік демократия идеяларын негіздеуге талпынды.

Қоғамды модернизациялау әлемдік ғаламдық үрдіс болса, Қазақстанның саяси-құқықтық жүйені модернизациялауы әлемдік қауымдастықтың даму тәжірибесіне қосылған қомақты үлесі болып табылады. Оған негіз ретінде мына мәселелерге тоқталуға болады.

- Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына Қазақстан төрағалық мәртебелік миссиясын Еуропа мемлекеттерінің қолдауы;

- ЕҚЫҰ ның өзгеде мемлекеттермен бірге Қазақстан қазіргі әлемдік модернизация мәселелерінде Шығыс пен Батыстың арасын түсіністік арқылы жақындастыруға бағытталған;

- 2030 бағдарламаның құжаттары қоғамға қажетті реформаларды дамыта отырып уақыт талабына сай елдің ішкі және сыртқы саясатында әлемдегі өзгерістерді үзбей бақылай алатын биліктің бар екеніне сендіреді;

- Қазақстан сан алуан ұлттар мен діндер өкілдерінің мекені болумен ерекшеленеді. Отанымызда 100 дей этнос 40-тан астам конфессия өкілдері бір шаңырақ астында татулықта тұрады;

- Астанада 2003 жылдан бастап конфессияаралақ Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының үш съезі болып өтті;

- Еуразиялық кедендік Одақ құру жөніндегі бастаманың интеграциялық әлеуетін жүзеге асыру болып табылады.

Қоғамды модернизациялаудың ең бастысы Қазақстанда президенттік-парламенттік басқаруға көшу демократияландыру ісіндегі өте айтулы оқиға болды. Ол тіпті де ел Президентінің билігін осалдатпайды. Президент өзіне тән қызметін сақтайды. Ол елдің саясат алаңындағы түрлі биліктік күштердің қарым-қатынасын реттеп отырады.

Қазіргі Қазақстан үшін азаматтық қоғам мен жергілікті басқарудың саласындағы бай және терең салт-дәстүрлері бар дамыған елдердің тәжірибесін ажырағысыз және жауапты бөлігі ретінде зерделеу мен тиімді пайдалану ең өзекті мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасындағы саяси-құқықтық режимнің қалыптасуына қатысты мәселелер әлі де болса толыққанды зерттеуді қажет етеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы 2006 жылғы 10 қазан №200 // Қызылжар нұры – 2006 - 24 қараша.

2. Нысанбаев Ә., Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, -Алматы: Жазушы, 1909-720 б.

3. Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы.

4. Google chrome интернет желісі.

5. «Әділет» сайты.

\*\*\*\*\*

#### **САРКЕНҚЫЗЫ А.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты  
тілдік дайындық кафедрасының бастығы, филология ғылымдарының кандидаты,  
капитан, Петропавл қ.

#### **«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ИДЕЯСЫ МЕН АБАЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ**

Ата-бабаларымыздың арманы асқақтаған, алаш аты аспандаған заманда өмір сүріп жатқанымыз әркімнің көкейіне зор мақтаныш ұялататыны сөзсіз. Тарихшы М.Қозыбаев тәуелсіз еліміз туралы: «Бұл замана бізге қымбат – «Отан» деп жүрегімізді қақтырғаны үшін, «Елім» деп елеңдетіп, «Жерім» деп желпінтіп, барша алпыс екі тамырымызды игізіп, ата-жұртын сүйдіргені үшін» деп мақтаныш сезімін білдіреді.

Саясаттанушылар кез-келген заманда мемлекеттің дамуына ықпал ететін қозғаушы күш ұлы тұлғалар екендігін өз еңбектерінде атап көрсетеді. Американдық философ Дж.Дьюи: «Қоғам өзінің дамуында ұлы көсемдерден серпін, қозғаушы күш алып, бір сатыдан екінші сатыға көтеріледі» - деп пайымдайды.

Тіл дамып, әдеби тілге айналған тұста шығыстанушы Н.П.Конрад айтқандай, жаңа этнос қалыптасып, биік тұғырға қонады. Тек тіл, тарих, әдебиет бірігіп, кірігіп, тұтас бір

рухани материк болып ұлттың болмысын тудырады» - дейді [1, 221]. Осы айтылған ұлт болмысының қалыптасуында ұлт менталитетінің рөлі ерекше. Егер ұлттық ерекшелік болмаса, ұлтқа тән көзқарас, өзіндік дүниетаныммен, басқалардан айырмашылығымен еленбесе, әрі бұл қасиеттердің барлығы ұлт тілінде сақталып жеткізілмесе, онда менталитет туралы айту қиын. Менталитет сол ұлт жасаған, ұрпағына қалдырған материалдық және рухани мәдениеттерінде ғана сақталады. Бүкіл фразеологиялық құрам – сол ұлттың тілдік әлемнің бойына жинақталған ой сандығы. Осы ұлттық-рухани байлықтың бір бөлігі болып табылатын әдебиет – ақын-жазушылардың негізгі құралы. Кез-келген ұлттың болмысы әдебиетінен көрінеді.

Кез келген заманда рухани байлықтың кең етек алуы, ұлттық құндылықтардың өрістеуі, рухани қазынаның дамуы мәселесі өзектілігін жоймайды. Рухани байлықтың негізін қалаған, халықтың тарихында құнды қазына қалдырған, «талап қыл артық білуге» деп жырлаған, «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «өзіңе сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деп еңбек пен білімнің құдіреттілігін танытқан, «болмасаң да, ұқсап бақ» деп қайраған, «қалың елім, қазағым» деп ұлтжандылығын танытқан, артық білуге талаптандырған, «пайда ойламай, ар ойлауға» жетелеген, «ғылым таппай мақтанбауға», «орын таппай баптанбауға», «құмарланып шаттанбауға» бағыттаған, «дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп ғылымға үндеген, дүниеге кірпіш болып қалануды насихаттаған, «білімдіден шыққан сөз, талаптыға кез болатынын» танытқан Абай Құнанбайұлы қазақ елінің маңдайына берілген жарық жұлдыз десек, ешкімнің таласы бола қоймас. Шығармаларында ұлттың болмысын, тұрмыс-тіршілігін, діні мен ділін, жаны мен тәнін, ерлігі мен елдігін, білімі мен ғылымын, салты мен дәстүрін, дүниетанымы мен көзқарасын, ұлттық ойы мен өрісін, мінезі мен өресін, болмысы мен бітімін көркемдікпен жырлап өткен ғұламаның еңбегі өлшеусіз.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» дегенді баса айтады [2]. Ал Президент Қ. Тоқаев: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» дегенді баса айтады [3].

Тұңғыш Елбасы: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көрегенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы» деген ой қозғайды [2]. Бұл ұғым туралы мына пікірлерге назар салайық: «Прагматизм – бұл өмірлік философия, ("прагма" – грек. "іс", "әрекет". Атақты неміс философы И. Кант бойынша «Прагматикалық – практикалық, теориялық емес). Прагматизм теоретиктерінің бірі Джон Дьюидің айтуынша, прагматизм ілімі болмысты қарастырып, көшірмеу керек, керісінше, адамдарға өмірлік мәселелерін, олардың өмірлік «ісін» шешуге көмектесу міндетті. Дьюи былай жазады: «Тәжірибеден үйрену» – бұл заттармен біз не істегендікті және заттарға жасаған өз әрекеттерімізге қандай жауап алғандықтың арасында тікелей және кері байланыстарды орнатуды білдіреді» [4]. Философ У.Джемстің ойынша: «Прагматизм – біздің өмірлік қарым-қатынастарымыз» [5].

Сонымен қатар әлем ғалымдары прагматизмнің мынадай басты қағидаларын ұсынады:

- нақты тәжірибе;
- адам мақсат үшін өмір сүреді;
- адам бірдеңеге қол жеткізу үшін салыстырмалы білім де жеткілікті;
- іс-әрекетте жетістікке жету;
- сенімге ие болу, сенімге ұмтылу.

Ақынның өлеңдері мен қара сөздеріндегі таным-түсінік прагматизм бағыттарының негізгі қағидаларына енетіні анық. Туындыларын саралай келе, Абай прагматизмінің бағыттары мыналар деп айтуға болады:

1. Өз-өзіңе есеп беріп тұруды ескер;
2. Дамыған елдің тәжірибесін меңгер;
3. Мал табам десен, арланба;
4. Ақыл мен еңбекті тең ұста.

Тұңғыш Елбасы прагматизмнің жарқын үлгілерін бабаларымыздың өмір салтынан іздеп, оны бүгінгі өскелең ұрпақтың мінез-құлықтық негізі, іргетасы ретінде қалыптастыру, бүгінгі ұлттық идеологияның басты бағыттарының бірі екенін баса көрсетеді. Астамшылдық пен ысырапшылдыққа жол бермеудің озық үлгілері ұлт мәдениетінде, қазақтың мақал-мәтелдерінде, дүниетанымы мен философиясында сайрап жатқанын тілге тиек етеді. Шынында да, прагматизм үлгілері рухани байлықта, соның ішінде Абай сөздерінде жатқаны айқын.

Абай өзінің қарасөздері мен өлеңдерінде ішсем, жесем, ұйықтасам деп туатын бала емес, көрсем, білсем, үйренсем деп туатын баланы тәрбиелеп, оны білімге, ғылымға үйретіп, жеңдіріп, қанағатшылдық пен үнемшілдікке үйрету керектігін талай айтқан болатын. «Абайдың заманында оқыған, білімді ғұлама адамдар, бес уақыт намазын қаза қылмаған әулиелер көп болған, бірақ олардың бірінің есімдері сақталып қалған жоқ. Абайдың есімі сақталып қалу себебі ол ғылымға ден қойды. Осы орайда «Ғылымға ден қоймай адам болуға болмай ма?» деген сұрақ туындайды. Абай бұған «Қашан бір бала ғылымды махаббатпен көксерлік болса – сонда ғана оның аты адам болады. Сонда ғана Алланы, дүниені, өзіңді танысың.

Жапондар неге мықты? Себебі олар ғылымды байлық деп есептейді. Абайдың «Дүние де – өзі, мал да – өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген сөзін жүрегімізге кіргізуіміз керек» дейді [6].

Абайтанудың негізін қалаушы М.О.Әуезов былай жазады: «Ғылым» сөзін әдейі бірнеше қайырып қолдану арқылы ұзақ өрісі бар терең білім деп таниды. Сол ғылымға талпыну жолында өзі үгіттеп, тәрбиелемек болған жастарды айналадағы көпшіліктің сорақы, бұзық мінездерінен жирентіп өсірмек... Гуманист Абай, ағартушы, әлеумет ағасы болған ақын сол бес нәрсені санағанда, ең алдымен талапты айтады. Сонан соң еңбек, терең ой, қанағат, рахым деген сияқты арлы адамгершіліктің сипаттарын санайды» [7].

Омар Жәлел Абай ілімі жайлы мынадай келелі ой айтады: «Абай қалаған ұлт болғымыз келсе – тәрбиені өзгертуіміз керек. Абайдың махаббатқа негізделген әдістемесі негізінде ұлттық білім беру жүйесін жасамаймыз ба? Осыны жасайтын кез келді. Ұлттық білім беру жүйесін жасаған кезде басты нысана – білім беру емес, мінез болуы керек. Әлихан Бөкейхан «Ұлтты сүю – білімнен емес, мінезден» дейді. Бұл жерде «Оқымай қойсақ та болады екен» деген жаңсақ пікір туындамауы керек. Батыстың дүниетанымында білім мен педагогика ажыратылған, ал қазақтың дүниетанымында ажыратылмаған, екеуі – егіз. Хадис бойынша, бастағы және жүректегі білім бар. Бастағы білім – көпшілік қауымға арналған пайдасыз білім, жүректегі білім – нағыз білім. Білім жүрекке түскен кезде адамды өзгерте бастайды. Ұлт үшін, мемлекет үшін қызмет ететін адамдарды дайындап шығару үшін пайдалы білім концепциясын жасау керек. Біз Абайды мектепте, университетте оқимыз, бірақ түсінбейміз. Яғни рационалды оқимыз, ондайларды Абай наданға теңеген. Рационалды білімді қазақ «оқу» десе, пайдалы білімді «тоқу» дейді. «Оқығаннан тоқыған – артық». Сондықтан білім беру жүйесіне Оксфордты емес Абайды негіз етуіміз керек. Ол «Егер сен өзің үшін оқысаң – өзі үшін оттаған хайуанмен тең боласың» дейді [6].



Филология ғылымдарының докторы, академик Акселеу Сейдімбектің мазмұнды ойына бір ойысайық: «Ұлы Абай айтатын «толық адам», М.Әуезов айтатын «кемел адам», түптеп келгенде, халықтың дәстүрлі талғам-түсінігінің бүгінгі өмірімізбен сабақтасып жатқанын зерделетсе керек.

Әрине, сапалы адам өткеннің ғана көкейкестісі емес, дүние-тіршілік сапалы Адамға бүгін де зәру. Зәру деген жоқ деген сөз емес. Шүкір, қазақ халқы қандай кезеңде де сапалы адамнан құр алақан болмаған. Керек десеңіз, қазақ халқын замананың оты мен суынан аман-есен өткеріп, халықтық қасиетін ұрпақтан-ұрпаққа жұғысты етіп келе жатқан құдіретіңіз – әуелі бір Тәңірдің, сонан соң сөз жоқ, саналы перзенттің арқасы екеніне шәк болмауға тиіс. Л.Н.Гумилев айтатын, ұлт рухын асқақтататын да, аспандататын да, міне, осы сапалы адамдар – пассионарлар» – деген екен. Сонда «Ұлы Абай айтатын «толық адам», М.Әуезов айтатын «кемел адам» Л.Н.Гумилевтің «пассионар» ұғымымен сарындас болып тұрғандай.

Президент Қ.Тоқаев: «Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» – дегенді айтады [3].

М Мырзахметұлы Абайдың «Толық адам» ілімін түзіп шығарды. Яғни, толық адам – кемелденген, өзін өзі дамытып, туғаннан білімге, кәсіпке ұмтылған адам, сонымен қатар, «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрекке» ие болған адам.

Көркем шығармадағы, мақалалардағы ұлт тарихын, ұлт болмысын, дүниетанымы мен көзқарасын жеткізуде қызмет ететін тілдік қолданыстарды зерттеу – қазақ тіл біліміне зор үлес қосатыны сөзсіз. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деген бағдарламасында «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын **рухани коды** болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу...

... замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды» деп баса айтады [2, 3].

Ал біз Абай арқылы елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр аламыз. Осылайша, ұлттық кодтарымыздың мағынасы ашылып, құндылықтарымыздың мән-маңызы жарқырап, асқақтай беретіні сөзсіз. Сонымен қатар, азаматтық-отаншыл тәрбие беру мәселесі де зерделенеді.

Бүгінгі таңда азаматтық-отаншыл тәрбие беру – бұл өскелең ұрпақты демократиялық қоғамда қарым-қатынас жасауда функционалдық сауаттылығын мақсатты түрде дамыту, еңбексүйгіштік қасиеттерін өрбітіп, әлеуметтік істерге қатысуын қадағалау, өз құқықтары мен міндеттерін біліп пайдалана білу, сонымен қатар қандай да бір шешім қабылдауда өз саяси-рухани және құқықтық таңдауы үшін жауапкершілікті дамыту, өмірлік мақсатына жету дағдыларын қалыптастыру. Азаматтық-отаншыл тәрбие беру тұлғаның азаматтық және өз отанының патриоты болу қасиеттерін жетілдіреді. Бұл тәрбиенің негізінде, әсіресе, патриоттық тәрбиелеудің негізінде сезімдер тәрбиесі жатқанын атап өту қажет» - деген ой тұжырымға келеді [8]. Елбасымыз «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақ жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз Мәңгілік Ел боламыз» деген болатын. Абайдың рухани ерлігін бүгінгі буын таныта білсе, сабақтастық мығым болатыны сөзсіз. «Мәңгілік Ел» болу жолындағы абыройлы істер ілгері дамуымыздың кепілі болады деген ойдамыз.

#### Пайдаланылған әдебиет

1. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. 221-б.
2. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы, 9 қаңтар 2020 жыл.

4. Бим-Бад Б. М. "Джон Дьюи как педагог" [http://www.bim-bad.ru/biblioteka/article\\_full.php?aid=206](http://www.bim-bad.ru/biblioteka/article_full.php?aid=206)
5. Зотов А. Современная западная философия [http://www.gumer.info/bogoslov\\_Buks/Philos/Zotov\\_ZapFilos/\\_05.php](http://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Philos/Zotov_ZapFilos/_05.php)
6. [https://www.inform.kz/kz/omar-zhalel-bilim-beru-zhuyesine-abaydy-negiz-etuimiz-kerek\\_a3609715](https://www.inform.kz/kz/omar-zhalel-bilim-beru-zhuyesine-abaydy-negiz-etuimiz-kerek_a3609715)
7. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 118 б.
8. «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасы туралы». ҚР Президентінің Жарлығы Астана, Ақорда, 2006 ж. қазанның 10-ы. №200

\*\*\*\*\*

### **САРТАЕВ Ж.Н.**

профессор кафедры военной педагогики и психологии Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан, доктор медицинских наук, профессор, г. Петропавловск.

## **СУИНДЫҚ БАТЫР В ИСТОРИЧЕСКОМ ПРОШЛОМ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА**

Изучение культуры и духовных ценностей Северо-Казахстанской области в контексте национальной идеи «Мәңгілік ел» в целях реализации программы «Туған жер», освещенной в статье Главы Государства – Лидера Нации Н. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», обязывает историков обратить особое внимание на исторические перипетии регионального характера во взаимосвязи с историческими событиями всего Казахстана и Евразии в целом.

Территория современного Казахстана многие прошлые века привлекала соседние народы из-за масштабов территории, где паслись многочисленные табуны лошадей и отары овец, богатых запасов меди, олова, золота в недрах земли, которые добывались с древних времен. Даже соляные запасы в пересохших озерах не давали покоя воинственным соседям.

Само расположение страны в центре Евразии и проходящие через нее торговые пути с караванами товаров и контроль над ними не давали покоя практически всем соседям. Великий Шелковый путь – это богатство экономической и духовной жизни всей Средней Азии, и за владением участками этого торгового потока шла постоянная борьба, начиная с раннего железного века и заканчивая поздним средневековьем.

Казалось бы, трудно найти на евразийском пространстве более мирный народ, чем казахи, но исторические события многих столетий, связанные с постоянными набегами и междоусобными конфликтами родовых объединений, заставляли казахов защищать свои земли от различных захватчиков и постоянно держать в тонусе свое воинство. Особое внимание в формировании военной силы казахского народа заслуживает время джунгарского нашествия.

Годы Великого бедствия «Ақтабан шубырынды, Алқакөл сулама» – эти события сохранились в памяти казахского народа до наших дней. Это было кошмарное время для Казахстана и большей части Средней Азии, практически угрозой исчезновения целых цивилизаций евразийского пространства, особо в это время пострадали казахи, они оказались под угрозой полного уничтожения. Казахский народ постоянно пытался противостоять набегам джунгар, но хорошо вооруженные и воинственные племена практически всегда одерживали победу над разрозненными казахскими коллективами. Однако ни все казахские родовые объединения покорялись поработителям, а встречали захватчиков с оружием в руках

защищая свой народ. Во главе защитников своей земли были батыры, способные объединить людей и поднять на борьбу с неприятелем.

Подвиги казахских батыров воспевались в народных сказаниях, в кюях и других устных преданиях, передающих из уст в уста информацию о подвигах воинов во главе с батырами. Сегодня имена степных полководцев и их подвиги мы ставим в один ряд с героями Великой Отечественной войны, коллективным подвигом панфиловцев и отдельных героев – лейтенанта Р. Кошкарбаева, лётчика Н. Абдирова, миномётчика К. Спатаева и других. Каждый из них внес свой вклад в свободу и независимость страны и прославил своими подвигами поистине героический казахский народ, на долю которого выпала не только счастливая жизнь на благодатных степных просторах, но и тяжелые испытания во все исторические времена.

Мы с достоинством провели мероприятия, связанные с 355-летием Кожабержена жирау, знаменитого батыра, полководца, государственного деятеля и жырау-сказителя. Не случайно его великое произведение – «Елим-ай», которое долгое время считалось народным сочинением, и ведь действительно оно стало народным. Каждый в Казахстане знаком с именем Кожабержен жирау, знают о его военных подвигах и участии в государственном строительстве, как великом юристе.

Мемориал на месте захоронения Кожабержена и открытие ему нового памятника мы считаем народной данью современного поколения всем тем, кто жил, боролся и погиб за свободу и независимость гордого степного народа.

Не так и много мы знаем о защитниках казахской земли того времени, и слишком мало имен на нашем слуху тех, кто внес свой героический и зачастую последний вклад в защиту Родины от джунгарского порабощения и буквального уничтожения казахского народа. Но из-за разрозненности и раздробленности казахских племенных союзов джунгарским войскам удавалось одерживать победы над казахским воинством. Но, когда мелкие средневековые казахские подразделения объединялись между собой, они могли успешно противостоять джунгарским войскам. И нам известны примеры крупных военных битв, когда казахские объединенные войска давали успешные отпоры хорошо вооруженным армиям джунгар, но это были, к глубокому сожалению, только отдельные битвы, которые сохранились в народной памяти и исторической литературе.

Но, Кожабержен был не единственный полководец, кто боролся против джунгарского ига. Судьба тяжелого времени не обошла ни одну территорию Казахского ханства, ни один улус и аул. Казахский народ состоит традиционно из многих родовых объединений и каждым из них командовал свой полководец. Вероятно, каждое родоплеменное объединение возглавлялось своими яркими личностями – батырами. В одном из крупных родов Северного Казахстана – Керей – ярким представителем которого и является Кожабержен, мы узнаем новые имена героев средневековья, тех, кто противостоял полчищам джунгар. Эти тяжелые времена выпали на годы жизни всего казахского народа и его батыров.

Одно из таких имен – батыр Суиндык Даулетимбет, который по своему происхождению относится к Среднему жузу, Ашимшилы Керей. Суиндык родился в урочище с. Орталык современного Жамбылского района, Северо-Казахстанской области.

Еще в состоянии последние старожилы аула Орталык, до кого дошли устные предания предков, рассказать нам о далеких исторических событиях и героях, которые защищали свою родную землю от кровожадных захватчиков.

Из уст в уста передавались эпизоды борьбы воинов под предводительством Суиндык батыра. По сохранившейся легенде Суиндык батыр вместе со своими земляками и воевал с джунгарами на территории современного Казахстана.

Наша задача - восстановить события и имена по тем отрывочным устным рассказам, которые пришли из глубины истории славного казахского рода Керей.

По свидетельству тех, кто сохранил в памяти рассказы о тяжелых временах казахского народа, рода Керей и личности Суиндык батыра его могила находится в урочище с. Боевик Жамбылского района.

Получив известия о существовании в средние века Суиндык батыра и месте его захоронения, мы решили найти его могилу. Прежде всего, эта местность была изучена с помощью астрофизических методов специалистом астрофизических исследований Сартиным С.А., изучены аэроснимки территории предполагаемого региона захоронения, определен объект исследования. Затем, коллектив исследователей (А. Плешаков, Ж. Сартаев, С. Сартин), вместе с аксакалом, уроженцем аула Орталык, Саркен Жарменке Муталапулы мы выехали на предполагаемое место захоронения батыра. Перед нами раскинулась великолепная картина степных просторов с увалами, перелесками, озерами и болотистыми западинами. Щебетанье птиц и мелодичный шелест ковыля дополняли увиденный пейзаж. Нашему взору, буквально недалеко, открылась небольшая возвышенность, но добраться напрямую было невозможно из-за болотистой территории, которая преградила нам путь. Как будто «Кто-то» не хотел допускать нас к священному месту. Продолав путь в несколько километров, обогнув солончаковую болотистую западину, мы смогли добраться до нужного нам объекта.

Погребальное поле располагается между двумя красивыми озерами с заросшими камышом и айром берегами, прозрачной, с серой рябью от степного ветра водой, с различными водоплавающими птицами и редкими всплесками рыбы. На площадке в несколько десятков квадратных метров расположены видимые на поверхности надмогильные сооружения. Центральная могила находилась в середине этой площадки в тени одинокой березы. Вокруг располагались десятки конструкций, под которыми покоятся погребенные воины.

Неподалеку, по преданию местных старожилов, находилось поле захоронения казахских воинов и их предводителя Суиндык батыра которые погибли в борьбе с джунгарскими захватчиками. Свидетельства этого мы нашли в книге «Орталык» местного историка-краеведа С. Жолаушина, которая была опубликована в 2014 году. В этом издании представлено шежере рода Керей, где достойное место отведено славному батыру Суиндык. Стало известно, что после смерти батыра у него осталось два сына, которые продолжили род Суиндыка. И до сих пор потомки средневекового героя проживают на территории Северного Казахстана в Жамбылском районе и в приграничных районах Курганской области Российской Федерации.

Где-то в одном или двух километрах от места захоронения Суиндык батыра и его воинов располагается большое родовое кладбище представителей рода Керей. Судя по конструкциям надмогильных насыпей и надгробных сооружений, захоронения производились, как минимум, начиная с 18 века. На этом кладбище имеются и свежие могилы, где покоятся современные представители этого рода. Примечательно, что на территории этого кладбища расположены два больших кургана, судя по конструкции насыпи, относящихся к раннему железному веку. Эту традицию, когда в средневековье и в более поздние времена свои погребальные комплексы казахи устраивали рядом с курганами раннего железного века, мы встречаем повсеместно, по крайней мере, на севере Казахстана.

На территории Северного Казахстана проживают представители Керей, Атыгай, Караул и другие родоплеменные объединения казахского народа. Все принимали участие в борьбе с джунгарским нашествием, поэтому перед историками нашего региона стоит задача восстановления имен и событий того тревожного времени под названием «Ақтабан шубырынды, Алқакөл сулама». Имен, которые ждут своего места в истории края и Казахстана в целом.

Место захоронения Суиндык батыра и его героических воинов нами предложено внести в список Сакральных мест Казахстана, обозначить это место мемориалом и сделать его экскурсионно-историческим объектом. 1 июня, по инициативе жителей был установлен памятный знак на месте захоронения. Перед этим проведены конференции в СКГУ, в райцентре Пресновка 1 февраля.

Были подготовлены документы по внесению места захоронения в список сакральных мест и в октябре эти мероприятия получили завершающий результат - место захоронения утверждено, как сакральное место на территории СКО.

Данные мероприятия получили отражение в средствах массовой информации: газеты Северный Казахстан, республиканской газете Литер, нескольких телепередач по областному телевидению и телевидению СКГУ им. М. Козыбаева «Парасат».

Но на этом не надо останавливаться, необходимо находить новые имена и героические события для написания подлинной истории Казахстана

Сегодня, в канун празднования Дня Первого Президента Республики Казахстан, мы с удовольствием констатируем, что результаты этой работы послужат для патриотического воспитания подрастающего поколения на ярком примере служения Отечеству нашими героическими предками.

\*\*\*\*\*

### **СЕРИКОВА А.К.**

учитель русского языка и литературы Республиканской школы «Жас улан»  
имени С. Нурмагамбетова, магистр, г. Нур-Султан.

## **РОЛЬ С.К. НУРМАГАМБЕТОВА В ДУХОВНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ**

Вопрос о духовно-нравственном воспитании детей является одной из ключевых проблем, стоящих перед каждым родителем, обществом и государством в целом. Изменилась не только жизнь, но и мы сами. Мы гораздо больше, нежели раньше, знаем о себе и своей стране, больше видим. Возможно, именно в этом заключается главная причина столь радикального переосмысления содержания, целей и задач патриотического воспитания школьников [1, с. 160]. Чувство любви к Родине – это одно из самых сильных чувств, без него человек не ощущает своих корней, поэтому важно, чтобы ребенок почувствовал личную ответственность за родную землю и ее будущее.

По мнению казахстанских исследователей, в основе казахстанского патриотизма должны лежать казахский патриотизм, который может формироваться на основе уважения к государству, почтения к истории, традиции, культуре и языку самого казахского этноса [2, с. 51].

И в настоящее время тема Великой Отечественной войны чрезвычайно актуальна в современном обществе, так как способствует объединению, сплочению народа.

Победа в Великой Отечественной войне была достигнута советским народом благодаря его неимоверному усилию, самоотдаче, смекалке, самопожертвованию. Особенно ярко это раскрывается в героях войны, которые совершили невероятные подвиги на поле боя и за ним.

Одним из таких героев является фронтовик, боевой генерал, который на посту главы военного ведомства сумел объединить вокруг себя истинных патриотов Родины с богатым опытом службы и обеспечить управление войсками, должный уровень их боевой готовности, военную безопасность молодого независимого государства, Сагадат Кожахметович Нурмагамбетов.

Его биография, вписанная в скрижали Отечества, стала частью истории страны. Имя первого министра обороны носит республиканская школа «Жас Улан» в городе Нур-Султан, в его честь названа улица в родном Акколе.

Сагадат Нурмагамбетов был истинным патриотом, верным защитником Отечества, примером для нынешних генералов и офицеров казахстанской армии. «На первое место, прежде всего, ставились долг перед Родиной, честь. Как-то само собой вошло в традицию, что необстрелянных бойцов по-особому опекали. Более опытные, бывалые бойцы учили молодых, в том числе юных командиров, солдатской мудрости, смекалке, делились по-братски всем: табачком, сухарем, глотком воды. Вместе оплакивали погибших, вместе радовались победам и в бой шли вместе, - вспоминает генерал. - Что касается деятельности командиров, то личный

пример был самым главным. А учились этому у старших начальников. Они всегда и во всем были примером для подражания». Вот таким примером для подражания, путеводной звездой для молодежи является СагадатКожаметович. По его книгам «Лицом к огню», «Мой передний край», «А в памяти нет тишины» сегодня учатся будущие офицеры, черпая из них знания и вдохновение.

Много внимания генерал уделял подготовке и воспитанию офицерских кадров. Как он завещал, к казахстанским офицерам предъявляются особые требования, такие, как высокая требовательность к себе и к подчиненным; компетентность, высокая культура, умение вдохновлять людей личным примером, жить интересами людей, воспитание, привитие и укрепление чувства единства, ведущего к общей цели, укрепление и развитие воинских традиций.

Сагадат Нурмагамбетов аккумулировал в себе лучшие качества - ясный, острый ум и афористический язык, его мужество и человеколюбие, его честность и прямоту, широту натуры и яркость характера. Он был истинным эталоном нравственности, порядочности.

«Все, кто имел дело с СагадатомКожаметовичем, сохранили в памяти образ талантливого военачальника, человека с большой буквы, у которого были пронизательный ум и тонкий юмор, – говорит о нем генерал-майор Марат Нагуманов. – Его фронтовой опыт, глубокие знания, широта мышления, умение работать с людьми, оказались востребованными в самое тяжелое время создания...» [3].

Жизненная позиция генерала армии и на сегодняшний день является эталоном для подрастающего поколения, для которого выполнение воинского долга, офицерская честь, скромность, интеллигентность должны быть превыше всего. В своем выступлении перед руководящим составом Министерства обороны Елбасы Н.А. Назарбаев отмечал, что мы создаем новую армию. «Какой мы ее хотим видеть? Прежде всего, необходимо формирование костяка преданных государству, воинскому долгу, глубоко компетентных руководителей, генералов и офицеров» [4, с. 1]. А воспитание командных кадров будет иметь наибольшую эффективность, прежде всего, на примере жизни и деятельности прославленных офицеров и генералов, поэтому богатый жизненный опыт Сагадата Нурмагамбетова в этом деле, думаю, не потеряет своей актуальности и будет широко использоваться в военном строительстве.

#### **Список использованной литературы**

1. Нурлигенова З. Н., Амантаева К. М., Курбанова Д. Н. Патриотическое воспитание казахстанской молодежи: история и перспективы // Молодой ученый. — 2017. — №45. — с. 160-163.
2. Абдыгалиев Б. Новые приоритеты национальной политики Казахстана // Свободное общество. – Астана - Март. - №1 (1). - с. 69.
3. [www.kazpravda.kz](http://www.kazpravda.kz)
4. Назарбаев Н.А. Выступление на Всеармейском совещании Вооруженных Сил Республики Казахстан // Қазақстансарбазы. – Февраль.

\*\*\*\*\*

## **СЕРОВ И.А.**

заместитель начальника кафедры военной педагогики и психологии  
Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан, полковник,  
магистр, г. Петропавловск.

### **ПРЕЗИДЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОБ УКРЕПЛЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ, ЕДИНСТВА И ПРОЦВЕТАНИЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА**

*2021 год ознаменован для Республики Казахстан 30-летием обретения Независимости. За этот короткий период истории своего независимого развития Казахстан превратился в современное государство, успешно осуществляющее масштабные реформы в различных областях общества.*

*Республика Казахстан признана всеми государствами мира и практически со многими из них имеет дипломатические отношения, является полноправным и активным членом различных структур. Укрепляется взаимодействие, расширяется сотрудничество с наиболее авторитарными международными структурами.*

*Нашли широкую поддержку мирового сообщества глобальные антиядерные инициативы, сегодня в мире интересуются Казахстаном как страной, наиболее активно продвигающей политические и экономические новации на постсоветском пространстве.*

*Наша экономика за годы независимости приобрела качественно новую модель развития, основанную на частной собственности и поощрении конкуренции.*

*В настоящее время в стране реализуются общенациональные программы направленные на модернизацию страны: Стратегия «Казахстан-2050», план нации «100 конкретных шагов», «Рухани жаңғыру», «Нұрлы жол».*

Все вышеуказанные инициативы, прежде всего направлены на достижение стратегической цели – обеспечение благополучия народа и вхождения Казахстана в число 30 развитых стран мира. Казахстан занимает 42 место в мировом рейтинге конкурентоспособных стран.

Сегодня все мировое сообщество переживает непростое время. Наша страна продолжает противостоять пандемии, угрожающей всему человечеству. Мобилизованы все ресурсы на защиту жизни и здоровья казахстанцев. В критический час народ Казахстана сплотился в единое целое.

Борьба с коронавирусом ярко проявила исконные черты нашего народа: взаимопомощь, неравнодушие, готовность сообща противостоять невиданной беде.

В рамках акции «Біз біргеміз!» были выделены значительные средства на поддержку социально-уязвимых слоев населения в период борьбы с коронавирусом.

Сегодня мир погрузился в самую глубокую за последние сто лет рецессию. Восстановление глобальной экономики, по мнению экспертов, займет, как минимум, период до 5 лет. Нельзя забывать и о долгосрочном развитии нашего государства в новых геополитических реалиях. Новые стратегические задачи и быстрые изменения в мировой экономике требуют системной корректировки и адаптации среднесрочных национальных действий к новым условиям.

В условиях формирования нового миропорядка наша главная задача - обеспечить достойную жизнь нашим гражданам, защитить их права, укрепить верховенство закона, усилить борьбу против коррупции.

В наступающем новом десятилетии казахстанскому обществу предстоит решить следующие задачи:

1. Укрепление международной безопасности.

Наш Президент отметил, что сегодня на наших глазах создается новый миропорядок, и при этом усиливаются политический эгоизм и экономический национализм стран на

международной арене. Мы становимся свидетелями нарастания религиозных противоречий и усиления ксенофобских настроений во всем мире.

## 2 Формирование новой модели государственного управления.

*Структуры госорганов и имеющиеся должности будут тщательно анализироваться на предмет «лишних звеньев», будут пересмотрены функции различных ведомств. В результате можно будет устранить дублирование, передать неприоритетные задачи в конкурентную среду, а также оптимизировать бизнес-процессы с их максимальной автоматизацией и цифровизацией.*

## 3. Экономическое развитие в новых реалиях

*Локдаун во всем мире по причине борьбы с коронавирусом спровоцировал необратимые экономические процессы, которые только обнажили существующие «нарывы» в мировой экономике. Ведущие аналитические центры дают неутешительные прогнозы относительно дальнейших перспектив.*

Глава государства отметил: «Нам придется по-новому взглянуть на будущую структуру казахстанской экономики. Определить роль каждого из ее главных секторов: промышленного, энергетического, сельскохозяйственного, сервисного. Другими словами, нужно в срочном порядке выстроить новую структуру экономики».

Новый экономический курс будет базироваться на семи основных принципах:

1. Справедливое распределение благ и обязанностей.
2. Ведущая роль частного предпринимательства.
3. Честная конкуренция, открытие рынков для нового поколения предпринимателей.
4. Рост производительности, повышение сложности и технологичности экономики.
5. Развитие человеческого капитала, инвестиции в образование нового типа.
6. «Озеленение» экономики, охрана окружающей среды.
7. Принятие государством обоснованных решений и ответственность за них перед обществом.

## 4. Правоохранительная система.

Нынешняя ситуация в стране предъявляет новые требования к правоохранительным органам, которые должны идти навстречу запросам граждан.

Как отметил в своем Послании Президент страны Касым-Жомарт Токаев, полиция должна идти навстречу запросам граждан. Данный посыл является продолжением построения концепции «слышащего государства». Ключевая роль отводится участковым инспекторам, которые по роду службы больше всех контактируют с простыми людьми. Именно через них должен быть реализован принцип «полиции шаговой доступности», когда помощь по защите жизни и здоровья граждан должна быть оказана оперативно и профессионально, это касается и военнослужащих Национальной гвардии которые ежедневно несут боевую службу по ООПиБ в городах нашей страны в непосредственной близости с населением.

Инициатива Главы государства законодательно повысить статус правоохранительных органов, несомненно, позволит нашим военнослужащим защищать права граждан более эффективно.

Военнослужащий Национальной гвардии Республики Казахстан служит во благо общества. Именно таким должен быть страж правопорядка в глазах простых людей – помощником и другом.

## 5. Улучшение качества жизни наших граждан.

Социальная справедливость и рост благосостояния народа в фокусе каждодневных усилий государства – улучшение качества жизни наших граждан.

## 6. Новое качество нации.

«Чтобы иметь знания, необходимо учиться. Чтобы быть богатым, нужно иметь дело. Чтобы стать сильным, нужна сплоченность. А для всего этого нужно трудиться не покладая рук», – эти слова великого просветителя Ахмета Байтурсынова, актуальны и сегодня.



Перед страной стоят большие и сложные задачи. Для их успешного решения требуются неординарные подходы, новое мышление, всеобщая солидарность и взаимная поддержка.

Наш стратегический курс ясен. Мы хорошо знаем о наших проблемах и недостатках. Конечный успех реформ зависит от каждого из нас.

Меняться, работать над собой должны все. Вызовы времени заставляют нас постоянно развиваться, совершенствоваться, становиться сильнее. Каждый человек – сам кузнец своего счастья, а вместе мы создаем счастливое будущее нашей страны.

На долю каждого поколения выпадают различные испытания. Через нашу историю красной нитью проходит постоянное преодоление всех вызовов судьбы. Наша страна способна и готова решать самые сложные задачи.

Мы – поколение, воплотившее многолетние мечты и чаяния нашего народа о Независимости. Этот год – год 30-летия Независимости. Эта юбилейная дата – важная веха для суверенного Казахстана. Это начало нового исторического периода.

На нас лежит огромная ответственность за будущее государства. В единстве и согласии мы преодолеем все вызовы и достигнем всех поставленных целей.

#### **Список литературы:**

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995г.
2. Закон Республики Казахстан «О Национальной гвардии Республики Казахстан» № 274-V от 10.01.2015г.
3. Послание Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2020г. «Казахстан в новой реальности: время действий».
4. Материалы расширенного заседания коллегии МВД под председательством Касым-Жомарта Токаева от 29 октября 2020 года.
5. Материалы расширенного заседания коллегии министерства обороны под председательством Касым-Жомарта Токаева от 19 ноября 2020 года.
6. Выступление Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева на торжественной церемонии вручения государственных наград в преддверии дня Независимости.

\*\*\*\*\*

**СИНБАЕВА Г.К.  
ЕМБЕРГЕН Б.Ө.**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті КеАҚ «Филология»  
мамандығының 1 курс магистранты.

#### **ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Баллада жанрының алғы шарттары қазақ әдебиетінде ерте кезеңдерден-ақ байқалды десек, жанрдың толымды түрде қалыптасып түрленуі жаңа дәуір әдебиетте, жазба әдебиет тұсында барлық жанрда да жаңа сипаттар, жаңғыру үрдісі жүрді. Прозаның тынысты түрлері толысты. Поэма мен тарихи жырлар жаңа бағытта түрлене дамыды. Шағын лирикалық поэмалар, сюжетті лирикалық қысқа өлеңдер дараланып шықты. Баллада жанры да қазақ ақындарының шығармаларында жиі көрініс ала бастады. Балладалық шығармаларға қатысты пікірлер, әдеби көзқарастар айтылды. Егер XIX ғасырдың соңынан көрініс берген жанр сипатына зер салсақ, үздіксіз жалғасқан заңдылықты байқар едік. XX ғасырдың орта тұсында, алпысыншы-жетпісінші жылдарда баллада ұлттық әдебиеттің төл жанры ретінде кең тыныс алды. Баллада жазбаған ақындар кемде-кем десек, артық айтпас едік. Сонымен қатар әлем

әдебиетінің, орыс әдебиетінің балладалары ана тілімізге көптеп аударылды. Әйтсе де баллада жанрының қыр-сырына үңіліп, жиірек қалам толғап, осы үлгіде көптеген шығармалар берген ақындар қалыптасты. Баллададан түзілген жыр жинақтары жариялана бастады. Бұл – бізге жақсы мәлім деректер.

Алғашқы дүрмегі қалың болып, бара-бара іріктеліп, ой өрнегіне икемді озықтары шоғырлана көрінді. Поэзиямызда шоқ жұлдыздай оза танылған жас толқын ақындары шықты. Мысалы: О.Сүлейменов, Ж.Нәжімеденов, Қ.Мырзалиев, С.Жиенбаев, Т.Молдағалиев, Т.Айбергенов, М.Мақатаев, М.Шаханов т.б. Солардың қатарында жақұт сөзбен жауһар жыр өрген ақындарымыздың бірі – Жүмекен Нәжімеденов. Ол қазақ лирикасында баллада жанрында көптеген шығармалар жазып, оны тақырып жағынан молайтты. Ақын 1960-1980 жылдардағы балладаларының мазмұнын терең философиялық толғаныстармен бейнеледі, тәжірибесін молықтыра, түрлендіре түсті. Осыған орай ғалым Ә.Тәжібаев былай дейді: «Жүмекен, сөз жоқ, ешкімге ұқсамайтын, өзінің ақындық жаратылысы, өзіндік бейнесі бар, көп ойлап, көп оқитын, көп ізденетін жас. Жүмекен жұртшылығымызды қатты үміттендіретін ақын» [1, 374 б.].

Ақынның «Тез, тез» атты өлеңінде балладаға тән қасиеттер кездеседі. Баладада: – Көрші халсіз жатыр, – деді кәрі әкем – Тез, тез барып Қошалақтан дәрі әкел! [1, 26 б.], – деп басталатын шығарма кейіпкері жиырма көрінім жердегі Абдош атты шалдың үйіне дәрі-дәрмекке жүгіреді. Алу-далу боп әрең жеткен балаға шал дәріні ұсынып: «Тез, тез!» – деп шығарып салады. Бала шалбарының балағын қайта түріп, шөп-тікенді сезбей, балтыры сыздап, алқынып желге қарсы жүгіре береді. Жүрегі бірдеңені сезгендей болып, алып-ұшып тұрды. Өне бойындағы қара тері ақ сорға айналған кезде ауылға же-теді. Үйден жоқтау үні естілді. «Кешіктің ғой, ұлым», – деген әкесінің салқын шыққан даусын естіді. Бұл суық хабарды естіген бала:

Су сепкендей болды көңлім ерсінген.

Содан бері...

Бір адамның обалын

Мойнымда деп сезінемін мен әлі [1, 26 б.].

Бала кейіпкер екі дүние ортасында ауыр халде жатқан көршісінің өлімін өз мойнына алады. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген ұғымды ескергісі келмейтін бала: «Әлдебіреу халсіз, білемін, қауіптенем жарылардай жүрегім», - деп кез келген пендеге қол ұшын бергелі тұр. Ақын жас кейіпкердің бойына жанашырлық, елгезектік, мейірбандық, жауапкершілік сияқты асыл қасиеттерді сіңіре білген. Аталған шығармадан ұлт иісі аңқып тұр: «жалаңаяқ шауып жүрген қара бала», «Абдош есімді шал», «Қошалақ атты құмды ауыл», «жоқтау үні». Ақын өмір шындығын жырлаған балладасында борыш, парыз, жалпы адамгершілік проблемасын сөз етеді.

Ж.Нәжімеденовтің жанр табиғатын тереңдей танығанын келесі туындыларынан аңғарамыз: «Домбыра», «Дастархан», «Қара кісі», «Гүл туралы баллада», «Қызғалдақ жайлы баллада» т.б.

Ақынның «Домбыра» деп аталатын балладасында соғыстан оралмаған жауынгердің мұң-қайғыға батып жүрген анасын көреміз. Отыз жыл бұдан бұрын жалғыз ұлым, Қос ішекке байлап кеткен бар қызығын.

Сол ілген орыны осы, бұл бейбақтың, Күйі де дәл сол күні қалды үзіліп [2, 10 б.], – деп зар жылаған қарт ананың ащы даусын естиміз.

Ұл өлді: қара тақтым домбыраға,

Келін өлді:

Тағы да қара тақтым [2, 10 б.], – деп отыз жыл бойы қара жамылып, ұлының аманат домбырасына тебірене қарап, содан бері жаралы жанның отын сөндірмепті. Жалғыз ұлынан қалған домбыраны көзінің қарашығындай сақтап, соғыс атты жалмауызға қарсылық көрсеткен ана бейнесінен мындаған зарлап қалған жетім-жесірлерді көргендей боласың. Көз алдыңа соғыс уақытындағы, одан кейінгі қысталаң кезеңдегі жетім-жесір трагедиясы келеді. Мұндай

әсерге бөлеп, жадындағы көп нәрселерді қайта жаңғырта алу – тек көркем шынайы жақсы туындылардың ғана үлесіне тисе керек.

Балладаға тән сипаттар – драмаланған сюжеттің болуы; бір адам өмірінен алынған бір ғана эпизодтың болуы; кейіпкер санының аз болуы және шығарма көлемінің шағын болуы.

Балладашы – ақынның аңызға негізделіп жазған шығармалары да бар. Мысалы: «Дастархан» балладасында екі тентек, екі батыр атанып жүрген жігіттердің арасында болған келіспеушілік жайында баяндалады. Әлденеге келіспей қалған екі дос енді қайтып көріспеуге ант етіп, ал кездесе қалған жағдайда бірін-бірі өлтіретінін айтады. Күндер өте дастархан басына жиналған адамдардың мазасын алып, қанжарын жалақтатып бір адам кіріп келеді.

Көтерілген қылыш бірақ соқпады,  
Ай секілді тұрып қалды төбеде [2, 123 б.].  
Келген жігіт былай деп тіл қатты:  
Ажалың жоқ ит екенсің сен де бір,  
Келіп едім бір-ақ шауып көмгелі.  
Дастарханнан аттай алмай қор болдым,  
Дастарханмен жеңдің ғой сен, жең мені [2, 123 б.].

Өз сөзін ол: «Сақ бол бірақ жиналғанда дастархан», – деген ескертумен аяқтады. Сол оқиғадан соң оны ешкім көрмейті. Ал үй иесі болса, содан бері дастарханын жинамайтын болыпты. Мүмкін, біздің бойымызға қонақжайлылық, жомарттық қасиеттер осы аңыздан соң дарыған болар. «Дастарханнан үлкен емеспін», «Таспен атқанды аспен ат» деген аталы сөздерде терең ой, үлкен пәлсапа жатыр. Балладада ұлт мінезін танытатын көрініс бейнеленген.

Ақындардың өз әріптестеріне арнап жазған балладалары да аз емес. Орыстың ұлы ақыны Пушкинді өлеңдегі ұстазы ретінде қабылдаған Жүмекен «Москвадағы Пушкин ескерткіш түбінде» атты балладасын арнайды. Жас кейіпкердің монологінен оның ақын екенін, ал орыс поэзиясының классигі дана Пушкинді аса құрметтеп, пір тұтатынын, ұстазым деп бас иетінін білеміз. Атап айтқанда:

Кем емессің құдайдан,  
Артықтығың болса егер –  
Гомер, Данте өлшемімен өлшенер [2, 160 б.].

Баллада соңында бұйра басын сілкіп тастап, тас мүсіннен қолын соза түсіп келе жатқан ақынды көреміз. Шағын ғана оқиғаның айтары мол, аңғартары көп. Қ.Аманжолов, Қ.Бекхожиндердің балладаларымен үндеседі.

Жүмекеннің «Кішкене» деп аталатын балладасында объект болған өмір шындығына үңіліп, оны өзінше жырлағанын көреміз. Бұл өлеңнен жарық дүниеден өткен ақын жарын жоқтап жылап отырған қаралы әйелді, қазаға жиналған көпшілік қауымды көреміз. Мінбеге шығып, бір-бірінен оза сөйлегендер: «Цитат болып жарқылдады көп өлең» [3, 76 б.].

Жүмекен ақынның өмірден көргені көп, түйгені мол екенін өлең жолдарынан айқын байқауға болады. Көкірекке түйіп жүретін мәселенің бірі – адам баласының көзі тірісінде бірін-бірі бағаламауы, қадірлеп, құрметтемеуі т.б. Бұл – жалпы адамзатты толғандыратын үлкен проблема.

Шын мәнінде ақылға сыймайтын құбылыс – өлінің тірілуін ақын қиялы арқасында қағаз бетіне түсіріп, жырға айналдырады. «Кенет ақын табыттан атып тұрып сөз тастады шаңытқан» [3, 76 б.]. Тіршілікте осынау айтылған сөздердің бірін естімедім, көзімнің тірісінде айтқан болсаңдар ерте өлмес едім ғой деп налыған «өліктің даусын» естіміз. Өлең соңында «өлік» тас мүсінге айналады:

Ал біреулер тас мүсінді сол тұрған  
Бүріп алып жағасынан, алқымнан,  
Әр күн сайын қараң-құраң – дүрбелең  
Сол өлікті, қайтадан  
Табытына түсіре алмай жүр білем [3, 76 б.].

Демек, өлген адамға да тыныштық бермей жатыр. Ж.Нәжімеденовтің «Ұрпағым, саған айтам» кітабына алғысөз жазған ақын Т.Медетбековтің пікірі жоғарыда аталған балладаларға тікелей қатысы бар: «Жалпы Жұмекен Нәжімеденов творчествосындағы ең басты доминант не десе, онда бәріміз бір ауыздан: ол философиялық ой дер едік. Және оның философиясы құп-құрғақ қағаз иісі шығып тұратын кітаби емес, қара бұйра топырақ иісі аңқып тұратын табиғи» [3, 5 б.].

«Қыран-қия» өлеңдер жинағында біршама баллада кездеседі: «Тұлып», «Ақ сүт», «Шабдар айғыр», «Бөрік», «Жұбайлар» т.б.

«Тұлып» деп аталған балладасында ақын бірнеше образ берген. Олардың әрқайсысы бір-бірімен байланысып, өлеңнің мағыналық құрылымдық бөлігін жасайды. Қысқа сюжетте: жас кейіпкеріміздің әжесі арам қатқан бұзаудың терісіне шөп салып қояды. Өрістен емшегін толтыра келген бұзаудың енесі мөңіреуге шамасы келмей, жай ғана ыңырысып, қызыл тұлыпты иіскелей бастайды. «Иіскеп-иіскеп жіберді де тұлыпты иіді» [1, 11 б.].

Мұны көріп тұрған бала жануардың ақымақтығына ыза болады. Жалай-жалай тұлыптың түгі де түсіп қалды. Кенет бала қызыл сиырдың қызыл көзінен тұнып тұрған қайғы-қасіретті байқайды. Кішкентай адам осы тұста өмір пәлсәпасын түсінгендей болады: «Алданғаны емес екен, жоқтығы екен амалдың». Ақын ойын өрнектей келе, оқушысының алдына тағы бір көріністі ұсына қояды. Қаламгер шеберлігін осы тұста тағы танысың. Көз алдымызда өзін-өзі жұбатып, қаза болған ұлының бас киімін құшағына қысып отырған қария.

...бауырынан бала кеткен талай жан

Шүкір айтып әр күн сайын он рет,

Алданатын қара іздейді маңайдан [1, 12 б.], –

деп ақын баллада соңында ойын түйіндейді.

Балладаның жанрлық сипатын шұғыл түрде баяндалған оқиғадан туатын ой анықтайды. Өлең идеясының дұрыс ашылуы мен көркемдігіне нұқсан келмеуі үшін осы шарттылық сақталуы тиіс. Ақын ойын нақтылай түсетін мына өлең жолдары да бар:

...Сенем саған, жасқа келдім біршама –

Сенем саған — талғамымыз бір сана.

Сенем саған: көп сөзіңнің көзінен

Шөп көрініп тұрса да [1, 12 б.].

Яғни, сенім деген – ұлы қасиет. Адамзат осы асыл қасиетті бойынан жоғалтқан күні халі не болмақ? Адам сену керек, сене білу керек, сонда саған да сенеді. Адам өле-өлгенше сенімін, үмітін жоғалтпайды емес пе? «Үмітсіз тек қана шайтан» деп тегін айтылмаған ғой.

Баллада ақыны Ж.Нәжімеденов бұл шығармада екі көріністі қатарынан тегін алып отырған жоқ. Мал екеш мал да өз төлінің жоқ екенін сезіп, иімей, көзі қанталап ыңырысғаны адам баласының жанына батады. Қызыл тұлып – оның жұбанышы, алданышы. Адам да сол. «Алданатын қара іздейді маңайдан деп» ақын жырлап кеткендей, шал үйіне бара қалған қонақ бала «Мен де өзіңнің ұлыңмын ғой деп алдап» отырарға орын таппай сол үйден шығып кетеді. Бәлкім, адамдардың бір-бірін осылайша алдағаны біреуге демеу, жұбаныш тіпті өмірдің мәні болар. Қаламгер өтпелі, өзгермелі өмір құбылыстары ішінде осынау біреулерге арқау болатын сезімді жырға айналдыра отырып, өлеңнің мағыналық құрылым жүйесіне де, мазмұнына да сұлу жарасым дарытады.

Шағын шумаққа тұтас өмірді, адам тағдырын, рахат-күйінішін сыйғызу өте шебер, дарынды ақындардың ғана қолынан келеді. Бір тақырып аясында күрделі тұтас дүниелерді сипаттау – қиынның қиыны. Суреткер Ж.Нәжімеденов баллада деп аталатын күрделі поэзиялық жанр арқылы дүниетаным процесін оқырмандарына әрі жеңіл, әрі ұтымды мазмұнда жеткізе білді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нәжімеденов Ж. Қыран-қия. Өлеңдер, толғаулар, балладалар және поэмалар. – Алматы: Жалын, 1984. – 128 б.
2. Нәжімеденов Ж. Темірказық: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1982. – 344 б.
3. Нәжімеденов Ж. Ұрпағым, саған айтам: Өлеңдер мен поэмалар. — Алматы: Жазушы, 1988. – 312 б.

\*\*\*\*\*

**СИНБАЕВА Г.К.  
КАЖГАЛИЕВ А.М.**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті КеАҚ,  
«Филология» мамандығының 1 курс магистранты.

### МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ БЕЙНЕЛІЛІГІ

Қ. Жұмалиев: «Мақал-мәтелдің екеуінде, негізінде, аты белгісіз халық даналарының өмірді бақылай келіп айтқан үлкен ой, терең пікірлерінің жиынтығы», - дейді [1, 29 б.].

Қазақ мақал – мәтелдерінің мағынасы астарлы, кең, құрылысы ықшам, жинақтылығымен қатар, ол көркем де әрлі, ажарлы болып келеді. Тілге орамды, сөз арасында айтуға ыңғайлы. Мұның құлаққа жағымды, сазды естілуінен, тез жатталуының тағы да бір ерекшелігі – дауыс ырғағы, дыбыс үндестігі, ұйқас жайларының мұқият ескерілуінен болса керек. Мысалы:

- 1) «Аптыға сөйлеп ауызды атанғанша, анықтап сөйлеп, маңызды атан.
- 2) Аққу құстың төресі, жалғыз жүріп оттамас,
- 3) Қас жақсының белгісі, қара сөзді жақтамас.
- 4) Берекесіздің ауылы – мерекесіз.
- 5) Атың сат, тоның сат, жатарыңда тойып жат.
- 6) Ел құлағы елу» деген мақал – мәтелдердің көңілге қона кетуі, ырғақ, ұйқасы келісіп

тұр.

Мақал-мәтелдердің өзіндік ерекшеліктерінің бірі – оның шебер қиюласуындағы дыбыстардың үндесуі - аллитерация мен ассонанс мәселесі. «Көріктеу құралы ретінде үн гармониясын туғызтын тәсілдердің бірі- аллитерация мен ассонанс. Аллитерация микротексті бірыңғай (бірдей немесе ұқсас) дауыссыз дыбыстар қайталанып келетін сөздермен құру болса, ассонанс бірыңғай дауысты дыбыстарды қайталап келтіруде қолданылатын тәсіл болып табылады» [2, 45 б.].

Халықтың мақал-мәтелдер, жұмбақтар ырғағы, ұйқасы жағынан ешқандай өлеңдерден кем емес, тоқсан ауыз сөздің тобықтай үлгісі ұйқасын келтіріп тұрған – тек қана қайталама. З. Қабдолов қайталамаға мынандай анықтама береді: «фигураның (айшықтаудың) бір түрі – қайталама сөз әсерін күшейте отырып оқырман назарын айырықша аударғысы келген нәрсені, не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұтқыр сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу» ғалым қайталаманы төрт түрге бөледі [3, 32 б.]. Мақал-мәтелдерде дауыссыз дыбыстардың тізбектеліп келіп, жымдасып шеберленуі жиі ұшырасады. Мысалы:

«Бірде болса – бірегей.

Болар бала боғынан.

Жаман жерге жатсаң, жаман іс көресің,

Жақсы жерге жатсаң, жақсы түс көресің.

Жақсының жаны – жәннат.

Бір де болса бірегей болсын.

Көптің көзі көреген.

Тамыр тартқан тарықпас.

Сауда сақал сипағанша» т.б сияқты аллитерация арқылы жасалған мақал-мәтелдер көптеп кездеседі.мақал-мәтел табиғатынан осы тәрізді көркем сөз тәсілдерінің мол кездесетіні себебі, біздің пайымдауымызша, мақалдардың тілге жеңіл, айтуға ыңғайлы, жаттап алуға оңай болуына аса қажетті шарттардың бірі болуында.

«Сөзден сескенбеген сойылдан сескенбес»;

«Санаулы сөз салмақты»;

«Сүйкімді сөз сүйек балқытар», сақаудың соңғы сөзін тыңда»;

«Жалықпаған жау жеңеді»;

«Шын орақшы, орақ таңдамайды»;

«Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу»;

«Тура биде туған жоқ»;

«Болатқайнаудашынығады

Батыр майдандашынығады».

Ассонанс – сөз басындағы, аяғындағы, ортасындағы дауысты дыбыстардың өзара сәйкес, үндес болып келуі болса, осы бір құбылыс мақал-мәтелдерде жиі көрініс тапқан. Ал енді ассонанстан тұратын мақалдар мен мәтелдерге мысалдар келтірсек:

«Айналдырған ауру алмайқоймас».

«Ай – айдыңаты бас, әрайдыңатыбасқа».

«Аталсаң, ауылыңмен ал».

«Азулыатарымас».

«Ас адамның арқауы».

«Аштың ақылы астан әрі аспайды» т.б. сынды ассонансқа құралған мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. «Аллитерация мен ассонанс сияқты дыбыс үнділігін, әрине тек ауыз әдебиеті мен ауызша тараған ақын-жазушылар туындыларының көріктеу тәсілідеуге болмайды. Эвфония қарастыратын дыбыстық қайталаулардың қай-қай түрі де: аллитерация, ассонанс, анафора, эпифора, ұйқас, ырғақ эмоциялық бояу үстейтін стильдік тәсіл болса, оларды қай дәуірдің: сөзгері болса да қолданбай отырмайды» [1, 134 б].

«Ұстазы жақсының-

Ұстамы жақсы»,

Эпифора мақал-мәтелдерде өте жиі қолданылады.

«Жаманға шөп батады

Жақсыға сөз батады»

«Жақсыға шаң жуымас,

Жаманға жан жуымас»,

«Жақсының соңынан көп ереді

Жаманның соңынан сөз ереді» т.б.

Сонымен қоса, мақал – мәтелдер бойында параллелизм кездеседі. Бірақ, мақал – мәтелдердің бұл түрі онша көп емес, болса олардың өзіндік сыр – сипатын салыстыру үшін бір-біріне ұқсас нәрселер алынады. «Параллелизм – екі нәрсені қатарластыра, жанастыра алып бейнелеудің тәсілі. Екі түрлі ұғымды білдіретін тіл элементтері бір-біріне әсер етіп, тұтас поэтикалық бейне тудырады. Бұл халық ауыз әдебиетінде жиі қолданылады» [4, 263 б]. Тыңдаушыға әсері мол болу үшін және толғаныс-тебіреністі де білдіру үшін мақал-мәтелдерде параллелизм қолданылады. Мысалы:

«Пайдасызгүлденжапырақартық,

Пайдасызшөптентопырақартық.

Оқымасаң өмірің қараңғы,

Ойын – сауықболмаса көңілің қараңғы.

Арықтыкүтсеңтойынар,

Кәрінікүтсеңсойылар.

Отсызөріс – малғажайсыз,

Батпақтыжер – жолғажайсыз.

Сусызжердеқамысжок,

Азған елде намыс жоқ» т.б осы сипаттағы мақал-мәтелдердің бойынан параллелизмді көруге болады. Мысалы мақал-мәтелдерде жақсы мен жамандықты салыстыра отырып ой түйінделеді. Параллелизм мақал-мәтелдердегі көркемдік әсерді күшейтеді.

Т.Қоңыров теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрлымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген. Қазақ теңеулері атты монографиясында ғалым теңеуге мынандай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз - ұқсасорттақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [4, 7 б.], - дейді.

Ал ғалым З.Қабдолов: «Әдеби тілде үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі - теңеу (орысша-сравнение)» [5, 212 б.], - деп тұжырымдайды.

Мақал-мәтелдерде сөздердің символдық мәні де назардан тыс қалмаған. Мақал-мәтелдерде халқымыз *ақ, қара, суық* сөздерді символ ретінде қолданып, олардың берер мағынасын тереңдеткен, көркемдігін арттырған. Мысалы, *ақ* түс адалдықтың символы, *қара* түс – зұлымдықтың символы екені белгілі. Мақал-мәтелдердегі «*Суық*» сөзінің мәні жауыздық, каталдық деген ұғымдарды туғызу үшін қолданылады.

Мысал келтірер болсақ, Мақал-мәтелдердегі «*жақсылық*» пен «*зұлымдық*» ұғымдары *қара* және *ақ* түс арқылы сомдалады. Түр-түсте кез-келген этностың ғаламды түсінуі жақсы көрінеді. Түр мен түске әлемді танудың ерекше концептері ретінде қарауға болады. Мақал-мәтелдегі түр - түс символикасы өзіндік ерекшелікке, өзіндік символдық мәнге ие. Яғни, «мәдениеттегі түр-түс» арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоциялық қалпын, адамгершілік түсініктерін білдірген. Басқа халықтардағыдай қазақ халқы үшін де әлем екі түске – *ақ* пен *қараға* бөлінген. Оның бірі *ақ* түс-күллі игі, жақсы қасиеттер бейнесі болса, көп жағдайда *қара* түс-жамандық біткеннің бедеріне ие. Оны төмендегідей мақалдардан аңғаруымызға болады:

*Ақ дегені – алғыс,*

*Қара дегені – қарғыс;*

*Ақ пен Қараны шындық айырар;*

*Ақ пейілдің аты арып, тоны тозбайды;*

*Ақтың отын ақымақ өшіре алмайды;*

*Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ,*

*Шың жақсының ашуы бар, кегі жоқ.*

Қазақ халқы үшін *ақ-қара* түстердің орны ерекше. Бұл түстер қазақ халқының наным-сенім, салт-дәстүрін, ішкі болмысын танытады. Оған жоғарыдағы мақал-мәтелдер дәлел.

Қазақ танымында *зұлымдық* пен *жамандықты* білдіретін – *ала* түс. *Ала* түс «*әр түрлі түсті*» деген ұғымынан абстракцияланып, «*ынтымақ-бірлігі жоқ, пәтуасыз*» деген мәнді білдіреді. Оған тіліміздегі келесі мақал-мәтелдер куә:

*Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды;*

*От басы ала болса,*

*Кереге бас сайын пәле болар;*

*Ала аяқ күніні алпыс аттайды;*

*Жылан шаққан адам ала арқаннан аттамайды;*

*Адам аласы ішінде,*

*Мал аласы сыртында;*

*Ақымақтың ала, құласы болмайды;*

*Бір биеден ала да, құла да туады;*

*Көздің аласынан сөздің аласы жаман.*

«*Ала* жіпті қолдану» *ала* жіпті аттамайтын адал азамат болсын, *пәле* жаладан сау болсын деген тілектен туған. *Ала* жіп билік айту үстінде де қолданылады. Араздасқан екі

адамды билер татуластырған кезде оларға ала жіп ұстатып тұрып, ортасынан қиып жіберетін болған. Ит-құс тимесін, кірмесін деп, қораға ала жіп құрып қоятын салт та осыған меңзейді.

Ал қара түсіне байланысты алынған мақал-мәтелдерді талдар болсақ, Қазақ мәдениетінде аққа қарсы қара түс қолданылып, ақ-қара бинарлық жүйесін құрайды. Сонымен бірге ақ-күннің, қара-түннің символдық белгісі. Дүниеде қарама-қарсылықсыз еш нәрсе жоқ. Мысалы:

Жаманға жолама, жаласы жұғар;  
Қайғысы жоқ адамға қара көже балмен тең,  
Қайғысы көп адамға кең дүние жермен тең;  
Қара көзден нұр тайса, қарға адым жер мұң болар;  
Жаман адам – құлқынның қара қабы,  
Жақсы адам – адалдықтың тағы;  
Жақыныңды жаралама,  
Алысты қаралама.

Қазақ тілі білімінде метафора туралы алғаш теориялық тұжырым жасаған – Ахмет Байтұрсынов. «Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында тек ұқсастық жоқ, екі нәрсенің өтетін әсері бірдей болса, біріне қас амалды екіншісіне ауыстырып айтамыз. Меселен, «күн құтырып кетті», «аяз қарыған», «қырау соққан» дейміз. «құтырып кетті», «қарыған», «соққан» деген сөздер нақ өз мағынасында емес, өзге мағынада айтылып тұр. «Құтыру» жанды, есті нәрсенің күйін көрсететін сөз. Мұнда күннің желдетуі адамның құтырған күйіне ұқсас әсер ететіндіктен жанды нәрсенің күйін көрсететін сөз күннің күйін көрсетуге ауыстырылып алынып тұр. Осындай ұқсастығымен ауыстырылып, өз мағынасынан сөзді өзгелеп айту - ауыстыру деп аталады» [6, 49 б.], - дейді ғалым А. Байтұрсынов.

«Отансыз адам –  
Ормансыз бұлбұл»,  
«Ел іші – алтын бесік» т.б.  
«Ынтымақ – ырыс қазығы»,  
«Бірлік-байлық»,  
«Қойдың сүті – қорғасын»,  
«Ат – адамның қанаты», т.б.

Метафораға құрылған мақал-мәтелдер көп. Метафора ауыстыру немесе ұқсату, яғни мәтіннің экспрессивтік бояуын жасайтын құрал ғана емес, ол әсемдікті беруге, сөзге жаңа мағына, мәтінге соны мазмұн беруге қызмет етеді. Метафораның негізгі қызметі хабар жеткізумен шектелмейді, басты күшті ұғым қалыптастыруды көздейді. Яғни, метафораның қызметі – ұғым тудыру. Метафора әлемі – бейнелі ойлау әлемі. Ал оны түсінудің негізгі шарты – сол метафораны қабылдаушы субъектінің ойлау қабілетінің дәрежесі.

Қазақ мақал-мәтелдері – сөз өнеріміздің телегей-теңіз байлығы, ғасырлар бойы жиналған халық даналығының айқын көрінісі. Жалпы мақалар мен мәтелдер – халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған хлықтың асыл ойының көркем көрсеткіші.

Мақал-мәтелдерінің қай-қайсысын алсақ та тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып шешетін асыл мұра. Мақал-мәтелдің қай-қайсысы болса да оқушының ақыл-ақыл қосатын, жарқын болашағына дұрыс сілтейтін, өмірді танытатын қамқоршы. Онда халықтың өмір сүру барысындағы барлық тәжірибенің өнегелі өсиеттері айтылған. Онда халық даналығы сақталған.

Мақалдар мен мәтелдер көркем әдебиетте сөздің әрін келтіретін, айтайын деген ойдың мағынасын толықтыратын, сонымен қатар ұтымды да, ықшамды қолданылатын әдемі форма. Өйткені бұл мол тәжірибенің ұзақ уақыт әбден сұрыпталған, екшелген сыннан өткен асыл түйіні.

Мақалдар мен мәтелдердің мағынасы терең, сөзі ықшам да көркем, есте сақталуға икемді де жеңіл болатындықтан балалар әдебиетінен үлкен орын алады. Мақалдар мен



мәтелдер балаларға терең ой салумен қатар оларды көркем және образды сөйлеуге жеткізеді, сөз байлығын дамыта түседі. Оларды жарқын болашаққа тәрбиелейді. «Көре-көре көсем боласң, сөйлей-сөйлей шешен боласың» - деп еңбектенудің, талаптанудың, үздік әрекеттің арқасында осындай игілікке шықаруға болатынына олардың сенімін арттырып, сөздерін ынталандыра, қызықтыра түседі. Балалардың көңілін серпілтіп, қанатына су бүркіп аспандата береді. Осының бәрі халықтың балаға деген ізгі ықыласынан туған асыл мұра.

Мақалдар мен мәтелдердің балалар әдебиетінен алатын орны, терең мазмұны мен тәрбиелік әсері, өмір оқулығындай болатын идеялық сипаты, өткір де көркем тілі, оның мейілінше ықшам қолданылатыны өзінің оқушысын таң-тамаша етеді.

Мақал-мәтелдер үнемі туып, өңделіп, ұстартылып отырады. Ұрпақтан ұрпаққа ауысып, халық жадында жылдар, ғасырлар бойы сақталып, шын өмір тезінен өтіп, сұрыпталып, сараланып, бірден-бірге мыңдала береді. Өңделіп, жылдан-жылға өткен сайын өткірлене түседі. Үнемі толысып, молайып отырады.

Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің ерінбей ұзақ жинағаны мәлім. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист-ғалымнан ұзақ уақытпен қажымас ізденуді қажет ететіні белгілі. Себебі мақал-мәтелдер дайын күйінде жеке дара кездеспейді. Оларды айтушының не ауызекі сөзінен, не қолжазбалар ішінен, туындылар арасынан іздеп табу арқылы қағазға түсіру керектігі аян. Осы тұрғыдан келгенде Мәшһүр-Жүсіптің қазақ мақал-мәтелдерін көптеп жинағанын қолжазба қорынан аңғарамыз. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жинаған қазақ мақал-мәтелдері тақырыптық жағынан болсын, тәрбиелік, өнегелік жағынан болсын маңызды.

Сайып келгенде, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жинаған қазақ мақал-мәтелдерінің сөз өнерінде алатын орны ерекше. Себебі мақал-мәтел – бейнелі сөз, тапқырлық, даналық сөз. Мақал-мәтел – көлемі нұсқа, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем. Сондықтан да ол жаттауға, есте сақтауға, керекті кезінде қынаптан қылыш суырғандай жаңғыртуға, пайдалануға оңтайлы.

Мақал-мәтел – халықтың көп жылдың, сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкенінен қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы; табиғатта, өмірде үнемі болып, қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.

Мақал-мәтелдер – әрбір халықтың көне де байырғы рухани қазынасы. Ол – өз бастауын адам баласының тым ертедегі саналы қоғам құраған балаң кезінен алып, ғасырлар бойы еленіп-екшеліп, сұрыпталып, толассыз толығып келе жатқан жанды құбылыс, халық даналығының қорланып жиналған қоры, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан рухани мирасы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: 1960. – 363 б.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: 1995. – 207 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: 1983. – 231 б.
4. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: 1978. – 192 б.
5. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 385 б.
6. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы: 1989. – 319 б.

**ТАЛАСПАЕВА Ж.  
ТҰРСЫНҒАЛИ Н.**

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ, Петропавл қ.

**ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ  
«АБАҚАЙ» СӨЗІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Шет елде қоныстанған қазақ диаспорасының өкілдері тілінің көнелігін зерттеу соңғы жылдары тілші ғалымдардың назар аудартты. Алыс-жақын шетелдегі қазақтардың белді өкілдерінің бірі – Шиыңжаң өлкесінің қазақтары. Олай деуіміздің себебі, біріншіден, Шиыңжаң өлкесінде тұрып жатқан қазақтардың саны біршама көп, (екі миллионнан астам), екіншіден, Шиыңжаңдағы қазақтар тілінің еркін даму мүмкіндіктері болды. Бұл өлкеде қазірге дейін қазақ тіліндегі мектептер бар, газет-журналдар, кітап, оқулықтар баспадан шығып отырды, радио, телевидение жұмыс істеді. Сонымен бірге қазақ тілінің зерттелуі жүйеленді. Дәл осы Шиыңжаң өлкесіндегі қазақтар тілінің даму мүмкіндіктері өзге елдегі қазақ диаспорасының тілінде болмады, үшіншіден, Шиыңжаңдағы қазақтар арасында қазақ фольклорлық ауыз әдебиетінің мол қоры сақталған. Бұл құнды дүниелер қазірге дейін 80-ге жуық том болып Шиыңжаңда басылып шықты, төртіншіден, Шиыңжаңдағы қазақтардың тілі ондағы диалектілік құбылыстардың молдығымен әрі күрделілігімен ерекшеленді. Соның дәлелі, сан ғасыр бойы бірге өмір сүрген қытай тіліне кірігіп жоқ болып кетпей, маңызын жоймай, көнелігімен ұлт тілі өзегін бұзбай өмір сүріп келеді. Осы тұрғыда этимологияның зерттеу нысаны тек мағыналары күңгірттенуіне байланысты жеке дара қолданылмайтын сөздер ғана емес, тілімізде дербес те жүйелі қолданылатын жалпы лексика грамматикасы айқын сөздер мен сөз тіркестері болады. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі- сөздердің шығу тегін, қалыптасып, дамуын түсіндіру, этимологиялық зерттеу жүргізу.

Тарихи тіл білімінің ең қызықты салаларының бірі – сөздің шығу тарихын қарастыратын этимология саласы. Сөз тарихы сол тілді иеленуші халықтың тарихымен тығыз байланысты. Тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысты болатыны белгілі. Сол себепті сөз тарихын терең зерттеу барысында лингвистика, фольклор, мәдениет, этнография, тарих ғылымдарының әрқайсысынан мол мағұлмат болу керек. Терминология саласын зерттеуші ғалым Шерубай Құрманбайұлы: «Сөз әр дәуірде тек анықтауды ғана емес, сонымен бірге түсіндіруді де қажет етеді. Оның шығу тегін, фонетикалық құрылымының өзгерісін, морфологиялық құрлымын, мағыналардың эволюциясын зерттеу, ұлттық мәдениет құбылыс ретінде тіл дамуының аясында, сөздің қызмет ету аясында сөздің қызмет етуін зерттеу, қоғамның тарихы мен онымен қарым-қатынас жасаған халықтар арасындағы байланыс тәжірибесінің көрінісі тарихи тіл білімінің пайда болған кезінен бастап негізгі нысанына айналды» - деп тұжырымдайды [1, 24 б.].

Жоғарыда келтірген ойымыздың дәлелі ретінде «Абақай» сөзінің этимологиясын қарастырамыз. Бұл сөздің мағынасы - «ата (үлкен) жылан», байырғы қазақ тілінде бар сөз. Бүгінгі күні бұл сөз Іленің жоғары жағын мекендеген Қызай аталатын тайпа қазақтарында жыланның тергеу аты ретінде сақталған. Қазақстанның өзге өңірлерінде өмір сүретін қазақтар жыланның тергеу атын «түйме» дейді. Ал Қытайдағы Алтай жерінде өмір сүріп жатқан қазақтар жыланның тергеу атын «ұзын аю» деп қолданса, Іленің кейбір өңіріндегі қазақтар «Омарта», «Ұзын кісі» деп те тергейді. Абақай - сонымен, ерте заманда кең таралған тотемдік, кие-тектік түсініктерден қалған сарқыншақ. Қазақта тек қана жылан емес, сонымен бірге қасқыр да, үкі де, қошқар да қасиетті тотемдер болып есептеледі. Мысалы қасқырды «ит-құс» деген табумен қолданған, себебі, қасқыр деп қалса бір жаманшылық болады деп сенген. Қошқарды – «қой ата» дейтін де қазақ ауылдары бар. Абақай атауының көнелігіне қатысты тағы бір дәлел, оның антропоним ретінде Мәнжүр тайпаларында сақталуы. 1630 жылдары Халал моңғолды, одан кейін Қытайды бағындырған атақты Мәнжүр императорының аты Абақай болатын. Ал енді Абақай атауының Қызайларда сақталуы тіпті қызық. Бұл көне рудың өз атауы арийлік тілде «патша әулеті», біздің ойымызша «аталық» дегенді білдіреді, яғни ерте

замандарда саяси билікке қатысты болғандығы атынан-ақ көрінеді. Тарихшы Жақып Жүнісұлының зерттеуі бойынша: «Ақтабан шұбырынды» заманында Қызай аталары қазіргі қазақ баласы астана қылып ту көтерген Қараөткелден Бурабайға дейінгі жерді қоныс қылды да, 1750 жылдары Алтай, Тарбағатай, Жетісу өлкелері қалмақтан босаған уақытта шығысқа қарай көшті. Қызай тарихын, оның XVII-XVIII ғасырлардағы басты адамдарын білетін болсаңыз, онда Қазақстан картасының орталық бөлігінен, Есіл мен Нұра өзендері арасынан, Көкше маңынан бірталай сәйкестік табылады» - деп тиянақтады [2, 67 б.]. Ол топонимиялық атаулардың Қызай тұлғалармен (Жолымбет, Сұлтанкелді, Есенкелді, Бозайғыр т.б) сәйкестігі кездейсоқ емес. Жамбыл Артықбаев былай дейді: «Жолымбет ауылы 1930 жылдардан алтын руднигі есебінде белгілі, Ақмола облысы Шортанды ауданының құрамында. Бұл кен орнын көне замандағы мықты шахталарына қарап алғаш ашқан өндірісті жолға қойған Қызай руынан шыққан бірнеше беделді адамдар еңбек етті, тіпті менің әкем де осында еңбек ері атанды» - деп нақтылады [3, 44 б.]. Екінші бір топоним Қорғалжын қопасына кіретін, Нұраның Теңіз көліне құятын көлдердің бірі - Сұлтанкелді. Қазіргі уақытта бұл көлдің атауы Абылай ханның құрметіне, не болмаса Кенесары құрметіне қойылған деген нұсқа бар. Олай да болуы мүмкін, бірақ дәл осы көлдің маңында «Абылай» аталатын да жер бар екенін ескеру керек, ал Кенесары атына қойылды деген пікірге жүгінсек, зерттеуші Жамбыл Артықбаевтың пікіріне сүйенсек: «Сұлтанкелді көлі Кенесарыға дейінгі карталарда да тұр. Осыған байланысты Қызай елінің көшбасшыларының бірі Сұлтанкелдінің қыстауы орналасқандықтан соның атына қойылуы мүмкін деген жорамалымыз бар», - дейді [3, 179 б.]. Жаугершілік заманда Сарыарқа жерінде арғын, найман болып рулардың қатар қоныстануы, темеш баласы Сыр бойынан осы жерге келгенде найман руына жолыққаны трихи деректерде кездеседі. Үшіншіден, тағы бір топонимнің шығу тарихын түсіндіру барысында зерттеуші Саурықұлы Доспер «Есенкелді» тарихында: «Нұраның бір саласы болып табылатын шағын Есенкелді деп аталатын өзен бар. Бұл өзен атауы Қызай елінің көшбасшысы, қазақтың белгілі азаматы Есенкелдінің атына байланысты қойылуы мүмкін» - деп есептейді [4, 19 б.]. Қызай руы арасындағы әңгімеде Есенкелді батыр бейіті Қабанбай батыр жерленген жерге, яғни Нұра өзені бойына таяу еді деген мәлімет бар.

Қызайдың осы маңды жайлаған кезеңінің тағы бір белгісі Бурабайдың баурайында Абылай ордасының шығыс жағындағы «Абақай» қыраты. Көкшетау баурайы қазақ тарихының ерте және ортағасырлық кезеңдерінен сыр шашатын ғажайып ескерткіштерге толы екені белгілі. Бұл жердің сонау көне замандардан сақталған бұлыңғыр тарихи әңгімелері аңызға айналғалы қашан?! Көкшеге көрік беріп тұрған Қарағайлы (Бурабай) мен Қыздың қара суы (Шучье) көлдерінің жан жағы толған тарихи жәдігерлер, тарихи жер-су атаулары. Себебі, Көкше қадым замандардан хандар мен патшалар мекендейтін қорық жері болғаны анық. Қазақ ұлтының тағдыры сынға түскен ерлік дәуірінде, яғни XVIII ғасырда бұл жерді өздерінің жауынгер көсемі Абылай ханға орда болуға лайықтағаны да сол себептен.

Абылай хан ордасының шығыс жағында, Көкше биігі мен Қызылағаштың арасында Абақай қыраты деген белес бар. Абақай сөзінің мағынасы көп уақыттан бері түсініксіз болып келді. Жергілікті қазақтар Абақай деген қалмақ ханы қызының аты деді. Абылай ауылының байырғы тұрғыны, қарт мұғалім Тоқан Көбеневтың айтуынша: «Абақайдың арғы жағында тас оба бар, ол жерге қалмақ ханның қызы жерленген, қазынасымен көмілген, біреу тиіссе күн бұзылады, тиіскен адамға бір жамандық болады»-деген еді [4, 31 б.]. Қазақ баласы исламға дейінгі дәуірді, яғни ислам дінін қабылдамаған ескілікті заманды «қалмақ», көне ескерткіштерін «қалмақ обасы» дейді, шын мәнінде олар сақ-ғұн дәуірінен қалған ескерткіштер.

«Абақай» сөзінің түпкі мағынасы Әнуар Болатханұлының зерттеп түсіндіруі бойынша: «Абақай (Абақ хан). Абақай хан Шыңғысханның ұлы Төленің немересі Хүләгүдән туған шөбересі, ол араб-парсы өңірін билеген, Құбылай тағайындаған хан еді. Ол өз өмірінде Буддаға жан басып, Тибеттік Будда діні бағытын ұстанған. Тарихи деректерде «Абақай» сөзінің мағынасы Моғол (Моңғол) тілінде кіші әке, әке дегенді білдіреді» - деп жазылған [5, 57 б.].

Сонымен негізгі біздің дәлеліміз, Абақай сөзі «ата (үлкен) жылан» қыраты дегенді білдіреді. Бұл тұрғыдан осы маңға таяу тағы да бір елді- мекеннің Ұрымқай аталатынын еске алған ләзім. Мысалы: Ұрым - қазақ тілінде Рим сөзінің баламасы ретінде қолданылады, оның бір дәлелі «Ұлың- ұрымға, қызың - Қырымға» деген сөз [5, 45 б.]. Қазақ ертеде Ұрым деп қазіргі Түркия иелігіндегі жерлерді де атай берген. Сонымен бірге Ұрымқай сөзі саха (якут) халқының өзіндік атауларының бірі (эндоэтноним) Ұраңқай сөзін де еске түсіреді. Оларға көрші жатқан туба халқы да өздерін Ұранқай деп атайтынын көпшілік білсе керек. Бұл сөздің түпкі мағынасы қызыл болуға тиісті. Абақай атауы ерте заманда туған көне атаулардың бірі болып саналады. Сонымен Абақай қыраты бірден-бір тарихи оқиғаның куәсі ғана емес, кейіпкері десек те болғандай. Ары қарай «Ақтабан Шұбырындыдан» кейінгі ауыр заманда Сарарқаға келген Қызай аталары қазір қазақ баласы астана етіп ту көтерген Қара өткелден Бурабайға дейінгі жерді қоныс қылды деген деректер бар.

